

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

1 2009
16610 к

Жанұзақ Т.

ҚАЗАҚ ОНАМАСТИКАСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Т. Жанұзақ

**Қазақ
ономастикасы**

**Павлодар
2008**

УДК 81.22
ББК 81.2-3
Ж 27

Сериясы 2008 ж. негізделген

БАС РЕДАКТОР

Арын Е. М.

ҚҰРАСТЫРУШЫ, ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Құдабаев А. Ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айтбаев Ө., Әбілқасымов Б., Жанпейісов Е., Жанұзақов Т., Жүнісбеков Ә., Қалиев Ғ., Қайдар Ә., Құсайынов К., Нақысбсков О., Оралбаева Н., Сайрамбаев Т., Сарыбаев Ш., Сарбалаев Ж., Серғалиев М., Сыздық Р., Хасанов Б.

Жанұзақ Т.

Ж 27 Қазақ ономастикасы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2008, – 240 бет

ISBN 9965-842-52-3

Бұл кітапта топонимика бойынша қазақ және орыс тілінде жазған зерттеулер сніп отыр. Осы кітап зиялы қауымға, ғалымдарға, аспиранттарға, қазақ тіл білімін терең білгісі келетін жалпы көпшілікке арналады.

Еңбек материалдары автор еңбегінің негізінде алынды

ББК 81.2-3

Ж $\frac{4602020400}{00(05)-08}$

ISBN 9965-842-52-3

© Жанұзақ Т., 2008

© Құрастырушы А.Ж.Құдабаев,
С. Торайғыров ат. ПМУ 2008

АЛҒЫ СӨЗ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ – қазақ тілінің әр жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамын, грамматикалық құрылымы) мен салаларын (фонетика, лексикология, грамматика) олардың дамуын, өз ара байланысын, ішкі заңдылықтарын жан-жақты зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі – саяси, ғылыми көркем әдебиет, публицистика, күнделікті радио мен телевизия хабарларында қолданылып жүрген Қазақстан республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі тұрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы тұрғысынан алып қарағанда, шығып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, жаңа әдістерді қолдану, ғылыми проблемаларды шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда алдыңғы қатарға шықты.

Тіл білімінің жаңа саласы статистика, қолданбалы лингвистика әдістерін түркология ғылымында алғаш қолданған да Қазақстан ғалымдары болатын.

Бүгінгі кезде ұлттық тілге деген сұраныстың көптігіне байланысты осы еңбекті шығару ісі қолға алынды.

Сіздердің қолдарыңызға тиген «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты сериялық басылым ұлттық тілдің дамуына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін белгілі жүйемен топтастыруды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімі антологиясының басты мақсаты – классикалық үлгідегі жазылған ғылыми еңбектердің, тілдік зерттеулердің, ғылыми ой-тұжырымдардың көрсеткішін кейінгі жас ғалымдарға, ұрпағымызға үлгі ету. Талдаудың, пайымдаудың, дәлелдеудің сан қырлы тәсілдеріне бойлатудың нақты мүмкіндігін ұсыну.

Қай елдің болмасын рухани мұрасын танып – талдаудың, бағалаудың ғылыми қалыптасқан шарттары бар. Мұндағы

ғылыми ізденістер осы талаптардың биігінен көріне алған. Қазақ тіл ғылымындағы жетекші ойлар – тіл салаларының барлық бастау көзінің бұлағы.

Бұл антологияны құрайтын ғалымдардың еңбектері қазіргі кезде кітапханалардың сирек қорларында өте аз әрі санаулы болғандықтан және кейбіреулері тіпті жетіспейтіндіктен қайта жинақтап, жариялату ісі қолға алынды.

Редақциядан

ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ, ПАЙДА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

Кең-байтақ, ұланғайыр жеріміздегі жүздеген, мыңдаған жер-су аттары (топонимдер) ғасырлар жәдігері, мәдениетіміз бен тарихымыздың құнды қазына байлығы деп айта аламыз.

Тек қана өзен аты 85 мың болса, көл аттары 50 мыңның үстінде. Олардың ең ірілері: *Балқаш, Алакөл, Сасықкөл, Теңіз, Марқакөл, Зайсан, Шалқар, Индер, Қарасор, Шортанды, Шабақты, Үлкен Шабақты, Бурабай, Сілеті теңіз, Құсмұрын, Шағалалы теңіз, Үлкен Қараой, Сарықона, Арыс, Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Кеңгір* т.б.. Ал қалалар мен кенттер, ауыл, село атауларымен қатар физика-географиялық атаулардың шамадан тыс мол екені баршаға аян.

Топонимдердің (жер-су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады.

Жеріміздегі мыңдаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсуі бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің куәсі, біздің заманға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Қазіргі қазақ жерінде сан қилы тарихи оқиғалардың болып өткені, бұл қасиетті де, құдыретті жерімізді талай ұлыс, тайпа, ел, халықтың жерлеп, мемлекет құрып ғұмыр кешкендігі тарихтан мәлім.

Біздің дәуірімізден бұрынғы VII-IV ғасырларды қазақ жерінде сақтар өмір сүріп, тарихта із тастағаны, ал III-II ғ. қаңлылар, II-I ғасырларда Іле бойындағы сақтар мен оғуздерді ығыстырып, үйсін мемлекетінің өмір сүргені, жыл санауымыздың I ғасырынан, қытай жазбаларының көрсетуінде, қыпшақтардың, алшын, дайлардың болуы, V ғасырдан арғын тайпасының,

VIII ғасырдан Найман, Керей, Қонырат, Жалайыр тайпаларының шығыс өлкемізді, 12 ата байұлының батыс аймағымызды мекендегені араб, батыс және қытай, грек ғалымдарының еңбектерінен олардың жылнамаларынан белгілі.

VI-VIII ғасырларда Іле бойында Батыс түрік қағанатының астанасы болғандығы, ал VIII-X ғасырларда Қарлұқ мемлекеті, одан соң оғұздардың IX-XII ғ.ғ. өмір сүргені, XI-XII ғ.ғ. Қимақтар мен Қыпшақтарды», XIII-XIV ғ. Моңғол үстемдігі, XIII-XIV ғ. қыпшақ бірлестігі, яғни Дешт-и қыпшақ, кейіннен Жетісу, Талас өңірлерінің Моғол мемлекеті қол астында болуы мыңдаған жер-су аттары арқылы өз іздерін қалдырып отыр. Бұл атаулардың ішінде тарихқа дейінгі, яғни біздің дәуірімізге дейінгі жер-су аттары мен орта ғасыр, ортағасырлық көне атаулар көптеп кездеседі.

Б.д. дейінгі гидронимдер мен оронимдер: а) теңіз аттары: *Каспий теңізі, Арал теңізі*; ә) өзен аттары: *Арыс, Талас, Ертіс, Есіл, Іле, Елек, Кеңгір, Шу*; ә) тау аттары: *Алтай, Хантәңірі, Қаратау, Қазығұрт, Қарқара, Қарқаралы, Күршім, Тарбағатай, Маңырақ* т.б.

Ерте орта ғасырға тән жер-су аттары:

Тараз, Екіөгіз, Қиялық, Суяб, Сығынақ, Сауран, Орал, Талкиз (Талгар), Сарыг, Кермен, Кеи, Торғай т.т.

Ортағасырлық жер-су аттары:

Құлан, Отырар, Созақ, Сайрам, Сүткент, Жайық, Теке, Аспара, Шымкент, Түркістан т.т.

Жоғарыда көрсетілген жер-су аттарының мағыналары қазіргі тіліміздің лексика-морфологиялық табиғаты жағынан түсінікті, әрі мағынасы айқын сияқты көрінеді. Мәселен, *Алакөл* – “ала-кұла көл”, *Хантәңірі* – “тәңірі хан”, *Қаратау* – “қарайып жатқан тау”, *Ұлытау* – “үлкен тау” т.т. Алайда бұлайша таллап, түсіну үстірт, жеңіл қарау болар еді. Өйткені ондай ескі, көне атаулар қазіргі түркі тілдерінің лексикалық әрі фоно-морфологиялық заңдылығына бағына бермейді.

Сондықтан ондай атауларды тарихи-салыстырмалы және тарихи-топологиялық жолмен зерттеу нәтижелі болмақ.

Жазба деректер мен археологиялық қазба материалдар – өткен дәуірдің орта ғасырында қазақ жерінде тұрақтар мен елді мекен және қала, қалашықтардың көп болғанын растап отыр. Оның негізгі себебін Орта Азия халықтары өмірінде көшпенділікпен қатар отырықшылықтың да болғаны кеңінен дәлелдей түседі.

Тарихшылардың баяндауынша: “Отырықшылдық пен қала өмірінің даму қарқыны қазақтың барлық жерінде бірдей болмайды. Сырдария мен Талас, Шудың оңтүстік аудандарында қалалардың дамуы әсіресе V-VIII ғасырда үдей бастайды” (1.107).

Қазақстанның көне дәуір қалаларының аттарын зерттеу, лингвистикалық тұрғыдан талдаудың тарихи-географиялық әрі этнографиялық мәні мен маңызы аса зор.

Қазақстан тарихында “X-XII ғасырлардағы ортағасырлық қалалар мен кенттердің қалыптасу жайы толық сипатталған. Қазақстанның ұланғайыр даласы бірнеше табиғи-шаруашылық зонаға бөлініп қаралады. Олардың әрқайсысындағы қала тірлігінің, оның тарихының өзіндік ерекшеліктері болғаны да тарихымызда жете айтылған” (2. 1972, 205).

Соңғы жылдары Қазақстан археологтары көне қалалардың орындарында қазба жұмыстарын жүргізіп, қорған аумағындағы қалалар мен қалашықтардың аумақтары мен жер көлемдерін анықтады. Мәселен, Тараз қаласының аумағы 6,5 гектар болса, Отырар 20, Құлан 12, Талғар 9 гектар жерге орналасқан. Қазақстандағы Ерте ортағасырлық және ортағасырлық қалалар әсіресе Батыс түркі қағанаты заманында (VI-VIII ғ.ғ.), Қармұқтар үстемдігі кезінде (VIII-X ғ.ғ.), Оғуздар мемлекеті тұсында (IX-XII ғ.ғ.), Қимақтар мен қыпшақтар дәуірінде (VIII-XII ғ.ғ.) көптеп салынып, ерекше гүлденгені белгілі.

Қазақстан топонимдері ерте заман оқымыстылар: Геродот, Страбон, Птолемей, Марко Поло, Земарх Клиний еңбектерінде, сондай-ақ саяхатшылар мен әртүрлі елдердің елшілерінің (Плано Карпини, Андре Лонжомо, Вильгельм де Рубрук) жазбаларында біраз кездеседі. Әсіресе Х-ХІІ ғасырлардағы араб саяхатшылары мен ғылымдарының еңбектерінде жер-су аттарының көптеп кездесетінін Ибн-Хордазбек, Ибн-Хаукал, Әл-Махдуси, Әл-Масуди, Әл-Идриси еңбектерінен анық көреміз.

“Худуд-ал-алам” мағлұматы бойынша *Қарлұқтар* билігі кезінде 25 тен аса қала мен елді мекендердің болғаны, олардың ішінде: *Құлан, Мерке, Амлалық, Тузун, Балығ, Барсхан, Сикүл, Талғар, Тоң, Пенгүл* сияқты қалалардың аттары аталатынын оқимыз.

XI ғ. авторы ал-Идриси “Нұзхат ал-Муштак” атты еңбегінде қимақ хандарының 16 қаласының атын атайды да, оның 12 қаласы қимақтардың тұрған жері, яғни Гамаш өзені алабында Хоған астанасымен бір жерде орналасқан деп көрсетеді.

Бұл мәліметтерден қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларының өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, қарақалпақ т.б. халықтарының қалыптасуына тікелей жер еткенін байқаймыз. Қарлұқтар мен оғыз, қыпшақ тайпаларының өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен, қарақалпақ т.б. халықтарының қалыптасуына тікелей әсер еткенін байқаймыз. Қарлұқтар мен оғуз, қыпшақ, сондай-ақ, көне үйсін, қаңлы этнонимдерінің қазақ тайпалары мен руларында сақталып отырғаны бұған дәлел. Осымен байланысты ерте орта ғасыр мен орта ғасырдағы қала аттарының тілдік сипаты жағынан қайсы халыққа тәндігін анықтау – қазіргі түркі тілдері үшін, сол тілде сөйлейтін халықтар үшін аса маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстанның көне топонимдері тарихи лексика материалдары ретінде де аса құнды да бағалы. Әсіресе қазіргі республика аумағында замандар бойы түрлі этникалық топтардың өмір

сүргендігін, ал ономастикалық материалдар олардың тілдерінің қалдықтары ретінде біздің заманымызға жеткендігін, сол тілдердің құпия сырларын ашуға септігін тигізетін аса зор деректер боп саналатынын анық көреміз.

Тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық және құрылымдық-морфологиялық әдістерді қолдана зерттеу нәтижесінде көне топонимдердің тілдік табиғатын, қайсы тілге тәндігін анықтай аламыз.

Қазақстан топонимдерін талдау барысында олардың бірнеше хронологиялық дәуірге тәндігін байқаймыз.

1. БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗГЕ ДЕЙІНГІ ТОПОНИМДЕР

Қазіргі топонимдер құрамында қазақ тілі материалы тұрғысынан талдауға көнбейтін, әдеби тіл нормасында жоқ лексикалық қабаттар жиі ұшырайды. Ондай топонимдердің кейбіреулері тарих атасы Геродот Страбон (4. 1927), К. Птолемей т.б. кездесе, басқалары V-VIII ғ.ғ. көне түркі жазба ескерткіштерінде, енді біреулері біздің дәуірімізден бұрынғы үйсін, қаңлы тілдеріне тән болып келеді. Бұндай атаулар Қытай халқының “Ханнама. Үйсіндер тарауы”, “Тарихнама” сияқты атақты тарихи ескерткіштерінде бар. Ресейдің Жоңғутану ғылымының негізін қалаушы синолог-ғалым Я.Бичуриннің “Орта Азия байырғы ұлттарының тарихи материалдары” атты белгілі еңбегі, француз тарихшысы Хоутема “Ханнама” мен “Тарихнамадағы” Батыс өңірлерін аударып, ондағы ономастикалық материалдары көрсетсе, Жапон оқымыстысы Ушида Канпу т.б. ғалымдар бірге отырып, Жоңғу тарихи кітаптарындағы Батыс өңір тарауларын аударып, түсінік жасап, баспадан шығарды (2 томдық еңбек). Міне осылардың бәрінде де түркі атаулары, оның ішіндегі қазіргі қазақ халқын құрап отырған ірі тайпалар: үйсін, қаңлы, қыпшақтар туралы, оларға тән ономастикалық материалдар көптеп келтіріледі.

Біздің дәуірімізге дейінгі топонимдердің көпшілігі тау, теңіз, өзен, көл атаулары болса, кейбіреулері қала аттары ретінде ұшырайды. Мәселен, *Алтай, Хантәңірі, Қаратау, Қазығұрт, Ұлытау, Алатау, Каспий теңізі, Арал теңізі, Балқаш көлі (бұрын теңіз аталған), Ертіс, Арыс, Талас, Іле, Есіл, Сырдария, Ойыл, Қиыл, Тобыл, Жайық, Ембі (Жем), Хантәңірі, Талғар, Шығу, (Чегу), Тараз* т.б.

Каспий теңізінің атауы біздің дәуірімізден бұрынғы II ғ. Орта және Солтүстік Закавказьяда *Кас елі*, Мемлекеті ретінде, ол осы дәуірде албандар басып алып, ассимиляциялаған халық аты ретінде кездескен (БСЭ, т. 20, 324). Көрнекті грек географы Страбон албандардың басып алған жерінде *Каспийан* мемлекетінің болғандығын, бұл мемлекет пен теңізге қазіргі кезде жоқ болған Каспи деген халық атының қойылғанын айтқан (5. 476).

Тарихшы С.В.Юшков болжамы бойынша: “в VII-IV в.в. до н.э. территорию Запада Туркменистана и регион Эмби Казахстана населяли племена *Каспи*, по хозяйственно-бытовой деятельности схожие со скифами-саками и, по-видимому, являющиеся одним из их разветвлений, и что от Каспов, длительное время проживавших на этой территории, получило название Каспийское море” (6. 148).

П.В. Жило бұл теңіздің 70 м. аса аты болғанын көрсетсе (7. 1960), Х.Хасанов (8.7) тағы да 10 атауын анықтады (65).

Бұдан 3300-3500 жыл шамасы бұрын жазылған “Авеста” атты діни кітапта теңіздің бізге мәлім емес, ең алғашқы аты *Воуру Каши* екен, ол орта пехлеви тілінде “ең жоғары” деген мағынаны білдірген (П.В. Жило). Каспий теңізінің ең алғашқы атауларының бірі *Гирхан* болған. Бұдан басқа да *Албан, Хвалын, Гуржи, Гирхан, Огуз, Хазар, Табарыстан, Дейлем, Дербент, Түрікмен, Маңғышлақ, Гүлзум, Ақ, Көк, Гуз, Қытшақ, Қара теңіз, Сарай, Хиуа* тәрізді атаулары болғаны тарихтан мәлім. Бұлардың көбісі теңіз жағасында тұрған тайпалар мен

қалалардың аттары. Өзербайжан, Түрікмен, Иран классикалық әдебиеттерінде бұл теңіз Хазар деген атымен белгілі (Хазар-түркі халқының аты).

В.А. Никонов теңізге *Айдархан* (яғни Астрахань), *Құзғынтеңіз* (құзғын – “қарға”), Гапы (Хапужскал) деген аттардың қойылғандығын айтады (9. 182).

Каспий теңізі атауы екі компоненттен тұрады. Оның *Кас* компоненті осы теңізді иемденген ерте замандағы сақ-скифтердің бір тармағы *Кас* тайпасы, мүмкін халқының аты болуы керек. Ал екінші компоненті түркі-монғол, тұңғыс-манчжур тілдеріне тән дербес мағыналы жеке лексика болса керек. Оны тарихи-салыстырмалы және салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан қарастырсақ: орочин тілінде *bija* “өзен, көл”, эвенкі *bizd* “өзен”, самоед ба “өзен”. Қазақстанның Алматы облысы Ақсу ауданында Биен (Бүйен) атты өзен бар. Оның бірінші сыңарындағы би сөзі осы *bija*, *bizd*, *ba/ба* сөздерімен төркіндес екенін байқаймыз. Бұл айтылғандарды басқа да тілдер материалдары толықтыра түседі. Мәселен, Самоди тілінде *би(бу)* – “өзен”, Негидальд тілінде *dija* – “өзен”, “бастау”. Басқа елдер топонимдерінде осы сөз арқылы жасалған гидронимдік атаулар: *Бия* – Об өзенінің бір тармағы, *Бий-Хем* – Енесей өзенінің бір тармағы, *Большая Бира* и *Малая Бира* – Амурдың сол жақ тарауы (Э. Мурзаев. Словарь народных географических терминов. 1984, с. 84-85-86). Демек, Каспий атауының екінші компонентіндегі *ни-ний* сөзін жоғарыда айтылған *би*, *bija*, *бира* сөздерінің қатаң *n* дыбысымен айтылған “өзен”, “көл” мәніндегі көне формасы деп білеміз. Олай болса, Каспий теңізі “Кас тайпасының (халқының) “көлі” дегенге саяды. Ол басында суы шағын көл атанғанман бара-бара, суы молайып, көлем, алабы да ұлғайып теңіз болғанға ұқсайды.

Арал теңізі жазба деректерде біздің дәуірімізден бұрынғы III ғ. *Оксин* теңізі аталыпты. Рим ғалымдары Страбон мен Птолемей осы *Оксин* теңізі туралы өз жазбаларында мағлұматтар

қалдырған. Клавдий Птолемей “Алмагеста” атты еңбегінің 22-картасында Арал және Каспий теңіздерін көрсеткен. Жаңа дәуірден 138 жыл бұрын Қытай империясының елшісі Чжан Кянь: “Кан-гюй мемлекеті үлкен теңіздің жағасында. Бұл солтүстік теңізі Арал” – деп жазған екен. Бұл көрсетілген мезгілде Кан-гюй мемлекеті үлкен теңіздің жағалауында болғаны байқалады. Көрсетілген уақытқа Кангюй мемлекеті қазіргі Ферғана облсынан Ауғанстанға дейінгі жерді иемденген. Арал теңізінің Көне Сарматтың бір тармағы ретінде танымал болғаны тарихи деректерден белгілі.

Кайнозой дәуірінде Арал теңізі Каспий теңізімен жалғасыпты. Ерте дәуірде Амударья (Оксус) Каспий теңізіне құйса, Торғай өзені Арал теңізіне құйыпты. Арал теңізінің де бірнеше аты болған. Ол туралы әрбір мемлекет саяхатшыларының жазбаларында айтылған. Мәселен, Ибн-Хордадбектің мәліметі бойынша Арал теңізі 865 ж. *Курдер* аталса, Әл-Масуди 943 ж. өз еңбегінде оны *Курджани* деп, Әл-Истахри 961 ж. *Казбин*, Әл-Хафизидің 1339 ж. *Абруда* десе, Бекрон XIII ғ. оны *Женут* деп жазған. Біздің пікірімізше, Арал атауы *ар* және *ал* деген дербес екі компоненттен құралған. Бірсыпыра зерттеушілер оны орал-алтай тобындағы тілдерге тән деп қарайды. А.К. Матвеев оны венгер тіліндегі *ар/ер* – “тасқын”, “өзен ағысы” деп жазса, Е.И. Рамбендеева ол атауды Мансий тіліне тән *ара* – “өзен” дейді. Ар тұлғалы топотерминнің көптеген түркі тілдерінде бары аян: өзб. *орол*, шор. *аргы* – “арал”, “өзен қолтығы”, тув. *арыг* – “су жағасындағы бұта”, як. *арал* – “өзен алабы”, *арыг* – “арал, ағаш арасындағы алаң, шабындық”, хак. *арыг* – “тоғай, өзен тармағы, тарамы”. Бұл терминдер топоним ретінде де қолданысқа түсіп отырған. Мәселен, қаз. *Арал* (теңізі), *Арыс*, *Арғанаты*, башқ. *Ар-Танап* өзенінің оң жақ тармағы, *Эри-Буй* өзенінің тармағы, як. *Арыы* – “арал”, *Улу Арыы* – “үлкен арал”, *Уон Арыы* – “он арал” т.б.

Бұл айтылғандарды жинақтай келгенде, Арал гидронимінің мағынасы: “су, өзен, көл, бастау”, “арал, өзен, көл аралы” дегендер қосымша мағыналар, ал тіліміздегі *Арал* өзінің тура мағынасындағы сөз.

Сырдария өзені жазба деректерде біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда, біздің дәуіріміздің IV ғасырында Скиф тілінде *Силлис* аталса, VI-VIII ғасырларда грекше *Яксарт* (түріктің Касарт дегенінен өзгерген), кейінірек VIII-X ғасырларда, Қарлықтарды үстемдігі кезінде *Сейхун*, одан бұрынырақ Александр Македонский жауынгерлері оны *Танаид* атанған. Бұл атау скифтің “Дон” – “өзен” атауының көшірмесі (калькасы) еді.

Бұл өзен Шығыс Қазақстан облысының Өскемен, Семей қалаларын және Павлодар облысының Павлодар қаласын басып өтіп Тобылға, одан барып Об өзеніне құяды. XI ғ. Махмуд Қашқари еңбегінде ол *Эртиш* тұлғасында беріледі де “Йамак даласында ағатын өзен аты” – деп түсінік береді. Оның тура мағынасы “Қане, жарысып көр, кім озар екен” деп көрсетеді. Э.М.Мурзаев бұл мағыналарды халық аңызы деп қарайды да мұндай ұқсас гидронимдер көп кездеседі деп: *Иртыш, Ырғыз, Иркут, Иірсу, Иіркөл* т.б. атауларды мысалға келтіреді.

В.П.Семенов Ертіс атауының мағынасын басқаша түсіндіреді. А.Д. Дульзон пікірінше: “Ертіс Кет сөзі, оны моңғолдар өз тілдеріне Эрчис, Ирчис тұлғасына өзгертіп қабылдаған, яғни кет тіліндегі *Ирчис, Ирчис* мұндағы *сес, қис* – “өзен” деп қарайды (10.98).

Қазіргі Тяньшань тауы аталып жүрген тау аты ерте заманда *Үйсін тауы* аталғаны тарихи деректерде бар жайт. Таудың біздің дәуірімізден бұрынғы II-I ғасырларда өмір сүрген үйсін тайпасының атымен аталуының да өзіндік сыры мен себебі бар. Ерте заманда Қытайдың қазіргі Синьцзян жерін Хыши Коридорына дейін үйсіндер иемденген болса, біздің дәуіріміздің I ғасырынан бастап Іле өзенінің оңтүстік батысын, Күнгей алатауды үйсіндер өз жері етіп, мемлекеттік тұтастығының

негізін құрған. Бұл жайт Қытайдың “Ханнама” және “Тарихнама” ескерткішіндегі “Үйсіндер туралы” тарауында толық баяндалған. Оны соңғы жылдары үйсін қабырларын зерттеген, үйсін мәдениетін археологиялық қазбалар негізінде анықтаған Қытай және Қазақстан археологтары жазып отыр.

Қытай жылнамаларындағы үйсін сөздері мен жер-су, адам аттарын оқып, талдаған ресейдің тұңғыш синологы Я. Бичурин.

Оның баяндауынша, мына сөздер мен жер-су, адам аттары үйсін тіліне тән. Олар: *Даган, Чаян, Темірлік, Күңгел, Нарын, Долос, Талас, Қарқара, Ақсай* (жер-су аттары), *Күнбег, Унгебай, Чиригбай, Эршақ, Еркін, Нәнди, Оңқа* (кісі аттары), *бури, ақа, жосы, аран, ши, сойыс, тау, нор-жалпы* есімдер. Ал *Үйсін тауы* атауындағы *үйсін* этнонимінің этимологиясы жайлы Н.Я. Бичурин, Ш. Уәлиханов, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Н.В. Кюнер, Б.Г. Гафуров, Ю.А. Зуев т.б. ғалымдар әрқилы пікір айтты. Соңғы кезде Шынжаң музейінде түркі тілдерін зерттеумен шұғылданып жүрген Ыслапыр ұлты (үйғыр) азаматтың айтуынша: “Түрік тілінде “*үді*”, “*үйді*” деген түбір сөзді” “*ұйыған*”, “*қатқан*”, “*еріп жүрген*” деген сияқты мағынасы бар екен. Оның ауыспалы мағынасы “*ынтымақтасу*”, “*бірлесу*” деген сөздерге саяды екен. Үйсін үшінші жақтық бұйрық райлы қосымша, фонетикалық үндестік бойынша *idi+sun – uy(i)sun – uysun* <*үйсін* болып өзгерген. Ал үйсін сөзі дыбыстық аударма бойынша қытайша – (қытай жазу нұсқасына сай) жазылған. Сондықтан олар бұл атаудың мағынасын “*ынтымақтасу*”, “*бірлесу*” деген сөздерге қатысты болу керек (11. 97.98) дейді.

Біздің байқауымызша, *Үйсін* атауы екі сөзден бірігіп жасалған. Оның бірінші компоненті *үй(уй, ой)*, екінші компоненті *сін(сын)*. Үй сөзі ой сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген тұлғасы болса керек. *Ой>үй>үй*. Былайша *ойғыр>үйғыр, оймауыт, ойрат, ойсын* деген атаулардағы *ой* сөзі “*ойпаң, ойлауыт*”, “*ойдым*” деген мағынадан гөрі “*орман*”, “*тоғай*” мәніне бейім. Үйсін атауының екінші компоненті *сін* (варианты *сін*)

қосымша деуден гөрі жеке мағыналы түбір сөз деп қараудың реті бар сияқты. Бұл сөздің түркі, монғол, тұңғыс-манчжур тілдерінде түрлі дыбыстық тұлғада айтылып, “халық”, “тайпа” деген мағынаны білдіретінін көреміз. Мәселен, монғ. бур. *зон* – “халық”, “ел”, тұңғыс-манж. *зон* – “халық”, якут *зон* – “халық”, “тайпа”, тува *чон* – “халық”, “тайпа”, чув. *сын//шын* – “адамдар”, “халық”. V-VIII ғ. көне түркі жазба ескерткіштеріндегі *бундун* этнонимінің *дун* (*дьон*) компонентін Н.К. Антонов “халық”, “адам” деген мағынадағы жеке, дербес сөз деп таниды да: “Нам кажется, – писал он по этому поводу, – что тюрко-монгольское *йон*, *дьон*, *чон*, *сын* можно бы сравнить еще с Хуннским *жун*, имевшим по-видимому значение “народ, люди, племя” (12.12).

Жоғарыда айтылған пікірлерге қарағанда, *үйсін* этнонимінің екінші компонентіндегі *сін* (*сын*) сөзі шығу тегі жағынан *зон* (*дьон*, *йон*, *шын*, *сын*, *чон*, *жун*) сөздерімен тікелей байланысты. Оның фонетикалық тұрғыдан өзгеру құбылысы әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Бұл сөздің дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түсуі, біздіңше, дыбыстардың алмасуымен байланысты екені байқалады. Яғни *з//д//й//ж//ч//с* немесе *з/ж/д/й/ч/у/с*. Салыстырмалы әрі салғастырмалы типологиялық тұрғыдан талдай келіп, *үйсін~ойсын~үйсын* этнонимін “орман халқы, орман адамдары” деген мағынаға жуық болар деп жорамалдаймыз.

2. ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР

Қазіргі Қазақстан Республикасының жерінде ерте орта ғасырда кімдер, қандай тайпа, ру, ұлыстар мен елдер өмір сүріп, тіршілік еткені, ол кездегі топонимдер жайлы Қазақстан тарихында толық әрі жан-жақты айтылса (1.1997), археологтар еңбектерінде сол кездегі қалалар, замандар табына орай жер астында қалған, қирап бөлінген, кейіннен қазба жұмыстары нәтижесінде аршылып, анықталған қала аттары белгілі болды (2.1998).

Ерте Ортағасырлық тайпалар мен рулар және сол кездегі қалалар мен тұрақтар, өзен, көл, тау тағы да басқа жер атаулары XI ғ. әйгілі ғалым Махмұт Қашқари еңбегінде және оның қалдырған географиялық картасында берілген (3.1960, 1961, 1963). Ол замандарда Жетісу өлкесін және Оңтүстік аймақты батыс түркі қағанаты билеп, орталығы Суяб қаласы атанса, Шығыста Қарлұқтар, Оңтүстікте Қараханидтер, одан соң Оғұздар, Солтүстік-Шығыста Қимақтар мен Қыпшақтар өмір сүрді. Бұл жайттар және ол кездегі топонимдер жайлы толық деректер А. Әбдірахманов (4. 1975), Қ. Рысбергенова зерттеулерінде барынша толық баяндалып, көптеген топонимдердің мән-мағыналары мен сыр-сипаттары көрсетілді (5.2000).

Орталық Қазақстанның ерте орта ғасырдағы ру, тайпаларының шығу, пайда болу тарихын, атаулардың таралу шегін анықтау, салыстыру, оларды археологиялық тұрғыдан зерттеу мәселелері мен академик Ә.Х. Марғұлан көп шұғылданып іргелі еңбектер жазса (6. 1978, 1979), Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасу тарихы А. Әбдірахманов зерттеулерінде де біршама қарастырылды (7. 1989).

А. Жартыбаев, Омарбекова А.С., Бектасова Б.К. зерттеулерінде Қарағанды, Ұлытау, Торғай, Қостанай аймақтарындағы топонимдердің құрамы мен құрылысы ғылыми тұрғыдан өз шешімін тапты (8.1991).

Атырау, Батыс Қазақстан өлкелерінде орта ғасырда өмір сүрген тайпалар. олардың тілі мен жер-су аттары да М. Қожанов (9.1989), Ұ. Ержанов (10.2001) еңбектерінде, Шығыс Қазақстандағы арғын, найман, керей тайпаларының орта ғасырдағы қоныстануы мен таралу шегі, бұл өлкелердегі топонимдердің пайда болу тарихы мен шығу тегі, сыр-сипаттары мен этимологиясы А. Әлімхан (11.2000), Б. Бияров (12.2002) зерттеулерінде біршама қамтылды.

Ерте ортағасырлық топонимдер (қала, кент, өзен, көл, тау атаулары) осы еңбектің ”Топонимдер этимологиясы” атты

бөлімінде беріліп отырғандықтан бұл арада жеке-жеке талдан жатуды жөн санамадық.

Жазба деректерге сүйене жасалған V-VIII ғасырларда картада Қазақстан территориясын мекендеген түрік тайпаларының орналасу кестесі көрсетілген. Бұл кестеде Суяб қаласынан басқа Испиджаб Тарбан (Отрар), Тараз, Шаш қалалары және Оксус, Яксарт (Сырдария) өзендері, Хорезм көлі (Арал теңізі), батыста Гирхан теңізі (Каспий теңізі) көрсетілген.

Батыс түрік қағанаты сақынадан кеткен соң түргештер келеді де VI ғасырдан Шу-Іле аралығына үстемдік жүргізіп, бүкіл Жетісу өлкесін иемденеді.

Оның Шу бойындағы астанасын Суяб қаласына көшіріп, оны үлкен орталық атағаны мәлім. Күнгіт қаласында кіші астанасы болады. Күнгіт және сол аттас тайпа Іле алабында тұрған. Түргеш қағанаты көп өмір сүре қоймады. Арада 62 жыл өткен соң 756 ж. оны түркі тілді Қарлық тайпасы жеңіп, тарихи сақынадан кетірді.

Сонымен VIII ғ. екінші жартысынан Қазақстан территориясында Қарлық мемлекетінің негізі құрылады. Бірақ 812 ж. Ұйғырлар Қарлықтарды жеңіп өз үстемдігін орнатады. 840 ж. Ұйғырларды Қырғыздар жеңген соң Қарлықтар қайтадан бас көтеріп, өз әлінше әрекет жасалғанмен 940 ж. олар иемденген Баласағұн қаласын Қараханидтер басып алып, Шу өлкесінде өз үстемдігін жүргізген соң Қарлықтар Жетісуға ие болып, Қаялық қаласын орталық етеді. Арабтардың оңтүстік Қазақстанға шабуылмен келіп, Испиджаб қаласын басып алуы 714 ж. болса, одан ары Жетісуға Ислам дінін дамытады.

Қазақстан жерінде X ғасырдан өмір сүре бастаған оғуздар 22 тайпадан тұрған. М. Қашқаридың "Диван лұғат ат-түрк" атты сөздігінде оғуз тайпаларының аттары аталады. Олар: *Қынық, байындыр, ива, салур, афшар, бектілі, букууз, баят, язгыр, имур, Қарабұлақ, Алқабұлақ, игдір, үрегір, тұтырқа, ұлайондулдуг, түгер, жебни, бәжене, жуалдар, жаруклуг.*

Оғуздар Батыс Қазақстан мен Сырдария алабында, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өлкесінде көп болған. X ғ. Оғуз мемлекетінің астанасы *Янгикент* болды, кейде оны *Жаңа Гузия* деп те атаған. Оның *байындыр*, *имур* және *қан* атты тайпалары *Об* пен *Ертіс* аралығында өмір сүрді.

Оғуздар Сырдария өзені бойында *Женд*, *Янгикент*, *Хора* қалаларында, *Арал*, *Каспий* теңіздерінің Кең жазира далаларында, *Мұғалжар тауы* мен *Ойыл*, *Ырғыз*, *Ембі (Жем)* өзендері бойында көшіп-қонып жүрді. Мұғалжар жондарында оғуздардың *Нуджақ*, *Бадағақ* атты қорған-бекіністері, ал Оңтүстік Оралда – *Даранда (Дендер)* және *Дарқу* деген шағын бекіністері болды.

Тарихи-географиялық деректерде Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарында қимақтар мен қыпшақтардың VIII-XI ғасырларда мекендегені баяндалады. Қыпшақтар мен Қимақтардың туыстығы біздің дәуірімізге дейінгі III ғ. басталғаны А.Н. Бернштам еңбегінде айтылса, қыпшақ этнонимі, ұйғыр ханы Баян Чорға арналған VIII ғ. ортасындағы руникалық тексте аталады. М.Қашқари "Йемаки (Имаки) және қыпшақтар бір тілде сөйлейді, бірақ қыпшақтар өздерін қимақпен бір деп есептемейді, бөлек тайпа деп санайды", – деп көрсеткен.

Араб географы Әл-Идриси "Нузхат ал-Муштах" деген XI ғасырдағы еңбегінде қимақтардың қалалары мен тұрақтары туралы құнды деректер береді. Ол: "Қимақ хандарының қалалары он алты" деген мәліметті жалғастыра келіп, сол кездегі мемлекеттер мен ірі тайпалардың аттарын және жер-су аттарының картасын жасаған.

Ерте ортағасырлық топонимдерге көбіне гомогенді көне түбірлі топонимдердің тән екені анық байқалады. Мысалы: Бақанас, Дегерес, Текес, Қорғас, Ертіс, Есіл, Асы, Балқаш, Елек, Еміл, Қағыл, Қиыл, Тобыл, Лабасы, Лабар, Лепсі, Ойыл, Іле, Кеңгір, Жем, Жеменей, Карагем, Жымпиты, Боген, Сарқан,

Түрген, Обаған, Шамалған, Бүйен, Аягөз, Тараз, Талғар, Қаратау, Бозашы, Бегазы, Маңғыстау, Сағыз, Өлеңті, Сілеті, Шідерті т.т.

Ерте орта ғасырда Қазақстан жеріндегі қалалар мен қалашықтар және белгілі тұрақ-қыстақтардың пайда болып дамуына, өзендер мен көл, көлшік, тау, қыр, жота, шоқы, төбе т.б. объектілерге ат беруде жоғарыда аталған түркі тайпаларының рольдері ерекше болғаны даусыз.

VI-X ғасырларда Қазақстанның оңтүстігі мен Сырдария жазығында, Таласта, Іле мен Шуда сауда-саттық, шаруашылық және мәдениеті өркендеген қалалар пайда болады. Ең алғашқы қалаларда үйлер мен атақты, белгілі адамдардың қора-жайлары, хандар мен бектердің сарай, қорғандары, сауда-саттық орындары болды.

Тарихи жазба деректерде ондай қалалардың көрінісі мен сипаттары толық жазылып отырған.

Сырдарияның орта шенінде орталығы *Отырар* боп, *Канга-Тарбан* атты аймақта патша ордасы тұрған. Жетісуда *Керминкет* қаласының, ал сол жақта *Яр(Жар)*, *Барсхан*, *Беклик* қалалары салынған.

Оңтүстікте *Құйрық төбе*, *Баба-Ата* қалашықтар, Жетісудың Оңтүстік-батысында *Құлан*, *Ақтөбе*, *Мерке*, *Жуантөбе* қалашықтар IX-X ғасырларда белгілі болғанды. Осы жақтағы *Аспара*, *Нузкет*, *Сарыг* сияқты қалалардың сауда-саттық және мәдени қарым-қатынас мәні зор болды.

Ұлы Жібек жолындағы *Тараз* және *Суяб* қалалары VI ғ. жазба ескерткіштерден белгілі боп, ірі қалалар санатына қосылған. Жетісудың оңтүстік-шығысындағы *Талхиз*, *Екіөгіз*, *Қаялық* қалаларының жер шаруашылығымен қатар сауда-саттық, мәдени жетістіктер жағынан мәні ерекше зор еді. Осылармен қатар Жетісудың *Алтын*, *Арғы-Талас-Улус*, *Чигил-балық*, *Йаканкет*, *Одакент* қалаларының тарихта аты қалды. *Құлан*.

Жол, Бұзық, Сарығ, Беклик, Жар сияқты қалалар нағыз түркі сөздерінен қойылған қала аттары.

VIII ғ. Соғдылар негізін салған қалалар: *Халукет, Невакет, Семена* еді. Бұлардан басқа Жетісуда, оңтүстікте *Сауран, Сайрам, Қарнақ, Сунақ, Тараз, Арсубаникет, Испиджаб, Отырар-Фараб* (VIII ғ.) қалалары белгілі болды. Отырар қаласының бұрынғы аты *Тарбан* болған деген де пікір бар. *Тарбан, Турар-банд* және *Отырар* бәрі бір қаланың аты деген пікірлер ертеден орын алған.

Тараз қаласы VI ғасырдан белгілі болған. Оның айналасында, Талас өзені бойында *Ассы, Төменгі Барсхан, Хамукет, Жикіл, Адахкет, Дех-Нуужикет* т.б. қалалар өмір сүрген. Бұл атаулардың барлығы да ерте орта ғасырда, яғни V-X ғасырларда өмір сүрген.

3. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР

X-XVI ғасырларда Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысында, солтүстік және орталық, шығысы мен батыс аудандарында тұрған қимақтар мен қыпшақтар, қаңлы, үйсін, жалайыр, дулат, албан, суан, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, алшын, алтын, адай, жетіру, әлім, төртқара т.б. тайпаларының топонимдерін де орта ғасырға жатқызуға болады. Қимақтар жайлы деректер VIII ғ. тән араб, парсы деректерінде де айтылды.

Араб географы Әл-Идриси Қимақ хандарының қалалары он алты ... *Қарантия*, қимақтың бірінші үлкен қаласы *Гаган* деп аталатын үлкен көлдің жағасында деп жазды. Одан әрі Дамурия, Сараус, Банжар, Дахсан, Ханауш, Астур, Гамаш өзені, Ертіс сияқты қала аттарын айтады. Сол кезде болған Нудхак, Бадачак, Даранда, Дарку қалалары аталады.

Орта ғасырда бұл аталған қалалардан басқа да толып жатқан топонимдердің болғаны даусыз.

Әл-Идриси Торғай және Ұлытау даласының тарихи сипаттамасын толық берген. Ол былай дейді: “Бұл таулар шығыстан гуз елімен Аскарун деп аталатын таулардан ағатын Руза деп аталатын үлкен өзеннің жағасында орналасқан... бұл өзен арқылы көлден Хиам қаласына жүреді. Одан Хиам мен Жанжаның арасы 7 күн. Хиам қаласы өзеннің солтүстігінде, ал Жанжан оңтүстігіне қарай орналасқан, бұл екеуі де бекінісі өте мықты кішкене қалалар... Хиам қаласынан төмен өзенге (Руза өзеніне) құятын, бұл өзеннің солтүстігіндегі үлкен таулардан ағып, гуз елін басжирт елінен бөліп тұратын үлкен өзен ағады. Бұл атаулар Мурғар деп аталады” (13. 221).

Орталық және Шығыс Қазақстанның ортағасырлық топонимдерінің мол екендігін, тек қала аттары ғана емес, өзен, көл, тау, қыр, қырат, жота, сай-сала объектілерінің де мол екені, олардың біздің дәуірімізге жетіп отырғаны анық. Олар жайында жазылған “Орталық Қазақстанның жер-су аттары” (14. 1989), Қазақстан географиялық атауларының сөздігі (15. 1990), “Қарағанды облысы топонимдерінің құрамы мен құрылымы” (8. 1991), “Қазақстан географиялық атауларының сөздігі”. Жезқазған облысы (15. 1990), “Қазақстанның географиялық атаулары” Ақмола облысы (16. 1998), “Социальные и природные в формировании топонимии Улытау-Торгайского региона” (8. 1999) т.б. еңбектерде толық мағлұмат беріп, мындаған жер-су аттарын көрсеттік. Бұл еңбектерде Сарыарқа, Сарысу, Арқа, Жаңаарқа, Атасу, Ұлытау, Кеңгір, Есіл, Қарқара, Қу, Ақадыр, Балқаш, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Нұра, Торғай, Теңіз, Итемген, Майбалық, Қарасор, Саумалкөл, Қаракөл, Талдықөл, Маржанкөл, Күреңала, Жарлықөл, Ащыкөл, Бараккөл, Қабыршақты, Қоскөл, Сілетітеңіз, Имантау, Көксеңгірсор, Бурабай, Шортанды, Мамай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Көшетау, Ұлықөл, Айдабол, Жетікөл, Зеренді, Сілеті, Өлеңті, Шағалалы, Қолутон, Терісакқан. Аял. Талдыманақа, Жезді, Тоқыру, Талды, Соқыр, Соңалы, Талдық.

Жыланшық, Байқоңыр, Білеуітті, Қауылжар, Сарыөзен, Жіңішке, Шерубай-Нұра т.б. мыңдаған атаулар берілді.

Павлодар, Қостанай облыстарындағы ортағасырлық топонимдер, негізінен, өзен, көл, тау аттары болып келетінін немесе антропотопоним, этнотопоним екенін көреміз. В.Н. Попова-ның “Гидронимы Павлодарской области” атты кандидаттық диссертациясы мен “Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область”, Б.К. Бектасованың “Топонимия Костанайской области” атты кандидаттық диссертациясы және “Краткий топонимический словарь Костанайской области” (17. 1966, 1994, 1989, 1996). Павлодар облысындағы орта-ғасырлық топонимдердің дені өзен, көл, сай, шатқал болып келеді де қала, кент аттары сирек кездеседі. Сөздіктегі материалдарға көз жібергеніңізде: Айткөл, Ақдомбақ, Еркіндібұлақ, Қамба, Өлеңті, Сілеті, Сабындыкөл, Жасыбайкөлі, Самарқарасу, Сарыбие, Сарыдонғал, Ұйтас сияқты атауларды, ал Қостанай облысы бойынша Айдарат, Айқоныс, Айсары, Ақшакөл, Алқасор, Аманқарағай, Аңызбұтақ, Атжарған, Бағаналы, Байшалқар, Бессор, Биебау, Бозкөл, Жетіқара, Жайқон, Жаңасу, Жарсор, Қайрақты, Қарсақ, Қарталы, Кеңсуат, Қоңыртау, Қосқопа, Құмыра, Құлан, Обаған, Тоғызак, Төлеңгіт, Шаңқай, Шоқытас тәрізді атауларды көреміз.

Жалпы Сарыарқаның апай төсін емін-еркін иемденген қазақ халқының қабырғалы елі XI-XIV ғ.ғ. Дешті Қыпшақ аталған Сардалада қозғалмастан тірлік етіп, мыңдаған жер-су атауларын өз тілдерінен қойып отырған.

Бұл ұланғайыр өлкедегі ұлыстардың қоныстануы мен таралу шегі М.С. Мұқановтың “Этический состав и расселение казахов среднего жуза” және “Родоплеменной состав и расселение казахов” атты еңбектерінде жан-жақты баяндалған (18. 1974, 1968).

Ортағасырлық топонимдерді талдай келе байқағанымыз – олардың құрамында көне түркі топонимдерімен қатар араб, иран, монғол тілдерінен енген топонимдер барын көреміз.

Араб, иран тілдерінен неген топонимдердің оңтүстік пен Жетісу аймағында басымдығы баса айтылып жүргенімен, Орталық және Солтүстік Қазақстанда кездеспейтіні сөзге тиек болып келгенді. Алайда араб, иран тілдерінен енген топонимдердің бұл өлкеде азда болса бары анықталып отыр. Мәселен, Қарағанды облысындағы *Данблан* атауының *дан* сыңары иран тіліндегі *тан* – “сай, шатқал” сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі болса, екінші сыңарындағы *блан*, иран. *баланды* – “жота, төбе, шоқы” мәніндегі сөз, салыстырыңыз: тәжікше *Сангибаланд* – “тау қыраты, жотасы”. *Дарат* – Жаңаарқа ауд. қаз. *дара*, қырғ. *дере*, қырым тат. *дере*, ир. *дере* – “шатқал, сай, тау шатқалы, қыспағы”. *Бірқом* – “сай, жыра” Ұлытау ауд. қаз. *бір*, ир. *ком* – “ауыз”, “аңғар”, яғни “ашылған, аңқиған ауызға ұқсас кең сай, жыра” т.т. Бұл көрсетілген атаулардың Орталық Қазақстанда сақталуы еріксіз ойға қалдырады. Бұдан ерте кездің өзінде Орта Азия мен Орталық Қазақстан тұрғындарының қарым-қатысы болғанын байқасақ (ол Жібек жолымен байланысты болса), екіншіден, бұл өңірде ерте замандарда сақтардың өмір сүруімен ұштасатындай. Ғылымда сақтардың иран тілді екені дәлелденген пікір екенін ескерер болсақ, осы көрсетілген және басқа атаулар сақ дәуірінен қалған жөдігер болуы да мүмкін ғой. Өйткені Іле өзенінің оңтүстік жағасын, Іле Алатауын мекендеген сақтарға тән кейбір *Қарқара*, *Нарын* тәрізді жер-су аттарының Қарағанды облысындағы *Қарқаралы*, Шығыс Қазақстан мен Батыс Қазақстандағы *Нарын* атауларының өзара ұқсас, байланысты болуы да бұған толық дәлел сияқты.

Жоғарыда Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар мен тұрақтарға, өзендер мен көлдерге тооталып өткенімізбен, күллі оңтүстік аймағына қатысты ортағасырлық жер-су аттарына тоқталып, санамалап көрсеткен жоқпыз. Өйткені ол кезге тән топонимдер Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Орталық, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының

да да көптеп кездеседі. Айталық Алматы облысында *Алматы, Есік, Түрген, Талғар, Алатау, Асы, Кеген, Кетпен, Шонжы, Шошанай, Бұғыты, Сөгеті, Күрметі, Саты, Меркі, Темірлік, Лабасы, Лепсі, Жаркент, Қорғас, Көктал, Қаратал, Бүйен, Быжы, Сарқан, Басқан, Алтынемел, Өсек* т.т. Жамбыл облысындағы Жабай (тау), Талас, Мойынқұм, Мерке, Аспара, Құлан, Қаратау, Шу, Аса, Баласағұн, Қорағаты, Қарақыстақ, Төгүскен, Кеңгір, Сарысу, Хантау, Қасық, Қордай, Ақбұлым, Ақасық, Бақтауата, Жүнжүрек, Быжы, Шымкент, Сүнаката, Сығынақ, Созақ, Білеуті, Ұласты, Үйдене, Үрпек, Үстірт, Шабырлы, Шаға, Шар, Шаған т.б. Бұл тізімді жалғастыра беруге де болады. Олардың бәрі “топонимдер этимологиясы” атты жеке бөлімде көрсетілмек. Ортағасырлық топонимдер Қызылорда аймағында да аз емес. Өйткені Қазақстан тарихында бұл өлкенің айтарлықтай орны бар. Қызылорда топонимдерінің ішіндегі: Қазалы, Арал, Шиелі, Жалағаш, Жаңақорған, Төретам, Қармақшы, Шалқия, Жусалы, Теренөзек, Аққойлы, Ақшатау, Аламесек, Бұзақ, Есет, Естек құмы, Жам тауы, Нұра, Қарақұм, Байыр, Қантөрткіл төбесі сияқты топонимдерді де тән деуге болады. Қызылорда топонимдерін ғылыми тұрғыдан зерттеген Сембиев І., Жақыпов Ә. т.б. еңбектерінде, сондай-ақ топонимдік сөздіктерде нақты деректер аз емес (19. 1992, 1993).

Ортағасыр топонимдерінің тарихи-географиялық, әдебиеттерде ғана емес, нақтылы атау ретінде де сақталып, өз жалғасын тауып отырғанын көреміз. Жібек жолы бойындағы тарихи елді мекендердің көпшілігі сол бастапқы айтылу, жазылу нұсқасында біздің заманымызға жетсе, біразы археологиялық қазба жұмыстары негізінде ашылып отыр. Бұл жайт белгілі археолог К.М.Байпақовтың жоғарыда аталған еңбегінде толық талданып, ғылыми тұрғыдан зерттелсе, сол ортағасырлық қала аттарымен қатар жалпы топонимдер жүйесі (кент. ауыл, село, өзен, көл, тау, киелі атаулар және қасиетті, әулие, аңыз, әпсана-хикаятпен байланысты топонимдер) І. Рысбергенова-

ның жоғарыда аталған монографиясында жан-жақты зерттеліп, жүздеген мысалдар берілген.

Жалпы қазақ даласындағы ортағасырлық атаулар тегінде түркі тілдеріне, негізінен өткендегі қазақ тайпаларына, олардың тілдеріне тән. Қазақ даласы атауларының молайып, байи түсуі XVI-XX ғасырда, яғни жаңа кезеңде үдеп, дамыды.

ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ, ПАЙДА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. 1979.
2. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович А.Т. Древний Отрар. 1972.
3. История Казахской ССР. Т.1. Алма-Ата, 1977.
4. Геродот. История в девяти книгах. Л., 1927.
5. Страбон. География. М. 1964.
6. Юшков С.В. К вопросу о границах древней Албании//Исторические записки. М. 1937.
7. Жило П.В. О названиях Каспийского моря// Известия АН Аз. ССР. Серия геолого-геогр. 1960, N4.
8. Хасанов Х. Урта Осие жой номлари тарихидан. Тошкент, 1965.
9. Никонов В.А. Краткий топонимический словарь. 1966.
10. Дульзон А.Д. Кетские топонимы Западной Сибири//Ученые записки ТГПИ. Томск, 1959.
11. Үйсін туралы зерттеулер. Авторлары: Ван Ми Чи, Ван Бин Хуа. Ханзушадан аударған: Нәбижан Мұхметжанұлы. Шыңжан халық баспасы. Үрімші, 1989.
12. Антонов Н.К. Исследования по исторической лексике Якутского языка. Автор дисс... ДФН. Алма-Ата, 1972.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР ЖАЙЛЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. История Казахстана с древних времен до наших дней. Т.1. 1977.
2. Байпаков К.Б. Средневековые города Казахстана на Великом шелковом пути. Алматы, "Ғылым", 1998.
3. Махмуд Кошғарий. Девону Луғотит турк. Уч томлик. I т. 1960, II т. 1961, III т. 1963.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, Ғылым, 1975.
5. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. Алматы. Ғылым, 2000.
6. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане//Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. Маргулан А.Х. Бегазы-Джандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата. Ғылым, 1979.
7. Әбдірахманов А. Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасу тарихы//Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Алматы. Ғылым, 1989.
8. Жартыбаев А. Состав и структура топонимов Карагандинской области. Автореф. дисс... КФН. Алма-Ата, 1991; Омарбекова А.С. Социальные и природные в формировании топонимии Улытау-Торғайского региона. Автореф. дисс... КФН. Алматы, 1999; Бектасова Б.К. Топонимия Костанайской области. Автор дисс... КФН. Алма-Ата, 1989. Ее же: Краткий топонимический словарь Костанайской области. Костанай, 1996.
9. Кожанов М. Топонимия Гурьевской области (Историко-лингвистический анализ). Автореф. дисс... КФН. Алма-Ата, 1989.
10. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимисы. Алматы, 2001.

11. Әлімхан А., Ахметжанова Ф.Р. Қазақ шығысының жер-су атаулары. Өскемен. 2000.
12. Биаров Б. Өр Алтайдың жер-су аттары. Алматы, 2002.
13. Кумеков Б. Государство Кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972.
14. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, Ғылым, 1989, Б.253.
15. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы. Алматы, "Ғылым", 1990, Б.295.
16. Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола обл. Алматы, "Рауан", 1998, Б.325.
17. Попова В.Н. Гидронимы Павлодарской области. Автор. дисс.... КФН. Томск. 1966; Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская обл. М., 1994; Бектасова Б.К. Топонимия Костанайской области. Автор. дисс... КФН. Алма-Ата, 1989; Краткий топонимический словарь Костанайской области. Костанай, 1996.
18. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. Алма-Ата, "Наука", 1974; Востров В.В., Муканов М.С. Родаплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, "Наука" 1968.
19. Сембиев К.З. Топонимия Кызылординской области. Автор. дисс... КФН. Алма-Ата, 1992; Жақыпов Ә. Байырғы атаулар айтқан сыр. Қызылорда, 1993.

ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕР АТТАРЫ

Халықаралық географиялық терминология мен халық тілінде Жетісу аталып кеткен ұланбайтақ өлке – Алматы облысының жер-су аттары тарихи әрі мәдени мұрамыздың сарқылмас асыл қоры болып табылады.

Өлке тарихына көз жібертсек, бұл жерде ертеден ірі тарихи оқиғалардың болғанын, әсіресе әр кезең, әрбір дәуірде өмір сүріп, ізін қалдырған талай тайпалар мен ұлыс, ұлт, халықтардың өткенін көрсек, қазір де көп ұлтты ұлт мекендеп отыр.

Біздің жыл санауымызға дейінгі замандарда сақтар мен сарматтар тайпасы, б.д.б. IV-III ғғ. Қаңлы мемлекеті, б.д.б. III-II-I ғғ. Үйсін мемлекеті, ал б.д. VI-VIII ғғ. батыс түрік қағанатының Іле бойын мекендеуі, одан соң X-XII ғғ. Қарлұқ, Қараханид хандықтарының билігі, XIII ғ. Монғол үстемдігі, ал XVII ғ. Жоңғарлардың әсері өлке, жер-су аттарында да өз із-таңбасын қалдырмай қоймады. Сол дәуірлерде өмір сүріп тіршілік еткен, кейіннен қазақ халқын құруға қатысып, атсалысқан Ұлы жүз ру-тайпаларынан: шапырашты, жалайыр, дулат, албан т.б., Орта жүз тайпаларынан: найман, керей т.б. тайпалар тілдеріне тән мыңдаған атаулар күні бүгінге дейін сақталып отыр. Қасиетті бұл өлке қаншама кең, ұлан-ғайыр болса, оның бет-бедері де атау сөздерге толы, бай, әлі күнге сыры ашылып жазылмаған кітап. Ғасырлар бойы алтын қорымыздай сақталып, сарғайып жатқан сырға толы сол атауларды зерделей зерттеп, халық игілігіне жарату абзал іс болмақ. Расына келсек, ол атаулар туралы шағын да болса мақалалардың, тіптен арнайы зерттеу жұмысының бары да мәлім.

1967 ж. ғалым Е.Қойшыбаев орыс тілінде «Основные типы топонимов Семиречья» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атты ғылыми дәрежеге ие болса, белгілі жазушы Б. Нұржекеевтің «Өзендермен өрнектелген «өлке» атты кітабында да жүздеген

жер-су аттары аталып, құнды мағлұматтар берілген. Алайда аталмыш диссертациялық жұмыс жеке кітап болып жарық көре алмады. Бірақта Е.Қойшыбаев 1985 ж. жарыққа шығарған «Қазақстан жер-су аттарының сөздігінде» Жетісу өлкесінің жүздеген атауын қамтыды. Десе де автордың Жетісу жер-су атаулары бойынша жинаған материалдары жайлы нақты дерек айтылмаған.

Аталмыш диссертацияда Жетісу өлкесі атауларының бір сарасы ғылыми тұрғыдан жіктеліп, жүйелене отырып, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау тапты. Үш тараудан тұратын бұл диссертациялық еңбектің бірінші тарауында «Топонимдер жасауға қатысты 3, 7, 9, 40, 100 және 1000 сандар мағынасы» (мыс.: *Үшқамыс, Үшпан, Үшқасқа, Үшөзек, Жетісу, Жетісен, Жетіарал, Тоғызбұлақ, Тоғызсай, Жұзағаш, Жұзарал, Жұзқұдық, Мыңбұлақ, Мыңғырман, Мыңжылқы* сияқты атаулар) зерттелсе, екінші тарауда «Жетісу өзен-көлдерінің негізгі түрлері» («ақ», «қара», «сары», «көк», «қызыл», «қоңыр», «ала» сөздерінің қосылуы арқылы жасалған топонимдер). Мыс., *Ақсу, Қаратап, Сарыбастау, Сарыбұлақ, Көксу, Қоңырөлең, Үшқоңыр, Алақол* т.б. Осымен қатар көне *-ты, -ды* (Алматы, Арқарты, Аршаты, Бұғыты, Сөгеті т.б.), *-ын, ін* (Шарын, Нарын, Кемін, Бейін т.т.), *-ас, -аш, -ес* (Бақанас, Ағанас, Қорғас, Текес, Дегерес т.б.) формантты топонимдердің сыр-сипат, мән-мағынасы, тарихи қалыптасу жайы қарастырылған. Ғалым Жетісу өлкесіндегі жер-су аттарының пайда болу, даму жолын тарихи-хронологиялық тұрғыдан қарастыру орнына лексикалық қабаттарын анықтап, олардың ішінде: ескі қабат, көне қабат, қазақ, қырғыз, ұйғыр топонимдік қабат, орыс тіліне тән топонимдік қабат және дыбыс алмасуына байланысты топонимдер бары жайын айтқан.

Республика көлеміндегі жер-су аттарын таптастыру сияқты Жетісу өлкесінің жер-су аттарын таптастыру барысында да: 1. тарихи-хронологиялық тұрғыдан таптастыру; 2. тілдік

табиғаты жағынан лексикалық қабаттарға бөліп таптастыру орынды сияқты.

Жетісу өлкесінің жер-су аттарының пайда болу, қалыптасуын тарихи-хронологиялық тұрғыдан таптастыру барысында олардың бірнеше дәуірге тәндігін көреміз. Олар:

1. Ежелгі дәуірге тән атаулар;
2. көне түркі дәуіріне тән атаулар:
 - а) түсінігі қиын атаулар;
 - ә) ерте ортағасырға тән атаулар;
 - б) ортағасырлық атаулар;
3. жаңа дәуірге тән атаулар:
 - а) қазақ халқының қалыптасып, мемлекет болуымен байланысты дамыған атаулар;
 - ә) Ресей патшалығының отарлау саясаты негізінде пайда болған атаулар;
 - б) кеңестік дәуір идеологиясы нәтижесінде пайда болған атаулар;
4. егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан бері қалыптасып, дамуға беталған кезеңдегі атаулар.

Біздің бұл тарихи дәуірлерге бөліп қарастырған таптастыруымызды нақты мысал, дәлелдермен көрсетер болсақ, оны төмендегі жайттардан анық көруге болады.

Жетісу өлкесіндегі ежелгі дәуірге тән атаулар санатына: Іле, Хантәңірі, Қарқара, Талас, Бүйен, Быжы, Үйсінтауы (қазіргі Сарытау), Желқарқара, Леп, Лепсі, Лабасы, Құмтекей (ескі Шығу) т.б. атаулар тән.

Райымбек ауданындағы Лабасы тауынан бас алып Текес аталып, Қытай жеріндегі Күнес өзеніне құйып, одан Балқаш көліне қосылатын қарт *Іле* өзені туралы Қытайдың осыдан 2 (екі) мың жыл бұрын өткен Хан патшалығы заманында ханзу (қытай ұлты) жазуында аталғаны тарихшылар еңбегінде жазылса, *Хантәңірі, Қарқара, Нарын, Үйсінтауы, Бүйен, Быжы*

т.б. атаулар да сол дәуірлерде болған. Бұл атаулар жайлы осы еңбекте жан-жақты толық түсінік беріліп отыр.

Ерте орта ғасырдағы *Суяб, Асы, Екіөгіз, Қойлық, Текес, Бақанас, Талғыз (Талғар), Сарқан, Аққуяи* сияқты атаулар жайлы да бұрыннан айтылып келе жатқан пікірлерге қоса жаңа бағыттағы тарихи-лингвистикалық ой-түйін болжамдар мен пайымдаулар айтылды.

Қазақстан тарихының көрсетуінде XV ғ. Қазақ хандығы құрылып, осы ғасырдың аяғы мен XVI ғ. басында қазақ халқы қалыптасқан. Бұл кезеңде көшпелі өмірмен қатар бұрыннан келе жатқан отырықшылық етек алып, елді мекендер де көбейіс бастағаны тарихта жете айтылады. Емін-еркін кеңдалада көшіп-қонып жүрген қазақтың ру, тайпалары өздері иемденген таулар мен шың-құз, жоталар, қыр, қырат, шоқы, төбелер мен жайлау, қыстауларға, өзендер мен көл, көлшік, қайнар, бастау, тұма, бұлақ, сай, салалар мен жылға, аңғарлар мен шатқалдарға үнемі ат қойып, айдар таққаны тарихи шындық. Облыс көлеміндегі ондай атаулар саны жүздеп, мыңдап сақталып, мәдени мұра ретінде күні бүгінге жетіп отыр.

Алайда Патшалы Ресейдің отарлау саясатының салдарынан бұл Жетісу өлкесінде де XIX ғасырдан бастап орыс тілінен қойылған жер-су атаулары көбейіп, саны арта түсті. Осы келеңсіз жайт кеңес дәуірінде үдей түсті. Коммунистік партия идеясының зардабынан жүздеген идеологиялық атаулар пайда болды да күні бүгінге дейін табанға кірген шөңге сияқты сақталып отыр. Отаршылық кезеңде және коммунистік идеология саясатымен қойылған жүздеген атаулардан арылу, тарихи атауларды қалпына келтіру, күні өтіп ескірген атауларды өзгерту, нысандарға жаңадан ат беру науқаны егемендікке қол жетіп, тәуелсіз ел болып, дербес мемлекет болғалы бері қауырт қолға алынуда. Бұл жағдай – Республика бойынша атқарылып отырған маңызды шаруа.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Төралқасының қаулысымен, одан бері Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша Алматы облысында жүздеген тарихи жер-су аттары мен жаңадан қойылған, өзгерген атаулар өмірге келді. Тек бұлар ғана емес, аудандар мен облыстарды біріктіру, селолық, ауылдық округтер мен аудандық, облыстық әкімшіліктер жайлы да қаулылар мен жарлықтар болды. Олардың бәрін бірдей тізбелеп көрсетпей-ақ, Алматы өңірі мен Талдықорған өңірі бойынша бірнеше атаулар мен аудандарды ғана көрсете кетуді жөн көрдік.

Куликовка селосы – *Ақтоған* ауылы болып өзгерді, Интернационал селосы – *Әйтей* ауылы, Восход селосы – *Долан* ауылы, Авангард селосы – *Райымбек* ауылы, Мирное селосы – *Құмтоған* ауылы, Стаханов селосы – *Ұлан* ауылы, Сергеева селосы – *Бесмойнақ* ауылы, Куйбышев селосы – *Қарасай* ауылы, Көкөзек селосы – *Саурық* батыр ауылы, Үлкен ағаш ауылы – *Әулиеағаш* ауылы, Обуховка селосы – *Бұлақты* ауылы, Мирное селосы – *Бура* ауылы, Қарашаш ауылы – *Миялы* ауылы, Антоновка селосы – *Қойлық* ауылы, Новопокровка селосы – *Алмалы* ауылы, Подгорное селосы – *Қырғызсай* ауылы, Кировск кенті Балпық би кенті, Урицкое селосы – *Ақбастау* ауылы т.т.

Аудандар:

Киров ауданы – *Көксу ауданы*, Нарынқол, Кеген аудандары – *Райымбек ауданы*, Қаскелең ауданы – *Қарасай ауданы*, Талдықорған ауданы – *Ескелді би ауданы* т.т. болып өзгерді.

Алматы облысы бойынша қалпына келтірілген тарихи атаулар, ескіріп өзгерген, өзгертілген, жаңадан қойылған атаулар мен біріктірілген аудан аттарының саны аз емес. Бұл игілікті іс жалғасын тауып, жүзеге аса бермек.

Тіл-тілдегі сөздік қордың: 1. халықтың өзіне тән байырғы төл сөздерінен; 2. шет тілдерден енген сөздерден тұратыны белгілі. Егерде бұл тұжырымды басшылыққа алар болсақ, қазақ жер-су аттары да: 1. қазақтың төл жер-су аттары; 2. шет

тілдерден қойылған атаулар екенін анық көреміз. Бұл жағдай Жетісу өлкесінің жер-су аттарына да тән деп қараймыз. Демек, Жетісу өлкесі жер-су аттарының да үлкен екі лексикалық қабаттан, ал олардың өзара бірнеше лексикалық қабаттан тұратынын байқау қиын емес. Олар:

1. Қазақ тіліне тән атаулар:

- а) ежелгі түрік тіліне тән лексикалық қабат;
- ә) көне түрік тіліне тән лексикалық қабат;
- б) қазақ тіліне тән лексикалық қабат.

2. Шетел тілінен жасалған атаулар:

- а) араб, парсы тілдеріне тән лексикалық қабат;
- ә) монғол (қалмақ) тіліне тән лексикалық қабат;
- б) орыс тіліне тән лексикалық қабат;
- в) шығыс тілдеріне тән лексикалық қабат.

Бұл көрсетілген және басқа лексикалық қабаттардан жасалған өлке жер-су аттары болашақ зерттеулерде толық шешімін табары сөзсіз.

Осы көрсетілген ғылыми таптастырулардағы өлке жер-су атауларының жасалу заңдылықтары мен қойылу, аталу себептері, олардың құрамдарындағы халықтық географиялық терминдердің орны мен рөлі, сондай-ақ атаулардың белгілі топтары мен түрлері, олардың семантикалық өресі мен мән-мағыналары, морфологиялық, фонетикалық, синтаксистік құрылымдары т.т. жеке зерттеу жұмысының өзекті объектісі болып саналады.

Дегенмен, қысқаша да болса, бұл мәселелерге тоқталып өтудің ретінің барына сөз жоқ.

Жетісу өлкесіндегі жер-су атауларының түрлері

Болашақта Алматы облысының жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан арнайы зерттейтін адамның бұл мәселелерге терең тоқталып, зерделі талдау жасары сөзсіз. Назарларыңызға ұсынып отырған шағын еңбекте өлке атауларының мына

түрлерін ғана қамти алдық. Олар: тау аттары (*оронимдер*), өзен, көл аттары (*гидронимдер*), елді мекен аттары (*ойконимдер*), кісі аттарынан қойылған жер-су аттары (*антропотопонимдер*), ру, тайпа, ұлыс, халық аттарынан қойылған жер-су аттары (*этнотопонимдер*), үй хайуандары мен жан-жануар аттарынан қойылған жер-су аттары (*зоотопонимдер*), өсімдік атауларынан қойылған жер-су аттары (*фитотопонимдер*).

1. Тау аттары ғылыми терминмен *оронимия* (гр. *огог* «тау»+*оуима* «ат, атау») деп аталады. Шәкіртіміз Есенгелді Әуелбекұлы Керімбаев «Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана» атты кандидаттық диссертациялық жұмысында «Қазақстан оронимдерінің қалыптасуы мен дамуы», «Қазақстанның халықтық орфографиялық терминологиясы» және «Қазақстан оронимдерінің лексика-семантикалық топтары» жан-жақты талданып, ғылыми негіздерін қарастырған еді. Шығыс Қазақстан оронимдерін кандидаттық диссертация көлемінде зерттеген Бердібек Бияров өлке оронимдерінің тарихи-лингвистикалық сипатын семантикалық және этнолингвистикалық жақтары мен құрылымдық жүйесін толық зерттеді. Ол өз жұмысында Оңтүстік Алтай өңірінен 2002 оронимді-тау аттарын жинап, ғылыми жүйеге түсіріп, олардың тізімін диссертациялық жұмысының қосымшасында бергені бар. Бұл дәлелдерге қарағанда, ұлан-ғайыр жерімізде тау аттарының өте мол екенін көреміз. Таулы аймақ саналатын Алматы облысы жеріндегі тау аттары қазіргі толық жиналып, ғылыми жүйеге түсірілді деп айта алмаймыз.

Бұл еңбекте өлкедегі белгілі, ірі тау аттарын ғана беріп отырмыз. Аты әлемге әйгілі, күллі қазақ жеріндегі ең биік *Хантәңірі тауы*, *Сартау*, *Елиенбұйрек*, *Лабасы*, *Көмірші*, *Қошқар*, *Сүмбе*, *Қарқара*, *Шөладыр тауы*, *Басқарқара*, *Құлық*, *Таушелек*, *Қыземшек*, *Торыайғыр*, *Бұғыты*, *Сөгеті*, *Асы*, *Бақай*, *Қараш*, *Қақпақ*, *Айғыржал*, *Құланбасы*, *Үшқақпақ*, *Қарақия*, *Құрайлы*, *Шөкірамбал*, *Құсмұрын*, *Өкір*, *Сарыба-*

стау, Жабыр, Үшқараи, Талғар шыңы, Алатау, Іле Алатауы, Кетпен, Доңызтау, Қастек, Үшқоңыр, Суықтөбе, Амангелді шыңы, Қалман биігі, Баркөрнеу, Бүркітті, Еикіөлмес, Жабық, Бейінтау, Жаманкөл (тау), Жаманты, Жауырынбайлаған, Жетім, Жетісу тауы (Жоңғар қақпасы), Қайшы, Қалмақасу, Қандарақ, Қаражырық, Қарауңгір, Қату, Қосқолаң, Қояндытау, Қу, Майтөбе, Малайсары, Матай, Наршаң, Ойқарагай, Өлеңді, Сайқан, Сайымбөлек, Сарқан тауы, Сарыжота, Сарытау, Таз, Талдыбұлақ, Тасжүрек, Текелі, Теріскей Алатау, Тянь-Шань, Шыбынды т.б.

Жетісу өлкесіндегі ірі таулар мен жота, қырат, шың, доң, дөңес, төбе, шоқы, оба, сай, өзек, жыра, шат, шатқал, аңғар, текше, жал атауларының мыңдап кездесетіні көпке мәлім. Олай болса, Алматы облысының оронимдерін жинап, өз алдына зерттеудің мәні зор болмақ.

2. Өзен-көл, су аттары (ғылыми термин ретінде *гидронимия*) Жетісу өлкесінде аз емес. «Сулы жер – нулы жер» деп халық текке айтпаған. Таулы аймақтың өзен, суға бай келетіні ежелден белгілі. Әсіресе өзендер мен қайнар, бастау, тұма, бұлақ атаулары өте көп. Оның есесіне көл аттары аз кездеседі. Бұл еңбекте үлкен-кіші көлдерді тегіс беруге тырыстық. Олардың ішінде аттары әйгілі көлдер: *Алакөл, Сасықкөл, Қошқар көлі, Балқаш, Үлкен Алматы көлі, Қошқар көлі, Қатиагай теңізі, Алғазы аралы (Балқаш көлінің орта тұсы), Алтынкөлдермен қатар Ақкөл, Жасылкөл, Қаракөл, Қалған көлі, Тереңкөл, Тұзкөл, Үйкөл, Шоганақкөл, Көлаңы* сияқты кішігірім көлдер саны да аз емес.

Энергетик ғалымдардың зерттеулері бойынша Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда, яғни қазіргі Алматы облысында 784 өзен бары анықталып отыр.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы шекарасынан бастап Балқаш көліне құятын Іле өзенінің ұзындығы 768 км. болса, Ілеге құятын өзендер: Қорғас өзенінің ұзындығы

дығы – 160 км., Шарын өзені – 346 км., Шелек өзені – 240 км., Қаскелең – 153 км., Күрті – 109 км., Есік өзені – 110 км., Талғар өзені – 108 км., Түрген өзені – 104 км. болса, Балқаш көліне құятын өзендер: Қаратал өзенінің ұзындығы – 321 км., Ақсу өзенінің ұзындығы – 305 км., Лепсі өзенінің ұзындығы – 418 км., ал Алакөл мен Сасықкөлге құятын Тентек өзенінің ұзындығы – 183 км. болса, Алакөлге құятын Емел өзенінің ұзындығы – 91 км., Қатынсу өзені – 71 км., Жаманты өзені – 51 км. екен. Осы ірі өзендер алабындағы қысқа, кішкене өзендер саны да анықталған. Нақты деректерде: Қорғас өзені алабында 12 өзен, Өсек өзені және оған таяу Шежін, Тышқан, Бұрхан, Бороқожыр өзендерін қамтитын алапта – 28 өзен, Алтынемел және Қоянды жоталарының оңтүстік баурайында – 24 өзен, Кетпен жотасының солтүстік баурайында – 37, Текес өзені алабында (Қазақстан Республикасында) – 33, Шарын өзені алабында – 69, Шелек өзені алабында – 39, Бақай тауы мен Қараш тауының баурайында – 16, Түрген өзені алабында – 12, Есік өзені алабында – 6, Қаскелең өзені алабында – 34, Күрті өзені алабында – 52, Қаратал-Көксу өзендері алабында – 115, Ақсу өзені алабында – 46, Лепсі өзені алабында – 33, Алакөл мен Сасықкөлге құятын Жетісу Алатауының (Жоңғар Алатауы) солтүстік баурайындағы ірілі-ұсақты өзендер саны 103 екен.

Осыншама көп өзеннің меншікті атқа ие екенімен қатар, кейбір өзеннің аты жоқ екені де анықталған. Ғалымдар еңбегінде көрсетілген өзен аттарына үніле зер салғанымызда, олардың 90 пайызы ана тіліміздің төл, байырғы сөздерінен қойылғанына көзіміз жетті. Мысалы: *Желді Арық, Көксай, Құмбелсай, Қасқабұлақ, Алмалысу, Майлысай, Алтынкөл, Талдысу, Керегетас, Суаттау, Шұңқыр, Бозмойнақ, Жайдақ, Шолақ, Тиек, Сарысу, Жарбұлақ, Тереңқара, Ойсаз, Шымбұлақ, Көктал, Тентексай, Қарағайлы, Күркілдек, Қоянкөз, Теректі, Ащыбұлақ, Ақсу, Ағынықатты, Қызылтұз, Сарыбұлақ, Аманбұлақ, Тентек, Аршалы, Жіңішке, Тоқты, Бестерек, Тастұма, Текебұлақ, Алмалы,*

Жыланды, Көкмойын, Қайыңбұлақ т.т. (Жетісу өлкесіндегі осы 784 өзен аттарын кітап көлемі көтерер болса, қосымша ретінде беруді де жөн көріп отырмыз).

Бұл көрсетілген өзен аттары ішінде иран, парсы тілдеріне тән атаулар жоқтың қасы, бірен-саран ғана, оған Дардамтысай, Ават өзендері ғана тән. Оның өзінде *Дардамты* атауының дар түбірі түркі, монғол-парсы тілдерінде бар, ортақ сөз болса *Ават* атауы 1950 жылға дейін Баянқазак, Байқазак өзені аталғаны мәлім. Бұл көрсетіліп отырған өзен аттарының құрамында орыс тіліне тән 27 атауды ғана кездестірдік. Мәселен, *Большой Ключ, Горельник, Правый Талгар, Средний Талгар, Прямая Щель, Белый Ключ, Черная речка, Пикетная, Булинка, Красная, Заречный, Чистая, Мутная, Соленая, Крутой Лог, Глухая Щель* және кісі аттарынан қойылған: *Микушанский, Гончарова Щель, Бутаков-ка, Кановаловка, Назаровка, Петров, Поздняковка, Слимейко, Катанашка* атты өзендер бар. Ал монғол тілінен енген: *Бурхан, Бороқожыр, Байыңқол, Нарыңқол, Боротала, Будытысай* деген атаулар ғана бар.

Қазақтың байырғы төл сөздерінен жасалған өзен аттарының құрамында көне атаулардың да сақталғанын байқаймыз. Әлемге белгілі *Іле* өзенінен бастап, *Лепсі, Леп, Лабасы, Сарқан, Бүйен, Қорғас, Өсек, Күрті, Күрметі, Кеген, Быжы, Қастек, Қаскелең, Дегерес, Шежісін, Асы, Есік, Талгар, Шынжалы* сияқты өзендер бұған толық дәлел. Осыншама бай өзен аттары құрамында кісі аттары мен ру, тайпа, халық аттарынан қойылғандары да тым сирек болғанмен қазақтың атакты батыры Қарасай құрметіне қойылған 6 өзен атын кездестірдік. Бұның өзі қазақтың қас батырын құрметтеп, есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен қойылғанын, халқының батырға деген ерекше сүйіспеншілігінің белгісі деп бағалауға болады. Олар: 1) Жоңғар Алатауының солтүстік батысындағы ұзындығы 12 км. Қарасай өзені; 2) Қаратал-Көксеу алабындағы Қарасырық өзеніне құятын, ұзындығы 48 км. Қарасай өзені; 3) Жанығыз

өзеніне құятын, ұзындығы 33 км. Шет Қарасай өзені; 4,5) Шарын алабындағы Темірлік өзеніне құятын, ұзындығы 23 және 22 км. екі Қарасай өзені; 6) Текес өзеніне құятын ұзындығы 11 км. Қарасай өзені.

Ерте замандардан-ақ адамдардың өзен-суды қастерлеп, бар тіршілігінің сумен байланысты болғанын ескерсек, ірі қалалар мен кішігірім елді мекендердің өзен жағаларында салынғаны белгілі.

Ата-бабаларымыздың жаз жайлауда өзен, су, бұлақтарды сағалай қоныстанып, мал шаруашылығы мен егінжайдың да сумен байланысты болғаны, қазіргі жағдайда да осылайша болып жатқаны таң емес. Жетісу өлкесіндегі мыңға тарта өзен, сулардың да тіршілік көзі болғанын анық көреміз. Бұл өзендердің бәрінің қазақша атауға ие болғандығына қарағанда, бұл өлкені ерте заманнан-ақ қазақ жұртының иемденіп, құтты қоныс, қасиетті мекен еткеніне риясыз көз жеткіземіз.

3. Елді мекен атаулары (ойконимия). Елді мекендердің жиынтық атауы ғылыми терминмен *ойконимия* деп, жеке атау болса *ойконим* аталады. Елді мекен атаулары (*ойконимия*) ішінара: қала аттары (*астионим*), ауыл, село аттары (*комоним*), қала ішіндегі нысандар (*урбаноним*) болып бөлінеді.

Алматы облысындағы облысқа бағынысты үш қала – *Қаппагай, Талдықорған, Текелі* болса, аудандық бағыныста жеті қала – *Есік, Жаркент, Қаскелең, Сарқант, Талғар, Үшарал, Үштөбе*, осыған қоса 13 кент бар. Ауыл, село аттарының (*комоним*) саны 800-ден асса, ауылдық, селолық, кенттік округтер саны 274.

Облыс аумағындағы қалалар мен ауыл, село, кенттердің қалыптасу, даму тарихтары мен мән-мағыналарының көпшілікті қызықтырары сөзсіз.

Бұл өлкедегі тұрақтар мен сілән, қала, қалашықтардың салынуы ежелгі тұрғын ұлыс, тайпалар тарихымен тікелей байланысты. Ерте замандардағы сақтар мен үйсіндердің қоныстары

мен мәдениетін зерттеген археолог ғалымдар К. Ақышев пен Ғ. Кушасевтар еңбектерінде құнды деректер бары мәлім. Олардың Ақтасты I, Ақтасты II жеріндегі қазба жұмыстары нәтижесінде қол жеткен табыстары, ғылыми ізденістері зиялы қауымға белгілі. Соның бірі – құм басқан қала Құмтекей. Бұл құм қала Райымбек ауданының орталығы Кеген ауылының оңтүстігіндегі Шөладыр жотасының етегінде көлемді жерді алып жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл құм басқан мекен – б.д.б. II-I ғ. үйсін мемлекетінің орталығы *Чегу* қаласы екен. Ол жөнінде атақты синолог Я.Бичурин қытай жазба ескерткіштеріне сүйене отырып, «көне үйсін мемлекетінің орталығы Чегу Ыстықкөлдің солтүстік шығысында 100 фарсах жердегі қызыл алаңда» деген пікір айтқан. Шындығында, қазіргі Құмтекей аталатын ескі қала орны сол пікірдің шындығын көрсетеді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, сол Құмтекей маңайындағы кең жазық далада қаптап өскен қызыл қызғалдақ ерте көктемнен маусым айының орта кезіне дейін құлпырып тұратын болған. Өткен XX ғасырдың 30 жылдары бұл жер егіс даласына айналып, шаруашылыққа пайдаланумен байланысты ол қызғалдақтың тұқымы құрып, жойылып кеткен. Осы кітаптағы Құмтекей атауында *Чегу* атауының *текей* тұлғасына ауысуының себеп-салдары Құмтекей атауын талдау барысында толық баяндалды. Ерте ғасырға тән қала мен қала орындарының Жетісу өлкесінде сақталуы да қазақ тарихының көнелігінің куәсы екендігінде дау жоқ. 6-7 ғғ. іргесі қаланған Суяб қаласы Іле бойының жағасында салынғаны, оның төрт ғасыр бойы бірін-бірі алмастырған мемлекет бірлестіктерінің – Батыс түрік қағанатының, Түркеш және Қарлұқ қағандықтарының астанасы болғаны тарихтан мәлім. Қазіргі Қаратұрық аталатын мекеннің де 6-8 ғасырларда салынғаны жөнінде пікірлер бар. Ал Талғыз (Талғар) қаласының 9 ғасырдан бары шындық жайт. Қойлық қаласы Қаратал өзені бойында 8-13 ғғ. Қарлұқ қағанының орталығы болғанын А.Н. Бернштам жазған еді. Балқаш ауданы

жеріндегі Ақтам 10-12 ғ. қала орны ретінде сақталып отыр. Ерте орта, орта ғасырлардан сақталған археотопонимдер Ұлы Жібек жолында салынып, сауда-саттықпен қатар, мәдени қарым-қатысқа жол ашқан еді. Ортағасырлық Алматы, Жақсылық, Екіөгіз, Кенже, Аққұла (Балқаш көлі маңында болған), Есік т.б. жайында Шығыс тарихшысы Рашид-ад-дин, саяхатшы Марко Поло, Рим папасының жолдамасымен ел аралаған Платано Карпини, академик В.В. Бартольд т.б. ғалымдар Жетісу жайлы, оның елді мекендері туралы құнды деректер қалдырды.

Алматы қаласы жайлы да тарихи деректер аз емес. Алматы атауын Рашид-ад-дин, атақты Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ш. Уәлихановтар өз еңбектерінде *Алмату* тұлғасында жазды. Осы жағдаймен байланысты Алмату және Алматы «екеуі екі басқа» қала деушілер де бар. Бұған қарағанда, *Алмату* қазіргі Алматы атауының ерте кездегі аталуы, ал *Алматы* сол Алмату атауының кейінгі кезде өзгеріп, жаңаша аталған түрі екені даусыз деп білеміз (бұл қыпшақ тілді тайпалар тіліндегі айтылу нұсқасы). Ал *Алмату* көне үйсін және оғуз тілі топтарындағы тайпалардың айтылу үлгісі екені сөзсіз. Өйткені күнібүгін де ұйғыр, өзбек тілдерінде Алматы деу орнына *Алмату* деп айту бар.

«Жетісу энциклопедиясында»: «Алматы қаласының аты жазылған күміс ақшалар, сақтардың 25 барыс бейнесімен безендірілген «Жетісу құрбандық табағы», ғажайып «Қарғалы тәтісі» бұл жердің мыңдаған жылдық тарихы бар өркениетті өлкенің орталығы болғанын көрсетеді» - деп орынды жазған (2004, 128-129 бб.).

Алматы қаласының орнын, жалпы Жетісу өлкесін зерттеген археолог ғалымдар бұнда б.д.б. IV-III ғғ. сақтар, б.з. I ғасырынан үйсіндер, орта ғасырларда дулат тайпалары өмір сүргенін, Алматы мен Алмалы, Алмалық қалалары болғанын дәлелдеді.

Алматы IX-X ғ. Қидан мемлекетінің, одан беріде найман ұлысының астанасы болып, кейіннен ірі сауда-саттық орталығы,

мәдени қарым-қатыс қаласына айналады. Монғолдың «Құпия тарихында» Шыңғысхан Алматыға екі рет шабуыл жасап, ала алмай, наймандармен он жыл алысып, ақыры үшінші рет шабуыл жасағанда тізе бүктіреді. Бұл қаланың қираған орнын 1251-59 жж. француз королі ІХ Людовигтің елшісі және қытай саяхатшысы Чжан Дэ өз көздерімен көрген. Ол тарихи деректерден мәлім.

1339 ж. Алматы Шағатай ұлысының астанасы болып тұрғанда Рим папасының епископ Ришар бастаған өкілдерінің апат болғаны жайлы да тарихи деректер бар.

XIX ғ. екінші жартысында Алматы қаласының орнына Ресей армиясының бекінісі салынып, 1854 ж. ол қала дәрежесіне жеткенде Верный аталғаны, 1921 ж. Кеңес дәуірінде Алматы атының қайта қалпына келтірілгені, бірақ Алматы деп аталмай, Алма Ата (орысша Алма-Ата) аталуының да өзіндік тарихи сыры бар сияқты.

Жұрттың айтып та, жазып та жүргеніндей Алма-Ата қазақ тіліндегі Алматы атауының бұрмаланып жүрген орысша транскрипциясы емес болса керек. Және оның орысша баламасы – аудармасы «отец яблоки» да емес. Бұл атаудың адам атынан қойылғанына иланбасқа болмайды. Оған дәлел ретінде шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-түқияннан өзіме шейін» атты XVIII ғ. еңбегінде тамаша адам Алма Ата жайлы толық жазып, көптеген мағлұматтар беріпті.

Алма атамыздың өмір тарихына зер сала бағдарлап отырсақ, ол кісіні қазақтың «Мичурині» болған екен ғой деп еріксіз мойындайсыз. Өзі әрі бағбан, әрі шипагер ретінде халық жүрегінен ерекше орын алып, зор құрметке бөленіпті. Ол кісінің тұрақ қонысы – Алма арасанға барар жолдағы Аюлы өзенінің жағасында, қысты күні Алматы көліне барар сайды (ГРЭС тұрған жер) мекендейді екен де, жазда қазіргі Алма арасанда жайлайды екен. Ол кісі 100-ден аса сүйекті өсімдіктерді будандастырып, алманың жаңа сорттарын шығарыпты. Өсімдіктер

жайлы өз байқаулары мен іс-тәжірибелерін көпшілікке айтып, түсіндіріп отырса керек. Сондай-ақ Алма ата атақты шипагер де болған кісі екен. Ол кісінің өсімдіктерден жасаған дәрілері, өсімдіктердің қандай дертке дауа болатыны жайлы сөздері де аталмыш кітапта баяндалған. Алма атаны халқы қадір тұтып құрметтеп, ол кісі отырған сайды Алма Ата сайы атаса, жаз айларында ауруларды қабылдап, ем-дом жасайтын таудағы арасанды Алмаарасан атапты. Бұл күнде Алмаарасан атауы ұмыт болмағанмен Алма Ата сайы ұмыт болған. Алматы қаласы орталық болғанда, бұрынғыша Алматы атамай, Алма Ата атауының басты себебі – сол кездегі зиялылар Алма Атаның есімін мәңгі есте қалдырып, сол белгілі адамды құрмет тұтудан болса керек. Алматы қаласының Алма ата аталуының қысқаша тарихы осы айтылғандармен шектелмек емес. Ол жайында әлі де пайымдаулар мен нақты ой-пікірлер қалың жұртшылықтан шыға бермек. Қазақ тарихында қасиетті, киелі, әулие ата, бабалар есімдерімен байланысты жер-су аттары аз емес. Мәселен, Қорқыт Ата, Шақпақ Ата, Арыстан Баб, Асық ата, Бекет Ата т.т. Алма Ата атауының орысша Алма-Ата деп сызықша арқылы жазылуы сол тілдің орфографиялық заңына байланысты жайт.

Жетісу өлкесінде археолог ғалымдар жүргізген зерттеулер нәтижесінде анықталған ескі қоныс, мекен, қала аттары, олар туралы деректерге тоқталып өтер болсақ, мына төмендегі жайттарды анық көреміз. Екіөгіз – орта ғасырда Жетісу өлкесіндегі белгілі қала. Ол М. Қашқаридың XI ғасырдағы картасында да көрсетілген. Оның Іле өзенінің шығысында орналасқаны, онда парсы көпестерінің тұрақтайтынын белгілі саяхатшы Рубрук жазса, 1939 ж. А.Н. Барнштам, 1997 ж. К. Байпақов сынды археолог ғалымдар зерттеп, қала 8-9 ғасырларда болған деген пікір айтты. Еңбекшіқазақ ауданындағы Қаратұрық ауылының да 8-9 ғ. салынғаны, осы аудандағы Қаракемер тұрағын зерттеген А.Н. Бернштам (1939 ж.), Е.И. Агеева (1956 ж.) қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдарды сараптау нәтижесінде оның

да көнелігін айтты. Археологтардың зерттеу жұмыстары барысында Панфилов ауданындағы Алмалы жанынан ежелгі Алмалы қаласының орны, Бақанас ауданындағы Ақтамның 10-12 ғасырдағы қала орны екендігін, Көктұманың Жетісудағы ортағасырлық қала екендігі анықталып отыр. Көктұма ауылы Жетісудағы ортағасырлық жұрты саналады. Ол 9 ғасырда Қимақ елінің орталығы болған. Ол қала орны бұл күнде түгелдей жоқ болған. Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы ауылының маңайындағы обаларға 1939 ж. А.Н. Бернштам бастаған Жетісу археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. Табылған заттарды зерттеу нәтижесінде олардың көне дәуірге тәндігін анықтады. Демек, бұл жерде тұрақ, қоныстардың да сол дәуірлерде болғаны ғой.

Бұл сияқты археологиялық қазба жұмыстар Жақсылық, Сарыжаз, Шелек, Қарақұдық ауылдары маңайларында да жүргізілді. Бұл жерлерде өткен дәуірлер мен орта ғасырларда қоныс, мекендердің болғаны дәлелденді.

Жамбыл ауданындағы Ақтерек ауылы төңірегін 1996-1997 ж. археологиялық зерттеулер барысында, 14-16 ғ. жататын қазақ хандығының алғашқы кезеңінен отырықшы қыстақтары мен қоныстары және үй құралдары табылып, Ақтерек ескерткіштері көшпелі тайпалардың отырықшы халықтармен байланыста болғанын анықтады.

Бұл айтылғандардан Жетісу өлкесінде ерте кездегі сақ, үйсін дәуірлерінен бастап XVI ғ. дейін гүлденген қалалар мен қыстақ, тұрақ, елді мекендердің болғандығын, бірақ уақыт табына орай олардың қирап, сынып, жер астында қалғанын көрсек, XVII ғ. бастап, Жетісу өлкесінде Жоңғар қалмақтарының үздіксіз шабуылы, толассыз шапқыншылығының салдарынан көшпелі өмір үстем болып, қыс қыстауда, жаз жайлауда отыру салтының кеңінен етек алғанын байқаймыз. Яғни беймаза жаугершілік заман отырықшылыққа өз зиянын қатты тигізген. Ірі қалалар мен қалашықтар ғана тіршілік нысаны болып отырған. Алай-

да ел ауыл-ауыл болып жаз жайлауға көшсе, қыс қыстақтарды мекен еткен.

XVIII ғ. қазақ халқының жойқын шабуыл, күшті соққысынан есеңгіреп, басын көтере алмай жеңілген Жоңғар қалмақтары тарих аренасынан мүлдем жойылды. Осыдан кейін қазақ халқы ғасырдан аса шеккен ауыр азаптан арылып, шаруашылығын түзеп, еңсесін көтерді. Жаугершілік заманда үнемі көшіп-қонып, тыным таппаған ел ес жиып, жау қолынан азат етілген ата қоныс, мекендеріне мекем бекіп, оларды көркейтуге кірісті. Сол мекендеріне жайғасып, отырықшылық кәсіппен де шұғылдана бастады. Бұрынғы қыстақ, ауыл, кент, кеніштерге қоса жаңадан салынып, ірге тастары қаланған мекендер саны да өсе түсті. Атап айтқанда, Кеген ауылының ірге тасы – 1841 ж. қаланса, Қапал – 1846 ж., Үшарал ауылы (кейін кент) 1861 ж., Нарынқол ауылы 1872 ж., Жаркент 1882 ж., Көктұма ауылы 1906 ж. қаланды.

XIX ғ. II жартысынан бастап Ресейден қоныс аударған шаруалар келген соң бұл өлкедегі орыс тіліндегі елді мекендер саны көбейе бастайды. Ондай атаулар Алматы, Талдықорған өңірлерінде жүздеп кездесетін еді. Бұл үрдістің әсіресе Кенес өкіметі құрылған соң, 30 жылдардан бастап үдей түскені көпке мәлім. Серіктестік, ұжымдастық, елді коллективтендіру саясатымен құрылған көптеген елді мекен аттары орыс тілінде қойылып отырды. Оған қоса идеологиялық тұрғыдан қойылған атаулар да асып түспесе, кем болмады. Олардың ірге тастары қаланған уақыт пен мерзім, нақты жылдар ресми құжаттарда көрсетіліп отырды. Мысал ретінде сол іргетастары белгілі бір мерзімде қаланған елді мекендердің біразын ғана көрсете кетуді жөн көрдік. Олар:

Абат ұйғыр ауданындағы ауыл 1930 ж., Ақсу ауылы 1930 ж., Кетпен ауылы, іргетасы 1930 ж., Көкжазық ауылы 1930 ж., Коксай 1935 ж. (1998 жылға дейін «Путь Ильича» аталып келді), Фабричный кенті 1937 ж., Лепсі кенті 1938 ж., Матай кенті

1938 ж., *Сарыөзек кенті* 1938 ж., *Балпық би кенті* (бұрынғы Киров) 1942 ж., *Панфилов* 1943 жылдан кент, *Боралдай* 1944 жылдан кент, *Талдықорған* 1944 жылдан қала, *Молалы* 1949 жылдан кент, *Текелі* 1952 жылдан қала, *Көкжиде* ауылы 1957 ж., *Көктал* – Балқаш ауданындағы ауыл, іргетасы 1961 ж. қаланса, *Көктал* – Панфилов ауданындағы ауыл, іргетасы 1957 ж. қаланған. *Кеңдала* – Талғар ауданындағы ауыл, 1959 ж., *Талғар* 1959 ж. қала, *Қаскелең* 1963 ж. қала, *Ават* – Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл 1964 ж., *Жансүгіров*, кент 1964 ж., *Көктерек* – Сарқант ауданындағы ауыл, 1965 ж., *Тұйық* – Райымбек ауданындағы кент 1965 ж., *Есік* 1968 ж. қала болып атанса, *Сарқант* 1968 жылдан қала, *Үштөбе* 1968 ж., *Қапшағай* 1969 ж. қала мәртебесін алды. Сондай-ақ *Бескөл* ауылының іргетасы 1970, *Өтеген батыр кенті* (бұрынғы Энергетический) 1970 ж., *Горный* – Жамбыл ауданында 1982 жылдан кент, *Первомайский* – Іле ауданы 1983 жылдан кент атанды.

Сөз етіп отырған бұл елді мекендер (*ойконимдер*) құрамында: ру, тайпа, халық атауларынан (*этноойконим*) қойылғандармен қатар адам аттарынан (*антропоойконим*) қойылғандары басым келеді. *Этноойконимдер*: Айқым ауыл, Балғалы ауыл, Матайтау, Наймансүйек ауыл, Төлеңгіт ауыл, Үйсінасу асу т.т., *антропоойконимдер*: Айдар ауыл, Алдаберген ауыл, Амангелді ауыл, Елтай ауыл, Ескелді би ауыл, Қабанбай ауыл, Қарасай ауыл, Өтеген батыр кент, Панфилов кент, Райымбек ауыл, Сатай ауыл, Бөлек ауыл, Сұраншы батыр ауыл, Байсейіт ауыл, Балпық би кент, Жайнақ батыр ауыл, Жансүгіров кент, Натаров село, Нәдірізбек ауыл т.т.

Жетісу өлкесі жер-су аттарының классификациясы

Жер-су аттарын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, оның лексика-семантикалық тұрғыдан таптастыруға арналған еңбектер аз емес. Қазақстан жер-су аттарының (топонимдерінің) лексика-семантикалық классификациясына назар аударудың ең басты

мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірмен байланысын анықтап білу болып табылады.

Бұл өлкедегі жер-су аттары да (топонимдер) республикамыздағы басқа атаулар сияқты қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп, жаңарып отырған. Жергілікті тұрғын халық өздері мекендеген, көшіп-қонып жүрген жердің бет-бедеріне, суының ащы-тұщылығына, көлемі мен ағысына, жалпы олардың алуан түрлі қасиеттері мен белгілеріне қарай ат беріп, айдар тағып отырған. Сондықтан да ондай атаулар белгілі бір мән-мағынаға ие. Сондай атаулардың басым тобы елдің шаруашылық, тіршілік кәсібіне сай қойылып отырғанын көреміз. Олай болса өлке топонимдерін семантикалық тұрғыдан, яғни мән-жайын анықтап зерттеудің мәні зор.

Топонимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект (нысан) жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жерге, оған қойылып отырған атауға адамның қатыстығын да көрсетіп, анықтап отырады. Олай болса белгілі бір топонимнің мән-мағынасын ашып, анықтау барысында лексика-семантикалық классификация тиімді әдіс болып табылады.

Бұл ретте белгілі ғалым В.А. Никонов топонимдерді зерттеуде әр түрлі семантикалық типке бөлуді орынды санайды. Олар: а) географиялық объектілердің белгісіне қарай; ә) объектінің қай аймаққа тәндігіне қарай; б) арнайы қойылған атаулар. Көрнекті ғалымдар В.Н. Топоров, О.Н. Трубачев, А.В. Суперанская, А.И. Рудных, А.Г. Беккер, А.И. Яценко және А. Әбдірахманов, С. Атаниязов, О.Т. Молчанова, А.А. Камалов, К. Қонқабаев зерттеулерінде де бұл мәселеге басым назар аударылған. Осы зерттеулерге сүйене отырып, Жетісу өлкесі жер-су аттарын екі үлкен топқа бөліп қарауға болады. Олар: 1) қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін

атаулар; 2) адамдардың іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірін көрсететін топонимдер.

Жетісу өлкесінің жер-су аттарын таптастыру нәтижесінде бұндай отырықшылыққа байланысты топонимдердің сан жағынан аз екенін білдік. Ерте заманнан бұл өлкені мекендеген ру, тайпа, ұлыс, ұлт пен халықтардың өмірі негізінен көшпелі және жартылай отырықшылыққа байланысты болғандықтан, мұнда қоршаған ортаның физика-географиялық ерекшелігін білдіретін топонимдердің көптеп қойылып отырғанын көреміз.

1. Қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер

Бұл топтағы топонимдер ішінара бірнешеге бөлінеді. Олар: табиғат көрінісі мен ауа райына, өзен, көл, сулардың үлкен-кішілігіне, дәміне, өсімдіктер мен жан-жануарлар атауларына байланысты және де түр-түс пен сан есім, қазба байлықтар атаулары мен жер бедеріне, ауа райына байланысты сөздерден қойылған топонимдер.

1. Өсімдік атауларынан қойылған топонимдер.

Бұл өлкеде кездесетін тал, терек, қамыс, ағаш, қарағай, қараағаш, өлең, өрік, жиде, жусан, ши, арша, қурай, қайың, шеңгел, ырғай, алма, шілік т.б. сөздердің қосылуы арқылы жасалған жер-су аттары тән. Өсімдіктерге байланысты атаулар:

Алма: *Алма арасан, Алмалы, Алмалыбақ, Алмалық, Алматы* т.т.

Тал: *Талдықорған, Талды, Талдыбұлақ, Көктал, Қаратал, Жағатал*

Қайың: *Аққайың, Қызылқайың, Қайыңды* т.т.

Жиде: *Жиделі, Қызылжиде, Көкжиде, Қаражиде*

Арша: *Аршалы, Қараарша, Аршалыбеткей*

Терек: *Ақтерек, Көктерек, Бестерек, Теректі*

Ағаш: *Қараағаш, Бесағаш, Жалғызсағаш, Ұзынағаш, Қызылағаш*

Қарағай: *Қарағайлы, Қарағайлытау, Ойқарағай*

2. Жануарлармен байланысты топонимдер:

Арқар: *Арқар, Арқарлы с., Арқарлы т.ж.ст., Арқарлы кені*

Құлан: *Құланбасы, Құлантөбе*

Қошқар: *Қошқар (тау), Қошқаркөл*

Қоян: *Қоянды, Қояндытау, Қоянкөз*

Жылан: *Жыланды ауыл*

Бұғы: *Бұғыты тау*

3. Түске байланысты атаулар:

Ақ: *Ақбалық, Ақбастау, Ақбұлақ, Ақдала, Ақешкі, Ақжазық, Ақжал, Ақжар, Ақжол, Ақиық, Ақкөл, Аққайнар, Аққұм, Ақөзек, Ақсай, Ақтам, Ақтүбек, Ақшиоқы, Ақши.*

Қара: *Қараабдал, Қараағаш, Қараарша, Қарабастау, Қарабұлақ, Қаракемер, Қаражиде, Қарақия, Қараөзек, Қарасаз, Қаратұрық, Қарашоқы, Қарашілік, Қараишаған.*

Қызыл: *Қызыларық, Қызылауыз, Қызылащы, Қызылбалық, Қызылбұлақ, Қызылжар, Қызылжиде, Қызылсоқ, Қызылтаң, Қызылшикол.*

Көк: *Көкайрық, Көкбастау, Көкбел, Көкбұлақ, Көкдала, Көкжазық, Көкжамбас, Көкжиде, Көккөзең, Көкқайнар, Көкөзек, Көкпияз, Көксай, Көктал, Көктекише, Көктерек, Көктөбе, Көкшиоқы.*

Сары: *Сарыбастау, Сарыбұлақ, Сарыдоғал, Сарыесік, Сарыжаз, Сарыөзек, Сарықора, Сарытау, Сарытауқұм, Сарытоғай, Сарытөбе, Сарытөр.*

4. Сан есімдердің қатысы арқылы жасалған топонимдер

Бес: *Бесағаш, Бесбатыр, Бескөл, Бесқайнар, Бесқасқа, Бесмойнақ, Бестас, Бестоған, Бесшағыл.*

Тоғыз: *Тоғызбұлақ, Тоғызтарау*

Қос: *Қосағаш, Қосқолаң, Қосқұдық, Қосқұмбез, Қосөзен, Қостөбе*

Жеті: *Жетіжол – тау сілемі, Жетісу*

Екі: *Екіаша, Екіөгіз*

Үш: *Үшарал, Үшбұлақ, Үшбүйен, Үшжарма, Үшқақпақ, Үшқараиш, Үшқарқара, Үшқоңыр, Үштөбе*

Мың: *Мыңбұлақ, Мыңжылқы, Мыңшұқыр* т.б.

2. Адамдардың іс-әрекеті, тұрмысы және қоғамдық өмірімен байланысты атаулар

1. Көшпелі өмір бейнелерін көрсететін атаулар: *Жетіжол, Жүзасу, Тікқия асуы, Үйсінасқан - асу, Есекартқан - асу, Қараиштың сазы, Қастек асуы, Естібай асуы, Көпір - ауыл, Көшпелі тауы, Қалмақасу, Қастек асуы, Жүзасу, Қалмақан биігі;*

2. Жер шаруашылығына байланысты атаулар: *Ақдала - ауыл, Алмалы, Алматау, Бестоган, Бозой, Егінсу, Жаңақұрылыс, Кеңдала, Желдіайырық, Қосқұдық, Құрқұдық, Қызыларық, Тастыөзек, Тастөбе* т.т.

3. Елдің қоғамдық өмірі мен тұрмыс жайынан мағлұмат беретін атаулар.

Тұрғын елдің тұрмысы, мәдениеті мен өресі, оның қоғамдық өмірі жайлы мәлімет беретін жер-су аттары да аз емес. Ол жер-су аттарын бірнеше топқа бөліп қарастырудың реті бар:

а) жергілікті тұрғындардың хал-жай, тұрмысы жайына байланысты атаулар: *Алғабас, Береке, Диқан, Жаңақұрылыс, Жаңашаруа, Кеңқарын, Балғалы, Балықшы, Малиат, Тиірмен, Жерсуат, Тұздыбастау* т.т. ә) әдет-ғұрып, салт-сана, ойын-сауықпен байланысты атаулар: *Мәдениет, Өрнек, Аманбөктер, Арқанкерген, Байбұлақ, Еламан, Ешкіөлмес, Кіндіктас, Қаншеңгел, Қосқұмбез, Біріншімай, Сантас, Балтабай* т.б.

б) туыстық, ағайын, жекжат пен діни көзқарасқа байланысты жер-су аты өлкеде тым сирек кездеседі. Мысалы: *Қыземшек - тау, Қатынсу - өзен, Төрежайлау, Әулиеағаш, Мұсылмансай - өзен;* г) жаугершілік, ел қорғау, батырлық жайлармен байланысты атаулар: *Аңырақай - ауыл, Қырғынтекше, Ереуілтөбе, Жауғашты, Жауынгер, Жеңіс, Қарауылтөбе, Қорған, Ойран-*

төбе, Орбұлақ; д) мал атауларымен (фаунамен) байланысты атаулар: *Айғыржал, Алаайғыр, Ақешкі, Бозінген, Бура, Бура-тал, Есекартқан, Ешкіөлмес, Жиренайғыр, Торайғыр, Тұлпар, Қозыбасы, Қошқар, Қошқаркөл, Қойтас, Тайбақай, Тайсаурық, Мыңжылқы, Тұлпар, Шыбышы* т.т. е) жергілікті елдің қоныс, жайлауларын білдіретін атаулар: *Белжсайлау, Жайлау, Ойжайлау, Төрежайлау, Асы, Қарқара, Шалкөде, Сырт, Аралтөбе, Бозой үстірті, Екіаша, Шабық жотасы, Күреңбел, Мыңбұлақ, Мыңжылқы, Үшқоңыр, Суықтөбе, Шұбартал* т.т. Бұл көрсетілген мысалдар Жетісу өлкесінің жер-су аттарының шағын бөлігі ғана. Олардың барлығы болашақта шығатын жеке ғылыми монографияда толық көрсетілмек.

Жетісу жер-су аттарының құрылымдық жүйесі

Топонимдердің құрылымдық сипатын түркітану білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде зерттеген ғалымдар аз емес. Олардың баса назар аударған мәселелері – синтаксистік құрылымдағы топонимдердің компоненттері мен орын тәртіптері және жасалу заңдылықтары.

Жетісу топонимдері де құрылымдық сипаты мен жүйесіне қарай дара тұлғалы, біріккен тұлғалы және күрделі тұлғалы болып келеді. Дара тұлғалы топонимдер, негізінен жалпы есім сөздерден жасалып, көбіне қосымшасыз болады. Мысалы: *Күш* – а., *Оян* – а., *Саз* – тау, а., *Төте* – сай, асу, *Шат* – жақпар тасты жер, *Быжы* – өзен, а., *Асы* – өзен, жайлау, *Қату* – тау, *Қу* – тау, жер, *Таз* – тау сілемі, *Шажә* – өзен т.т.

Бұл топтағы топонимдер тұрақты қалыптасқан дәстүрмен белгілі бір нысанаға атау ретінде қойылып, оның бастапқы заттық мағынасын өз бойында сақтап қалады. Оларға жалғау, жұрнақ жалғану нәтижесінде жаңа мағыналы атаулар пайда болады. Бұндай жолмен жасалған атаулар туынды тұлғалы болып аталады да жаңа мағынаға не болып нысанды анықтай түседі. Мысалы: *Алмалы* – а., *Алмалық* – а., *Арқарлы* – тау, а.,

т.ж.ст., *Бақалы* – а., *Достық* – а., *Қоғамшыл* – а., *Қойлық* – а., *Құйған* – а., *Темірлік* – өзен, а., *Шоқпар* – тау, *Балықшы* – а., *Жақсылық* – к.қ.орны, *Жаңалық* – а., *Сауыншы* – а., *Тегістік* – а., *Теңлік* – а., *Теректі* – өзен, а., *Тозғақ* – ж., *Түлкілі* – өзен, *Үкірші* – тау қыраты, *Шақпақты* – жайлау, *Шеңгелді* – а., *Бұғыты* – тау, *Шыбынды* – тау, т.т.

Бұл топонимдердің құрамындағы қосымшалар: *-лы, -лі, -ды, -ты, -ті, -лық, -лік, -дық, -тық, -тік, -ған, -қан, -кен, -шы, -ші, -шыл* аймақтық басқа топонимдер де жиі кездеседі.

Топонимдердің тұлғаларының өзгеруінде қосымшалардың орны ерекше. Ондай туынды тұлғалы топонимдер жасауға тіліміздегі жұрнақ, жалғаулардың тілдің ішкі заңымен тікелей байланысты екені заңды құбылыс.

Жетісу өлкесіндегі ең мол топонимдер – екі не үш сөзден жасалған, біріккен тұлғалы топонимдер. Олар қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сай ешқашан да бөлек не сызықша арқылы жазылмай, тұтас бірге жазылады. Мысалы: *Азутас* – тау жалы, *Айнабұлақ* – а., *Ақбастау* – а., *Ақдала* – а., *Ақиық* – а., *Аққайнар* – а., *Ақсеңгір* – а., *Ақтекие* – а., *Ақсай* – а., *Байбұлақ* – а., *Байзерек* – а., *Баласаз* – а., *Басши* – а., *Баянжүрек* – тау, *Бесқасқа* – а., *Бозой* – а., *Жалаңашкөл* – көл, а., *Жаңаарна* – а., *Қарабұлақ* – өзен, а., *Мойынқұм* – а., *Сарыөзек* – т.ж.ст. *Сарыбел* – а., *Тауқара* – а., *Терісаққан* – өзен, *Аршалыбеткей* – жер, *Бесқарқара* – өзен, тау, *Сарытауқұм* – құм, *Тасқарақұм* – құм, *Тасқарасу* – а., *Тауқаратұрық* – а., *Шоқанасқанасу* – асу.

Белгілі ғалым Н.А.Баскаков түркі тілдерінің құрылысы жайлы айтқан ой-пікірлерінде атрибутты тіркеске назар аударған еді. Әсіресе изафет деп дұрыс аталмай келген дәстүрлі атаудың құрылымдық табиғатына терең тоқталады да оған жаңа атау: детерминативті (дәстүрлі изафет) тәуелді жалғаулы сөз тіркестері (дәстүрлі изафет II және III) деген ат берген. Түркі тілдеріндегі бұл конструкциялар жалқы есімдердің бәрінде, оның ішінде, топонимдерде кеңінен қолданыс табады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, *таудың басы* деген тіркес тау басы деген тіркестен көне. Соған қарағанда, тәуелдік жалғауларының екеуі бірдей кездесетін географиялық атауларды ең көне, бір ғана тәуелдік жалғаумен келген немесе жалғаусыз конструкциялы топонимдерді соңғы дәуірлерге тән деп қарауға болады. Бұған дәлел ретінде Жетісу өлкесіндегі топонимдерден мына төмендегілер тән екені шүбәсіз. Мыс.: *Манастың бозтөбесі, Қарааштың сазы, Бозойдың үстірті* (бұлар ең көне тәсіл), ал *Амангелді шыңы, Жамбыл мұздығы, Райымбек бастауы, Жоңғар қақпасы, Жабық жотасы, Темірлік асуы, Тұйық шыңы, Көшпелі тауы, Шарынарна шұңғылы, Сарқан асуы, Сарқан тауы, Күреңбел жайлауы, Іле ойысы, Қалған көлі, Іле Алатауы, Мыңбұлақ жайлауы, Қастек асуы, Бұратал аңғары, Естібай асуы, Бозай үстірті* тектес атаулар соңғы дәуірлерде жасалған топонимдер болып саналады.

Тәуелдік жалғауының топонимдердің көбінде түсіп қалуы, яғни элизиялық жайттар тілдік заңдылықтарға тән құбылыс. Ондай топонимдерге бұл өлкеде мыналар тән. Мысалы: *Итішпес, Алакөл, Қорғас Арасан, Теріскей, Алатау, Сарыесік атырау, Борандыасу, Орақты төбе* т.т.

Өлке топонимдерінің морфологиялық құрылымы

Республикамыздың басқа аймақтарының топонимдері сияқты Жетісу өлкесі топонимдерінің де басым тобы зат есім, сын есім, сан есім сөздерден жасалған. Осымен қатар топоним жасауда басқа да сөз таптарының – етістік, есімдік, үстеу т.б. қатысуы байқалады. Бірақта олардың ішіндегі ең басым көбі – зат есімдерден жасалған топонимдер.

Зат есім сөздерден жасалған топонимдер құрылысына қарай дара және күрделі тұлғалы. Дара тұлғалы топонимдер ішінара бірнеше семантикалық топтан тұрады.

1. Кісі аттарынан қойылған топонимдер: *Абай, Аманкелді, Ағынтай, Қабанбай, Райымбек, Әйтей, Әлмерек, Қарасай,*

Балтық би, Ескелді би, Байғозы, Бөгенбай, Жамбыл, Малайсары, Қапал, Қанабек, Жандосов, Кәкімжан, Қастек асуы, Саурық батыр, Сатай, Бөлек т.т.

2. Этнонимдерден қойылған (ру, тайпа, ұлыс, халық аттарынан): *Айқым, Бура, Балгалы, Матай, Шапырашты, Шажа, Қалмақасу, Қазақстан, Еңбекшіқазақ, Қожбан, Қайназар, Жоңғар қақпасы, Наймансүйек* т.т.

3. Гидронимдерден (өзен, су, көл, бастау, бұлақ) қойылғандар: *Айнабұлақ, Айнакөл, Ақбастау, Ақкөл, Ақсу, Қайнар, Көкқайнар, Қасқасу, Өсек, Сарыбастау, Сарыбұлақ, Көлбастау, Көлащы, Көлді, Бесқайнар* т.т.

4. Өсімдік атауларынан қойылған топонимдер: *Қайыңды, Жыңғылды, Алматы, Алмалы, Ерменсай, Жиделі, Қаражиде, Қызылжиде, Пияз, Шилібастау, Шилікемер, Шилісу, Бақбақты, Доланалы, Жалқамыс, Қамысқала, Аршалыбеткей* т.т.

5. Орман, тоғай, ағаш атауы атауларынан қойылған топонимдер: *Орман, Теректі, Қайыңды, Қарағайлы, Ойқарағай, Қосағаш, Қызылағаш, Ақтоғай, Сарытоғай, Суықтоғай* т.т.

6. Хайуандар мен аң, құс, жәндіктерден қойылғандар: *Арқар, Арқарлы, Аюлы, Бура, Бозінген, Бұғыты, Есекартқан, Ешкіөлмес, Қойтас, Қоянды, Қоянкөз, Түлкілі, Арыстан, Бүркітті, Қырғауылды* т.т.

Зат есім сөздерден жасалған дара, біріккен тұлғалы топонимдер тарихи атауларға айналып, кетсе де бастапқы жалқы есімдік мән-мағынасын берік сақтап, бәз қалпында қалып отырады.

Сын есімдерден жасалған топонимдер

Өлкедегі жер-су аттарының сын есім сөздерден жасалуында белгілі бір себептер бар. Жердің бет-бедерін, ой-шұқыр, түртүс, үлкен-кішілігін, жазық, қыр-қыратты екендігін, судың дәмінің ащы-тұщы, иісін білдіретін сөздер, негізінен сын есімдер. Ондай сын есімдердің қатысы арқылы жасалған топонимдер дара және біріккен тұлғалы болып келеді. Біріккен

не күрделі тұлғалы топонимдердің анықтауыш компоненттері үнемі сын есімдерден құралады. Сын есімнен жасалған топонимдер бірнеше лексикалық топтардан тұрады.

1) түр-түске байланысты топонимдер;

2) судың, өзен, көлдің ащы-тұщы дәміне байланысты топонимдер;

3) заттың, судың, өзен, көлдің т.б. ұзын-қысқа, терең-таяздығына, жақсы-жамандығына байланысты топонимдер;

4) жердің, тау-шыңның ауыл, аймақтың үлкен-кішілігіне, ескі-жаңалығына байланысты топонимдер;

5) жер-судың, ауа райының ыстық-суықтығына, табиғат құбылысына байланысты топонимдер;

6) өзен-көлдің, бастау мен бұлақтардың сыр-сипатына, терең-таяздығына, тазалығы мен лайлы түріне байланысты топонимдер.

Құрамында қатыстық және сапалық сын есімдер арқылы жасалған Жетісу топонимдері өте көп. Олар құрылымдық жүйелері жағынан Республикамыздың басқа облыстарындағы топонимдік жүйеге ұқсас та сәйкес. Бұның өзі жер-суға ат қойып, айдар тағу дәстүріндегі әдет-ғұрып, себеп-салдардың халыққа тән, ортақ ой-өрісі, оның мәдени дәрежесімен біртұтас, өзгермес бірлікте екендігін толық көрсетеді.

Сан есімдер арқылы жасалған топонимдер

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер, жер-су аттары құрамындағы сын есімдер лексика-семантикалық тұрғыдан біршама зерттелді. Ономаст ғалымдар зерттеулеріне зер салсақ, ономастикалық кеңістікке тән топоним, антропоним, этноним, космонимдер құрамында кейбір сан есімдер өзінің бастапқы мағынасынан ауытқып, басқа мағынаға ие келетінін көреміз. Бұл жағдай бір ғана аймаққа тән құбылыс емес. Алайда есептік сан есімдердің негізгі тура мағынасында қолданылатыны аян.

Ал Е.Қойшыбаевтың пікірінше, кейбір үшті сөзі *оғұз* (*су*) формасынан өрбіген туынды форма деп, ұғуздың «үш» формасына айналуын Е.Қойшыбаев былайша пайымдайды: *оғұз* ≈ *ұғс* ≈ *үс* ≈ *үш* ≈ *уч*¹ Біздің байқауымызша, топонимдер құрамында келетін үш сан есімі көп ретте өзінің сандық мағынасында қолданылады. Ондай сан есімдер тау мен байланысты атауларда да жиі кездеседі.

Қазақстанның кең-байтақ өлкесіндегі жер-су аттарының біразы сол сан есімдер мен жұп сөздердің қатысы арқылы жасалатынын Республикалық, облыс карталарында берілген жер-су аттарынан да анық көруге болады. Ондай топонимдер Жетісу өлкесінде де баршылық. Олардың ішінде «үш», «бес», «жеті», «тоғыз», «мың» сөздері құрамында келіп, «киелі», «қасиетті» мәнде қолданылып, этнографиялық ұғым беріп тұрған жоқ.

Бұл өлкеде есептік сан есім арқылы жасалған топонимдер құрамы төмендегідей.

Бір (1) сан есімімен байланысты топонимдер некен-саяқ болғанымен, оның синонимі *жалғыз* сөзінің қосылуы арқылы жасалған *Жалғыззағаш* – жер, *Жалғыззағаш* – ауыл атаулары бар. Ал екі (2) сан есімі құрамында бар топонимдер де санаулы ғана болғанмен (Екіаша, Екіөгіз), екі сөзінің синонимі саналатын *қос* сөзі құрамдарында келетін: *Қосқолаң*, *Қоскүмбез*, *Қосөзен*, *Қостөбе* сияқты атаулар бары аян. Үш (3) сан есімімен байланысты топонимдер саны онға жуық. Олар: *Үшарал* – қала, ауыл, *Үшбұлақ* – ауыл, *Үшбүйен* – өзен, *Үшжарма* – ауыл, *Үшкөл* – көл, *Үшқақпақ* – тау, *Үшқарааш* – тау, *Үшқарқара* – тау, өзен, *Үшқашар* – таулы мекен, *Үшқоңыр* – жайлау, *Үштөбе* – қала,

Құрамында *үш* сөзі бар жоғарыда аталған атаулар нысанның (объекттің) нақты санын білдіргені болмаса «киелі», «қасиетті»

¹Койчубаев Е.О семантике ведущих имен числительных в фразеологических оборотах этнических и топонимических образованиях казахского языка//Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969, с. 253-263.

ұғымды көрсетіп тұрмағаны кімге болса да, айқын да анық көрініп тұр.

Сол сияқты бес сөзі құрамдарында бар: *Бесағаш, Бесбатыр, Бескөл, Бесқайнар, Бесмойнақ, Бестас, Бестоган* топонимдерінің де берер мағынасы белгілі бір заттық нақты 5 екенін білдіріп тұр. Мұнда да жалпылық, көптік мағына байқалмайды. Алтыұй атты ауыл аты да осы тектес. Мұндай құбылысты Жетіген, Жетіжол, Жетісу топонимдерінен де байқаймыз. Бірақ Жетіген, Жетісу атауларының да түп мағынасы бірдей сияқты көрінеді. Оған дәлел – көне түркі тілінде -ған, -ген, -қан, < хем сөзінің «өзен» мәніндегі сөз екені ғана. Сонда *Жетіген* – «*Жетіөзен*», «*Жетісу*» дегенге саяды. Бұл өңірде тоғыз сөзімен байланысты *Тоғызбұлақ, Тоғызтарау*, ал он сөзімен байланысты *Онжас* деген атаулар ғана бары байқалады. Бұл атаулардың да берер мағынасы «бұл жерде *тоғыз* бұлақтың», «тоғыз тарау жолдың» барын, *Онжас* – «белгілі бір мерзіммен» байланысты қойылғанын аңғартып тұр. Ал *Мыңжылқы, Мыңбұлақ, Мыңшұқыр* атаулары белгілі бір нәрсенің мың санын емес, «көптігін» меззей қойылған сияқты.

Жоғарыда көрсетілген мысалдар Жетісу өлкесінің топонимдер жүйесінде сан есімдердің қатысуы арқылы жасалғандардың аздап болса да белгілі дәрежеде орын алғанын байқатады. Олардың ішінде есептік сан есімдерден жасалғандарымен қатар жұптық мағынадағы сан есімдік сөздердің де қалыптасқанын анық көреміз. Олар нысанның (объект) екеу екенін не қатар тұрғанын көрсетумен қатар, әлдебір себеп, уәжбен де байланысты болып келеді.

Етістік тұлғаларының қатысуы арқылы жасалған топонимдер саны 20 шақты ғана атау. Олар: *Алғабас, Бұрған, Демікпе, Есекартқан, Жауырынбайлаған, Жеңдік, Сақтан, Терісаққан, Ұмтыл, Үйсінасқан, Шоқанасқан асу*. Көрсетілген топонимдер құрамындағы *бас, пе, артқан, байлаған, жеңдік, сақтан, аққан, асқан* сияқты етістік тұлғалар көбіне біріккен тұлғалы

атаулардың анықтаушы компоненттері ретінде қолданылып отырған. Етістікті топонимдердің Республика көлеміндегі мыңдаған топонимдер құрамында мол екені даусыз.

Жетісу өлкесі топонимдерінің жасалуында да лексика-синтаксистік тәсіл бары анық байқалады. Құрамды топонимдер құрылымына қарай: анықтауыш конструкциялы топонимдер және есім конструкциялы топонимдер ретінде екі топқа бөлінеді. Бұл мәселе өз алдына зерттеуді қажет ететін жұмыс болғандықтан біз оған тоқталмадық. Жетісу өлкесі топонимдерінің қазақша жазылуы қазақ тілінің орфография заңына сай жазылса, орысша жазылуында ҚР Білім және ғылым министрлігінің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен География институты жазып, ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы бекіткен «Инструкция» по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» (Алматы, 2002) атты еңбекке сүйендік.

САРЫАРҚАНЫҢ СЫРҒА ТОЛЫ АТАУЛАРЫ

Республикамыздың ұлан-байтақ даласының көлемді де үлкен аймағы саналатын Сарыарқадағы жер-су аттарының жалпы саны бір миллионға жуық болар, дегенге ешкімнің күмәндана қоймасы хақ. Өйткені жағрапия маманы Н.Баяндин «Сарыарқа» атты мақаласында «Сарыарқаның жер көлемі бүкіл республика жерінің үштен бірін алып жатыр... Халықтың тауып қойған бұл атауының географиялық үлкен мәні бар. Құлашын кеңге жайған, бір жағымен Оралға, екінші жағымен Алтайға тіреліп жатқан үлкен территорияның орта шені жоталанып, дөңгеленіп, солтүстікте Батыс Сібір, оңтүстікте Балқаш-Алакөл ойпатына қарай бірте-бірте аласара береді» деп орынды айтқан. Сарыарқаға Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарымен қатар Торғай алқабы мен Шығыс Қазақстанның Семей өңіріндегі біраз жерлер тән. Ресми экономикалық аудан ретінде бұл аймақ Орталық Қазақстан аталады. Орталық Қазақстан, негізінен, Сарыарқаның көтеріңкі солтүстік бөлігін қамтып жатыр. Оның шығыс және солтүстік жағындағы ең биік жері – Қызыларай тауы және гранит тау массивтері – Қарқаралы, Ақсоран кені, Қу, Қызылтас, Ереймен, Көкшетау, Оқжетпес, Баянауыл т.б. аласа таулы аймақтар. Бұл алқаптың батысында Ұлытау болса, қалған жері ұсақ шоқылы, қырқалы, төбелі, белесті жазықтық.

Бұл аймақтың жер-су атауларының құрамында, негізінен, физикалық-географиялық атаулар басым. Әсіресе тау, жота, қыр, қырқа, қырат, асу, бел, белес, төбе, төбешік, шоқы, көл, көлмек, көлшік, өзен, бастау, тұма, бұлақ атаулары да мың сан. Ал енді мекен атаулары – *ойконимдер* де аз емес. Осыншама мол жер-су аттарының шығу, пайда болу жайлары мен мән-мағыналары бұл аймақты ерте замандардан қандай ру, тайпалар мекендеген деумен қатар, қазақ ру, тайпалары бұл жерде қашан, қай заманнан бастап өмір сүрген? деген мәселелер де зерттеу нысаны болған.

Тарихи деректер бойынша, қола дәуірінде бұл аймақтағы тайпалар Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу және Талды-Нұра бойлары, Бұғылы, Бегазы, Қызыларай, Кент, Қарқаралы тауларының баурайларын қоныстанған. Бұл өңірде қола дәуіріне тән 30 мың қоныс және 150 ірі мазарлар табылған (1. 1977, 134). Көне грек тарихшыларының айтуларына қарағанда, Орталық Қазақстанның кең-байтақ алқабын б.д.д. VII-IV ғасырларда исседен тайпалары мекендеген. Б.д.д. VII-I ғғ. Орталық Қазақстандағы тайпалардың мәдениеті тасмолалық деп аталды. Себебі, оның археологиялық қазба жұмысы бойынша көп табылған жері *Тасмола* аталатын жермен байланысты еді. Ірі қорғандар *Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Қызылтас, Кент, Қу, Ортау, Ұлытау, Арганаты, Желдітау, Тайатқан, Шұнақ* таулары етегінде орналасқан болса, Балқаш жағалауындағы қорғандар *Қотанемел, Тесіктас, Қайрақтас, Жалғызтау, Жорға, Көксеңгір* тауларының баурайларында топталған. Ерте темір дәуірінде мысты тауда өңдеудің ізі Балқаштың солтүстік маңайында (*Тесіктас, Кенелі, Саяқ, Қызылтас, Сорқұдық*), Нұраның жоғары ағысында (*Алтынсу, Бесшоқы*) сақталған Орталық және Солтүстік Қазақстанда ерте заманнан отырықшылық мәдениеті болғанын ұзақ жылдар бойы зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеген академик Ә. Марғұлан болды (2. 1979). Бұл дәуірге тән мәдениеттің бірі – тасқа салған суреттер. Бұл суреттерде үй хайуанаттары бейнеленген. Олар *Ұлытау, Қалмаққырған, Сарысу* өзендері бойында, *Нұра* жағалауы мен *Өлеңтіде, Балқаш* және *Бетпақдала* аймақтарында кездеседі.

Б.д. I-II ғасырларында шығыстан Гун (Хун) тайпаларының ауып келіп, Орталық Қазақстанды мекендегені тарихтан мәлім. VIII-IX ғғ. Орталық Қазақстан жерінен Балқаштың солтүстік жағалауына дейін кыпшақтар мен қимақтар орналасқаны араб, парсы тарихшыларының еңбегінде көрініс тапқан (3. 1939). Орталық Қазақстанды ертеден мекендеп, жерін жер-

леп отырған тайпалардың ең басты да көбі арғын тайпасының V-VII ғғ. жазба ескерткіштерден, атап айтқанда, қытай тарихшылары мен түркі жазба ескерткіштерінде айтылғанын анық көреміз (4, 1972, 7).

Сарыарқада бұл аталған тайпалармен қатар уақ, керей тайпалары және де ұлы жүз бен кіші жүздің кейбір рулары да әр заманда өмір сүрген. Бұл байтақ аймақты мекендеген тайпалар тілінде қойылған жер-су аттарының ерте замандардан-ақ бары ғылымда белгілі болып отыр. Бұның ішінде иран (парсы) тілдеріне тән атаулардың сақталуы ерекше назар аудартар жайт. Өйткені ешбір тарихи деректерде бұл өңірде иран тілді этностардың (парсы, тәжік т.б.) өмір сүргені жайлы нақты материалдар берілмеген. Қысы ұзақ та қатал, бораны қатты, жауын-шашыны мол бұл аймақта оңтүстікті мекен еткен тайпалардың өмір сүруі мүмкін емес. Олай болса, *Бетпақдала* атауындағы *бетпақ* және *Данблан*, *Дансары* атауларының құрамдарындағы дан сөзінің иран тіліндегі < *танг* «шат, шатқал», *Дарат* атауындағы ир. < *дар* (дере) «сай», «тау қыстағы», ал *Арыс* (тау, Нұра ауд.) атауының тарихшы ғалымдар пікірінше, сақ тайпасындағы басты тайпа аты екендігі баяндалған. Біздің дәуірімізге дейін бұл өлкені мекендеген сақ тайпаларының иран тілді екендігін ескерер болсақ, бұл атаулардың сол сақтар тіліне тәндігін, олардың ұзақ ғасырлар бойы сақталып, біздің дәуірімізге жетіп отырғанын анық байқаймыз. Егерде, тарихи деректерде көрсетілгендей, Қазақстанның Жетісу өңіріндегі сақтардың кейбір тайпаларының Ұлы жүз үйсіндерге сіңіп кеткенін, ал Каспий, Арал теңіздері бойындағы сақ тайпаларының Кіші жүзге сіңіп кеткенін ескерер болсақ, бұл жайттың да Орталық Қазақстанды мекен еткен сақ тайпаларына тәндігін байқаймыз. Олай болса, бұл жерлердегі иран тіліне тән атаулардың негізгі иесі сақ тайпалары екенін көреміз. Тарихшы Ә.Байбатианың Алматы, Жамбыл облыстарындағы *Асы*, *Аса* өзендері мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы *Арыс* өзені

атауларының сақ тайпаларының аты деген пікірі де шындыққа жанасатындай. Сөз болып отырған Сарыарқа аймағындағы этнос құрамы – тарихи тұрғыдан қарағанда ежелгі дәуірге тән сақтар, одан кейінгі кезеңдерде көне түркі және қазақтың көрнекті тайпасы арғындар т.б. Қазақ хандығы құрылып, XVғ. қазақ халқының қалыптасуымен байланысты бұл өлкеде қазақтардың саны көбейіп, арта түсті. Орта ғасырда бұл өлкеге қыпшақтар мен қимақ, уақ, керей тайпаларының қоныстануы, сондай-ақ монғол, кейіннен жоңғар қалмақтарының, XVIIIғ. ортасынан орыс халқының экономикалық-саяси және жаугершілік жағдайлармен байланысты т.б. этностардың араласуы, тіптен сіңісіп кетуі де жүзеге асты. Осы жағдайдың бәрі бұл аймақтағы жер-су аттарының тілдік құрамы жағынан бірнеше лексикалық қабатқа тән екендігін айқындай түседі. Демек, Орталық Қазақстан жер-су аттары лексикалық құрамы жағынан: 1) көне түркі, ескі және жаңа қазақ тіліне; 2) иран тілдеріне тән; 3) монғол (қалмақ) тіліне тән; 4) славян тілдеріне (орыс, украин) тән қабаттардан тұрады. Ал тарихи-хронологиялық тұрғыдан бұл аймақтағы топонимдер: 1) ежелгі дәуірге; 2) көне түркі дәуіріне; 3) ерте орта ғасыр, орта ғасырға тән; 4) қазақ хандығы мен қазақ халқының халық болып қалыптасу дәуірімен байланысты; 5) жаңа дәуірге байланысты топонимдер болып жіктеледі. Бұл көрсетілген дәуірлер мен лексикалық қабаттарға тән жер-су аттарының (топонимдердің) ішінде мыңдаған атаудың бастапқы мағынасы ескіріп, күнгірт тартып, тіптен сыры беймәлім құпия болып, өзгеріске ұшыраған. Ондай атаулардың мән-мағынасын анықтап, шыққан тегін айқындау аса қажет те күрделі жұмыс. Біз ондай жер-су аттары жайлы жүргізген зерттеу жұмыстарымызды зиялы қауым талқысына біртіндеп ұсынуды, сөйтіп, бұдан былай жеке-жеке мақалада беріп тұруды жөн көрдік.

Сарыарқа атауының мағынасы жайлы А.Әбдірахманов өзінен бұрын пікір айтқан Е. Қоңқапбаев, А.Н. Кононов, Е. Қойшыбаев.

Ә. Қайдаров, А. Сейдімбеков пікірлеріне сүйене отырып, атау құрамындағы *Сарыарқа* – «үлкен арқа», «кең аймақ» деген ұғымды білдіреді, – дейді де, оның екінші сыңарындағы «арқа» сөзіне кеңінен тоқталмайды, тіптен мүлдем талдау жасамайды (5, 1989. 15, 17). *Сарыарқа* атауының екінші сыңарындағы арқа сөзі бұл арада географиялық термин ретінде қолданылып тұрғанымен жеке топоним ретінде де кеңінен белгілі. *Арқа* – Республикадағы ірі географиялық нысан, дербес атау. Көптеген тарихи-географиялық әдебиеттер мен анықтамаларға қарағанда, бұл кең аймақ әуел баста *Арқа* аталып, кейінгі кезеңдерден бастап *Сарыарқа* деген қосарлы атауға ие болғаны байқалады. Арқа сөзі географиялық термин ретінде түркі тілдерінде ежелден қолданылған. Оған дәлел: түрк. *арға* – «солтүстік», тува, хак. *арго* – «тайга», «тау орманы», «созылып жатқан жон», як. *арга* – «арқа», «сырт жақ», «батыс», тув. *арга* – «таулы орман», хак. *арга* – «бел, тау жотасы», башқ. арқа – «тау жалы», «биіктік», қаз. *арқа* – «жота, жон», қарақалп. *арқа* – «арқа түс», «сырт жақ», «солтүстік», алт. *арка* – «солтүстік орман», «тау етегі», құмық. *арка* – «қорған», «шың», «тау», қырғ. «солтүстік жақ» сияқты мағыналарға ие екенін көреміз. Ал монғол тіліндегі *арка* – «арт жақ», «солтүстік» сөзі оларға түркі тілдерінен енген болу керек. Осы арқа сөзінен жасалған атаулар: Хакасияның Шырын ауданындағы *Арға* – қыр, жота, Краснояр аймағындағы *Арға* – тау қыраты, жота, Хакасияның Шырын ауд-ғы *Арға-Алты* атты елді мекені бар. *Арқа* туралы Құрманғали Халидтің 1910 ж. жарық көрген еңбегінде айтылса (6, 1910), Б.Х. Қармышева, Ш.Х. Қармышевтар: «Алтай мен Орал аралығын алып жатқан, қашықтығы 2500 км. зор аймақ: Оң Арқа және Сол Арқа (Оңтүстік Арқа және Солтүстік Арқа) боп екіге бөлінеді. Осы аймақта көшіп-қонып жүрген тайшалардың бәрі Арқа елі аталады. Және де олар өзара тау елі, ой елі деп бөлінеді» дегенді жазды (7. 1980. 110, 111). Әбілғазы Бахадүрдің «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-

Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде қолданған. Бұл көрсетілген «Арқа» сөзін акад. А.Н. Кононов әуелде «северный», соңынан «север» деп аударған. Бұл аймақтағы *Жаңаарқа, Сарыарқа, Арқалық* атауларының жасалуына да осы *арқа* сөзінің негіз болғанын анық көреміз. Түркі тілдеріндегі *арқа* сөзі мен атауының негізгі мағынасын салыстыра қарағанымызда, қазақ тілінде де *арқа* «тау жалы», «жота», «қыр», «шың», «созылып жатқан жон» мағыналарын білдіреді. Осы *арқа* сөзіне *сары* сөзінің қосылуы арқылы жасалған біріккен тұлғалы *Сарыарқа* атауы «созылып жатқан кең-байтақ жон, таулы аймақ, қырат» мәнін білдіретінін байқаймыз. Бұл аймақты мекендеген елдің солтүстікке де, оңтүстігі мен батысына да кеңінен тарауымен байланысты Оң Арқа және Сол Арқа, Арқа елі деп аталуы да заңды құбылыс болса керек.

Арғанаты – Ұлытау ауданындағы тау. Бұл атау Алматы облысының Алақөл ауд-да (Талдықорған өңірінде) және Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауд-да тау, өзен аттары ретінде кездеседі. Арғанаты атауы туралы екі түрлі халық аңыз бар. Оның біріншісінде, *Арғанаты* «арғын ата» деген мәнді білдіреді десе, екіншісінде, Шығыс Қазақстандағы *Жақсы Арғанаты, Жаман Арғанаты* атаулары жайында 1987 ж. ономастикалық экспедиция кезінде ел аузынан мынадай аңызды естігеніміз бар. «Жаугершілік заманда осы екі тауға әбден арықтап арыған екі атты тастап кетеді. Кейін сол аттың бірі өте қатты семіріп, құр болып кетеді де ол тау *Жақсы Арғанаты* аталады, ал екінші ат жақсы семірмей, арық күйінде қалады, содан ол тауды *Жаман Арғанаты* атап кетеді». Бұл халықтық этимологиядан атаудың шығу тегін қазақ тіліне, қазақ халқына бейімдеуді анық байқаймыз. Ал Ғ. Қоңқашбаев, А. Әбдірахманов, Е. Қойшабаев, Г. Сағидолдақызы өз зерттеулерінде *Арғанаты* атауын монғол тіліне тән деп қарайды. А. Әбдірахманов Ғ. Қоңқашбаевтың «Арғанаты монғолдың *ар-галитты* (арқарды) деген сөзінен шыққан. Осы Арғанаты ата-

латын тауларда бұрын арқар болған, кейбірінде қазір де бар. Арғанаты аталатын шоқы, таулар маңында Арқарлы деген таулар да қосарланып келеді» деген пікірін қуаттай отырып, «...бұл факті *Арғанаты* тауының аты монғолдың *аргалинты* (арқарлы) сөзінен қойылған, сөздің түбірі *аргана* монғол тілінде арғал, түркі тілдерінде *арқар* сөзінің жасалуына негіз болған. Ендеше атаудың түбірі арғана сөзі көне алтай заманында «арқар», «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде арғал, ал түркі тілдерінде *арқар* түріне көшсе керек. Ал *-ты* жұрнағы осы заттың (жануардың) бар екенін білдіретін, *Алматы*, *Бұғыты*, *Ырғайты* тәрізді атауларда сақталған туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ» деген пікірге мәжбүр болады (8. 1975, 63, 64). Ғалымның бұл пікірін Е. Қошыбаев, Г. Сағидолдақызының еңбектерінен де көреміз.

Біздің пайымдауымызша, атаудың бірінші сыңарындағы *арған* сыңарының түп төркінін *арқа* деп қарасақ, оның тура мағынасы «ту сырт, арқа, жота» болса, географиялық термин ретінде түркі тілдерінде *арға*, *арқа*, *арқа*, *арқалы* тұлғаларында келіп, бірнеше мағынада жұмсалатынын Арқа атауын талдағанда айттық. Сол дәлелдерге сүйенгенімізде *Арғанаты* атауының бірінші сыңарыдағы *арған* (арға, арқа) сөзін «тау қыраттары, жотасы, сілемі, тізбегі» мәніндегі сөз деп білеміз, ал екінші құрамдағы *ат* қосымшасын көне түркі дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші деудің реті бар. Ол жалғауды Арқат, Дарат, Нұрат және дулат, баят, Ойрат, керейіт тәрізді жер-су аттары мен ру, тайпа аттарынан көреміз. Ал атау соңындағы *-ы* қазақ тіліне тән тәуелдік жалғауының көрсеткіші. Демек, *Арғанаты* – «бір-бірімен жалғасқан қыр, қыратты тау тізбектері, жон-жоталар, тау сілемдері» деген мағынаға жуық. Алайда, Алтайдағы Аргун, Аргұт өзен атаулары, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай ауданындағы Арғанаты – тау аты, Алматы облысының Алақол ауданындағы тау аты Арғанаты, Қарағанды облысындағы тау аты Арғанаты, Арқа, XI ғ. Махмуд

Қашқари еңбегінде көрсетілген АРЫУ – Тараз бен Баласағұн арасындағы қала, АРЫУ – тау арасындағы жазық жер және Кавказ бен Қырымдағы елді мекен атаулары – арғын тайпасының мекендеп, тұрақтаған жерлері болғаны тарихтан мәлім. *Арғын* этнонимі негізіндегі топонимдер Кавказ, Қырым, Хакас, Қырғыз, Өзбекстан Республикаларында да бары белгілі. Ноғайларда *Аркъын* (аргун) өзені (Баскаков, 1940. 139 б.), Өзбекстандағы құрама руында *Арғын* өзені (Аристов, 1896. 388 б.), хакастарда *сеок-арғын* – қызылдар арасында *аргун* (Аристов, 1896. 345 б.), Моғұл мемлекетінде XVғ. *аркунд*, *ақанут* тайпасы (Юдин, 1969. 345 б.), Марко Поло еңбегінде *Аргон* халқы (Марко Поло, 94, 278 бб.) көне түркі тайпасы агуу (ДТС, 54 б.), Қырғызда *аргун*, *арғын* (Юдахин, 1965, 66 б.), Кляшторный еңбегінде *Аргу* мемлекеті, халқы туралы айтылған (Кляшторный, 1964. 12, 216 бб.). Бұл атаулардың барлығы арғын тайпасының тұрған, өмір сүрген жерлері болғаны тарихтан мәлім. Олай болса, ол атаулардың бәрі де арғын тайпа атынан қойылған деудің орны бар сияқты. Яғни ол атауларды этнотопоним деп танудың ешбір сәкеттігі жоқ деп қараймыз.

Бетпақдала – шөл дала, Қарағанды облысы мен Жамбыл облысының едәуір жерін қамтыған. Шу өзенінің терістігінен бастап, Балқаш көлі мен Сарысу өзенінің аралығындағы құба жон, қуаң дала. Профессор Қ.Жұбанов: «Бетпақ жалпы есім емес, сын есім тұлғалы жалқы есім, мағынасы: «бақытсыз» (ианның бад, бах сөздері)» деп жазды. Бұл атау бет+бақ+дала деген үш сөзден бірігіп жасалған. Олар үндіевропа тілдерінде (ағылшын, үнді, иран) bad «жаман, нашар», bake «жандыру, күйдіру» оған қазақ тіліндегі дала сөзінің қосылуы арқылы жасалған. Атаудың мағынасы: «аса ыстық, жаман шөл дала, жапан дүз». Бұл өлкеде көне замандарда ағылшындар мен үнділердің тұрмағанын, бірақ иран тілді сактардың өмір сүріп мекендегенін ескерсек, бұл атауды сак дәуірінен қалған көне атау деп қараудың реті бар сияқты.

Боржақтысай – Ұлытау ауданындағы сай аты. Атаудың бірінші сыңарындағы бор сөзі монғол тілдерінде: бурят. *боо-ри* «биік жер, төбе», халка монг. *буур* «тау баурайы», «етегі», ойр. *буре*, *пуре* «қатпарлы таулар» немесе «ұсақ шоқылар мен төбелер». Ал атаудың екінші сыңарындағы жақты сөзі таулы Алтай тіліндегі *жуука* «сай, жыра», *жуукалу* «сайлы, сайы бар», «жыралы» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген нұсқасы болу керек. Яғни жақты сөзі < *жуукалу* (жақ < *жуук*) < *ты* < *лу* ~ *лы*. Демек, атаудың топонимдік мағынасы: «қатпар тасты таулар» немесе «ұсақ шоқылы, төбелі жердегі терең сай» дегенге саяды. Бор сөзінің топонимдер құрамында келіп, басқа тілдерде белгілі лексикалық мағынаға ие болатыны белгілі. Мыс.: *бор* – ісіп, кебу, *борби* < бар+бый «ісіну» т.т.

Қоңырат – кент, Балқаш қаласының әкімдігіне қарасты этнотопоним. Қоңырат тайпасының VIII-IX ғасырларда мемлекеті болғанын В.М.Жирмунский еңбектерінен оқысақ, профессор Ә.Қоңыратбаев «Манас», «Манаш», «Көкше» және «Қорқыт ата» кітаптары Қияш (қоңырат) тайпалар тұсында туған дегенді айтады (9. 1991, 118). Бұған қарағанда, қоңырат тайпасы тарихының орта ғасырдың ар жағында екенін көреміз.

Қоңырат этнонимінің түркі халықтар арасында таралу шегі және ол этнонимнен қойылған жер-су аттары да аз болмаған. Монғолдарда *унгират* тайпасының болғаны (Козин, 1941. 87, 150), Рашид ад-Дин еңбегінде *кунгират* (1952 кн.1, 160-161 б.), Монғолияда Кунгэрат, Гунгир, Хунгоро деген өзен аттары бары (Лебедева, 1958, 220), эвенкілер мен эвендерде Кунгдэгир~Кондагир, Кундогир, Кумагир, Кункугир деген өзен аттары (Василевич, 1958, с.580), мәнжүрлерде *Кунгири* өзені (Лебедева, 1957), Қытайдағы сары ұйғырларда *Кон(ы)рат* өзені бары (Тенишев, 1962, 62-63), қырғыздарда кон(у)рат тайпасы, *Конгурат* деген өзен аты бары (Абрамзон, 1971, с.26), Азербайжанның Куба ауданында *Қунхырат* атты елді мекен, Озбекстанның Ферғанасында қыпшақтардың бір тармағы ре-

тінде *кунград* атауы кездесетінін, жалпы ру атын (Губинева, 1983, 74 б.), ал тайпа аты ретінде *кунгурат*, *конград*, *кунград*, *кунград* нұсқаларында аталатынын (Ахмедов, 1965, 16 б.), Кунград деген ойконимнің Самарқанд облысында (Туйчиев, 1980, 35 б.) бары белгілі, қарақалпақ жерінде арыс *қоңырат* тайпасы (Жданко, 1950), қара ноғай арасында Қоңырат өзені және қоңырат тайпасы (Баскаков, 1940, 133 б.), Украинаның Херсон обл. Ново-троицк ауданында *Конрат* ауылы, бұл күнде *Комрат* селосы бары аян. Бұл келтірілген дәлелдерден басқа Тәжікстанда да қоңыраттардың бары тарихи деректерден мәлім.

Қоңырат тайпасының атымен байланысты жер-су аттары Қырымда да бар. Бұл дәлелдер – Қоңырат тайпасының кезінде белді тайпа, мықты ел болғанын көрсетер бірден-бір нақты айғақ. Қоңыраттардың монғолдармен қарым-қатыс, тығыз байланысының болғаны тарихи деректерден белгілі.

Шыңғыс ханның туған анасы Өлең қоңырат тайпасындағы көктің ұлы деген атаның қызы болғанын (Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, 1993, 95 б.), ал Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөртенің қоңырат қызы екені, Шыңғыс хан әулетіндегі атақты хандар: Жошы, Шағатай, Үгедей, Төленің осы Бөрте сұлудан туғаны тарихта аян. Шыңғыс ханның атақты билерінің бірі – қоңырат Саңғыл би болған. Саңғыл биден тараған ағысай, самай, самакелді, нұрсай, есен, есенкелді, тілес, тиес ұрпақтары бұл күнде Оңтүстік Қазақстан облысында өсіп-өніп өркендеуде.

Қоңырат тайпа атының мән-мағынасы, шығу төркіні жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімеден басқа тарихи-лингвистикалық талдау жоқтың қасы. Ел аузындағы аңызда: «Жауға аттанғанда қоңырат жігіттері қан майданда бірінен-бірі көз жазып қалмау, өздерін қарсы жаудан ажырату үшін ылғи қоңыр ат мініп шығады екен. Мұны көрген жұрт оларды қоңырат атап кетіпті» деседі.

Қоңырат этнонимін *қоңыр* және *ат* сөздерінен жасалған деп қарауға да болатындай. Өйткені тілімізде *Қоңыр*, *Қоңыров*,

Қоңырбай деген антропонимдер бар. Сондай-ақ қазақ этнонимдерінің түр-түспен байланысты жасалуы да – өмірде бар құбылыс. Мысалы, *қоңырбөрік, қызылбөрік, ақ қаңлы, қара қаңлы, сары қаңлы, ақ үйсін, қара үйсін, қара қыпшақ* т.б. Егер де бұл принципті уәж етер болсақ, қоңыр этнониміне көптік жалғауының көне көрсеткіші *ат, т*, қосылып, *қоңырлар* этнонимі қалыптасқан деп санауға болар еді. Бұдан гөрі тарихи деректерге сүйене қарастырудың ұтымды болары сөзсіз.

Қоңыраттардың ежелгі атамекені монғолдармен іргелес, шектес болғаны, Керулен, Онғон өзендері алқабында көшіп-қонып жүргені тарихтан белгілі. Сол ерте замандарда Алтай, Сібір тайпаларының Хун империясының қол астына қарағаны, олардың көбінің кейінгі замандарда Тянь-Шань, Алатау, Қаратау, Орталық Қазақстанға келіп қоныстанғаны мәлім. Бұлардың ішінде қоңыраттар да бары аян. Қоңырат этнонимдік атауының бастапқы нұсқасы *хунарат* болып, кейінгі замандарда айтыла келе тіліміздің ішкі заңына сай *қоңырат* тұлғасында қалыптасуы мүмкін. Тілдік тұрғыдан өзгеру жайына зер салсақ, сөз басындағы *х* дыбысының қатаң *қ* дауыссызына, дауысты *у* дыбысының еріндік дауысты *о* дыбысына, үнді *н* дыбысының *ң* дыбысына, *а* дыбысының *ы* дыбысына ауысқаны байқалса, ал екінші сыңардағы *ырат* морфемасының түркі-монғол тіл бірлестігіне тән *арат* (< *рат*, < *ард*) – «ел», «жұрт», «тайпа», «ұлыс» мәніндегі сөзінің тілімізге бейімделіп, дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп болжаймыз. Осы *арат* (< *рат*, < *ард*) сөзінің қосылуы арқылы жасалған ру, тайпа аттары түркі, монғол тілдерінде ежелден бары белгілі. Мысалы: *Ойрат, Бурят//Бурат* т.б. Демек, қоңырат этнонимінің бастапқы тұлғасын *хунарат* хун империясындағы белгілі «ел», «тайпа», «ұлыс» деген мәнді білдіретін атау деп қараудың реті бар сияқты.

Данблан – өзен, Ақтоғай ауд. Бұл атау иран тіліне тән. Иран тілінде *данги* < *танг*+*баланди* сөздері арқылы жасалған атау. Тіліміздің дыбыстық заңына сай *Данблан* боп өзгерген. Де-

мек, *дан* < ир. *танг* «каньон», «шат», диал. *данги* «таудың тар, кыспак жері», «асу, бел», «тау аңгары»+*блан* < ир. *баланди* «жота», «дөң», «биік», салыстыр.: *сангибаланд* «тау жотасы», «тас шоқы».

Дара – ауыл, Қарқаралы ауданы. Академик Ә.Марғұланның айтуы бойынша: «Ұлытау мен Арғанаты тауларының шатқалдары мен етегінде Айбас дарасы, Нөгербек дарасы деген ескі қалалардың орны бар. Бұлар XIV-XV ғасырлардағы қыпшақтардың қаласы» (3, 1978. 17). Құрамында *дара* сөзі бар атауларды Шығыс Қазақстан облысынан да кездестірдік. Мыс.: Бапа дарасы, Шәңгел дарасы (Эксп. мат. 1978). Оңтүстік Қазақстанда *Шардара* атауы болса, Орта Азияда, Кавказ бен Ауғанстанда да *Акдере*, *Дарбанд*, *Дербенд*, *Дараниоб* т.б. бар.

Э.М. Мурзаев: «*дара*, *дере* түркі, тәжік тілдерінде, қырғ. *дере* (< иран тілінен «шатқал», «сай», «жазық», «өзен»), парсыша *дере* «сай», «тау асуы», «кезен» деген мәндегі сөз» деп көрсетеді (10, 1984. 171). Демек, *Дара* топонимінің және басқа да топонимдер құрамында келетін осы *дара* сөзінің негізінен иран тіліне тән екенін байқаймыз.

Білеуті – тау, биікт. 196,8 м. Ұлытау ауданы; Жаңаарқа ауданындағы өзен. Таулы Алтай тілінде *Беле//Беля//Белэ//Пелэ//Пеля* тектес тау, сай аттары бар. О. Молчанованың пікірінше (1979, 153), беле «шетен». Бұған қарағанда, *Білеуті* атауының бірінші сыңарынданы білеу сол сөздің қазақ тілінде өзгеріп айтылғанын көрсетсе, *-ті*, қосымшасын жалғау арқылы «шетенді, шетені көп, шетен қалың өскен (тау)» дегенді білдіретінін көреміз.

Даба – Жаңаарқа ауданындағы жер аты. Жиделі арнасының маңында. Бұл сөз түркі, монғол тілдерінде *даба*, *дабын* тұлғаларында қолданылып та, айтыла да береді. Салыстырыңыз: алт. хак. *даба*, *дабан* «асу, бел», өзб. *дован*, қырғ. *дабан* «тау асуы», әзерб. *даба*, *дабан* «төбе», «жота», хал. монғ. *дава*, *даван* «төбе», «жота», ир. *дабан* «асу, тау асуы». «сай». Байқауымызша,

Дабан атауының бұл аймақтарда ертеден бар, иран тіліне тән «асу, тау асуы», «сай» мәнін білдіретінін көреміз.

Дагаделі – өзен, Қарағанды және Шығыс Қазақстанның Семей өңірінде, Бақанастың оң саласы. Бұл атау үш компоненттен құралған. Яғни *даг* ~ *ан* ~ *дел(i)*. *Даг* сөзінің білдірер мағынасын жоғарыда айтқандай *таг* (тау), ал *делі* компонентінің түбірі *дел* соңғы *-i* қосымша. Түрік, үндіевропа тілдерінде бұл сөз *дел//дил//діл//дял* тұлғасында кездесетінін көреміз. Украин тілінде *дил* «тау қыраты, тау жотасы», ал славян тілінде *дель* «бөлік» сөзінен өрбіген. Балғ. тіл. *дял* «төбе», «тау етегі», *дел* «тау жотасы, қыраты», молдаван тілінде *дял* «жота», «төбе» мәндерін білдіреді. Демек, *Дагаделі* – «тау жотасы, қыраты» деген мағынаға жуықтау сияқты.

Дересін – Қарағанды облысы, Балқаш көлінің солтүстік жағындағы жер аты. Бұл жақта бас Дересін, Орта Дересін, Аяқ Дересін деген де жер аттары бар (Эксп. мат. 1982). Венгерғалымы Л. Лигети: «*Дересин* монғ. «өсімдік» немесе «жайылым», ордостың сөйлесу тілінде *дересу* (ол да өсімдік) – «ши» болуға тиіс» деген пікір айтқан (қараң.: Е. Қойшыбаев, Қазақстан жерсу атаулар сөздігі. 1985, 91). А. Әбдірахманов пікірінше, «атау *дэре* «шилi», «шөптi» дегенге бейiм» (Орт. Қаз. жер-су атт. 1989, 99). Э.М. Мурзаевтың айтуынша: «*дара, дере* «ущелье, канон, овраг, горный пороход, горная речка». Қырғ. тіл. *дере* < ир. *дара* «тау жықпылы, қапшағай», «аңғар». Құрамында *дара* ~ *дере* сөздері бар топонимдер: *Шардара* (Оңтүстік Қазақстанда), Орта Азияда: *Ақдере, Ұзындере, Дербенд, Дерабі, Кавказ*, Иран, Ауғанстанда да бұл текетес атаулар бары аян. Атау құрамындағы *дара* ~ *дере* «сай», «аңғар» мәнін білдірсе+*сін* қосымша.

Домбау – Ұлытау ауданындағы қыстақ. Қарғалы өзенінің оңтүстігінде. Бұл атау сөз түркі, фин-угор, үндіевропа тілдерінде *домба, томба, тумб, тумп* тұлғаларында айтылып, «төбе», «төмпешік», «жота» мағыналарын білдіреді. Тіліміздегі *толмақ, домалақ*, қырғ. *дiмтiцк* «төбе», «төбешік» сөздері де

сол *дам//том//тум* түбірлерімен мәндес, байланысты сөздер. Олай болса, *Домбау* атауының мағынасын «төбе, төмешік» деп, ал атау соңындағы *у* дыбысын тілімізде айтылу ыңғайына қарай қосылған деп қараймыз. *Домбау* «төбелі, шоқылы жердегі қыстау» мәнінде аталса керек.

Елші – тау, биікт. 1067 м. Бұл атауды Е. Қойшабаевтың: «монғ. тілдіндегі *елчін* «шабармен» терминіне жуық» деуінің қисыны жоқ сияқты. Өйткені *Елші* атауын Ғ. Мүсіреповтың «Ұлпан» повесінен кездестірсек, Алматы облысының Райымбек ауданындағы *Елшенбүйрек* деген тау атын мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев шығармасынан оқимыз. Бұл атауды тіліміздегі *ел+ші (шен)+бүйрек* сөздерінің бірігуінен жасалған деп қараушылар бары мәлім. Алайда бұл тау атының ерте заманда қойылғанын әрбір сөздің құпия сыры ашып берердей. Өйткені тұңғыс-мәнжүр тілдерінде ел «бастау», «қайнар», ал коми тілінде *ель* «өзен» болса, *ші* (шен) қосымша, үшінші сынардағы *бүйрек* сөзінің көне түркі тілінде *бойрак* «тау етегіндегі еңіс, ылди» мәнін білдіретінін көреміз. Осы сөздердің замандар бойы айтыла келіп, дыбыстық өзгеріске түсу салдарынан түркі тілдерінде: қаз. қырғ. *бүйрек*, *бейрек*, *булак* тұлғалы топонимдер қалыптасқан. Елшенбүйрек аталатын таудың сазды, сызды, сулы жердің нысанымен байланысты аталып, «тау етегіндегі, ылди еңістегі өзен» мәнінде қойылғаны байқалады.

Енібас – Шет ауданындағы тау. Ерте заманнан-ақ түркі тілдеріндегі *бас* сөзі географиялық атаулардың құрамында келіп, «таудың жоғары жағы», «өзен, судың бас жағы» мәнінде кеңінен қолданылған. Әсіресе географиялық нысандарды көрсетуде метафоралық мәнде айтылып отырған. Оны көне түркі жазба ескерткіштерінен де жиі кездестіреміз. *Ыдык баи* «қасиетті шың», *Отукен йьли баи* «қарағайлы Отукен тауының шыңында, жоғары басында» деген жазулар көпке мәлім. Таулы Алтай топонимдерін зерттеген ғалым О.Т. Молчанова *баи* сөзі арқылы жасалған топонимдердің бұл аймақта: «таудың, өзен,

көлдiң бас жағы, бас алған жерi, жоғары жағы» мағынасында жиi қолданылғанын көрсеткен. Мыс.: *Ат-Башы, Кош-Башы, Согоно-Башы* т.б. Бұл жайт қазақ топонимдерiнде де бас сөзiнiң ауыспалы метафоралы мағынада өте көп қолданылатынын анықтай түседi. Ол жөнiнде Ғ. Қоңқашбаев, А. Әбдiрахманов, Е. Қойшыбаев, Е. Керiмбаев, Қ. Рысбергенова, А. Жартыбаев, М. Қожанов, Б. Бектасова т.б. пiкiрлерi баршылық.

Бiз әңгiме етiп отырған *Енiбас* атауының бiрiншi сығңарындағы *ен(енi)* сөзiнiң лексикалық әрi топонимдiк мағынасының сыры күңгiрт, көпшiлiкке түсiнiксiз құпия қалпында қалмас үшiн, кейбiр ғалымдар пiкiрiне көпшiлiк назарын аудартудың орны бардай. Осы *ен (енi)* сөзi В. Вербицкийдiң көрсетуi бойынша, көне түркi тiлдерiнде: теленгiт, кумандин тiлдерiнде де *цун* – «өсiмдiк сабағы», «өзен тармағы», кондом тiл. *цн* «үлкен, негiзгi», *цнтаг* – «үлкен тау», *цн талай* – «үлкен теңiз», *цн суу* – «үлкен өзен» мәнiн бiлдiредi. В.В. Радлов, Л. Будаговтардың сөздiктерiнде де *цун* қаз. *уну* «өсiмдiк сабағы», «өзен саласы» деп түсiнiк берген (11, 1868, 799). Бұған қарағанда, *Енiбас* тау атындағы *енi* сөзi осы *цн* «үлкен», ол тiлiмiздегi ең сөзiнiң ғасырлар бойы айтыла келiп *енi* тұлғасында өзгерген түрi болар деп ойлаймыз. Демек, *Енiбас* «ең басты, негiзгi, үлкен тау» мәнiндегi атау деп қарауға болатындай.

Байқоңыр (Байкoныр) – Шүбартеңiз көлiне құятын ұз. 207 км өзен. Жездi ауылынан 96 км жердегi ауыл, қала. Нұра аудғы, Құланөтпес өз-iң онтүстiгiндегi сай. Бұл географиялық атаудың бiрiншi *бай* сөзiнiң мағынасы көпшiлiкке мәлiм, түсiнiктi болғанмен, екiншi сынардағы *қоңыр* сөзi көп мағынаға ие. *Қоңыр*: «1. қоңырқай, сұрғылт (түс), 2. ауыспалы мағынада (дауыс туралы) қоңыр үн «жұмсақ, майда дауыс», 3. ауыспалы мағынасы (мiнез жайлы) «тыныш, бiртоға, жайлы», 4. ауыспалы мағынасы (ауа райы туралы) салқын, қарасуық қоңыр күз. *Қоңыр* сөзi омоним ретiнде «шөптiң бiр түрi» ретiнде де кездеседi. Ол сөздiң монғол тiлiнде де бiрнеше мағынада

қолданылатынын көреміз. *Хонхорхой* – «шұңқыр, ойпат, төмен жер, тау үстіндегі қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра» (Хабшай С., Минис Ө. Монғ. қаз. сөздік, 1954, 262). Осы тілдегі *хонхур* «сарғыш, қоңырқай» мәніндегі сөзден басқа *хонор* – 1. төбе, төбешік, қырат; 2. күштіліктің тенеуін мезгейтін сөз ретінде де кездесетінін белгілі.

Шексіз өлкені алып жатқан Байқоңыр жерінің бет-бедері де әр алуан. Кең-байтақ осы сар даланың, оның ойпаттары мен төбе-төбешіктерінің қиыршық тастары мен құмды құмайт жерлерінің түсі де, жер бетіндегі шөптесін өсімдіктерінің де қоңырқай сұрғылт болып келуіне және де бұл өңірде ұсақ шоқы, төбелердің көптігіне, шоқы төбелерінің көбіне сарғыш тартып жатуына сай аталуы мүмкін. Бұл пікірімізді Ғ. Қоңқашбаевтың: «Орталық Қазақстандағы құмтөбелер мен қоңыр шөп өскен жерлер көп кездеседі. Қысқы жайылымға қолайлы қоңыр шөпті жерлерді жергілікті халық қоңыр атайды» деуі де анықтай түседі.

Бақанас (Баканас) – өз. Жаңаар. ауд. Бұл аттас өзендер Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы облыстарында да бар. Осы атау жайлы А.Әбдірахманов: «Сөз түбірі *бақан//бахана//бахн//багана*. Осыдан *бақанақ, бақанас* деген сөздер жасалған да, бақандар, яғни «өзен салалары» дегенді білдіреді» десе, Е. Қойшыбаев: «Бұл атау екі компоненттен: 1) түр. *бақан* (бақай) «айыр» және көне *ас* (аш<уш<үс<үш) вариантта «асу» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау» деп пайымдайды. Біздің пікірімізше, бұл атау екі сөзден *бақа(н)+ас* құралған. Оның бірінші сыңарындағы *бақа* жоғарыда атап көрсетілген монғол тіліндегі *бага* сөзінің өзгерген *бақа* тұлғасы болса, сөз ортасындағы *(н)* қосымша, ал екінші сыңардағы *ас* тұңғыс-мәнжүр, түркі, монғол тілдерінде *ас~аз~аш~ыс~ис~ иш~ус* формаларында түрлене айтылып жүрген «су, өзен» мәніндегі сөз. Демек, Бақанас «кішкене, қысқа өзен» мәніндегі атау деп қарау орынды сияқы.

Бақыршық (Бакырышык) – жарты арал. Бұл атау орысша Бағыршық тұлғасында қате жазылып жүр. Кейбір зерттеушілер *бақыр* «мыс», ал *шық* кішірейту жұрнағы деп қарайды. Аралдың алып жатқан аумағына байланысты монғол тіліндегі *багашиг* «кішкентай», «шағын» деген сөздің тілімізде *бақыршық* болып, өзгеріп айтылған нұсқасы емес пе екен деген ой келеді.

Бала (Бала) – құдық. Бала сөзі Қазақстан жер-су атаулары құрамында жиі кездеседі. Ғ.Қоңқашбаев топонимдер құрамындағы *бала* сөзін «кіші», «үлкен емес» деп қараса, Е. Қойшыбаев В.В. Радловтың *бала* «жоғары, биік» деген пікіріне жүгінеді де: «Бала сөзінің мағынасы бір ғана «биік, жоғары» мәнімен шектелмейді, нысанның орналасуы жағынан қилы-қилы ұғым береді» деген тұжырымға келеді. Талдап отырған құдықтың Бала деп аталуына зейін қойсақ, құдық суының тереңнен емес, яғни жоғарыдан, жер бетіне жақын жерден шыққандығын мезгегендей.

Басбайтал (Басбайтал) – тау, бікт. 631,8 м. Ұлыт. ауд.; көл, осы ауданда. Барақ көл-ң оңт-де. Қазақстанның басқа облыстарында *Алабайтал, Байтал* тектес топонимдер бары белгілі. Бұл топонимдердің *байтал* «биеден жас ұрғашы жылқы» сөзімен байланысы жоқ сияқты. Өйткені ол бурят тіліндегі *байса* «тау» дегенді білдірсе, монғол тіліндегі *байқ, байқа* «жартас» сөздерімен төркіндес болуы мүмкін. Сөз соңындағы *л* монғол тіліндегі көптік жалғауының көрсеткіші екендігі сөзсіз. Сонда *Басбайтал* «жоғарғы жартас, басқы тау» деген мәнді білдірсе керек.

Бастуайт (Бастуайт) – тау, биікт. 789,4 м. Атаудың мағынасы жайлы Е.Қойшыбаев: «түр. *басту* (<*бас+тау*) + *ай+т*: *бастуайт*, яғни «бастаудағы айлар» мағынасын беретін этно-топоним» дегенді айтады. Біздің пікірімізше, бұл анықтама-түсінік екіұштылау. Атаудың *бас* және *туайт* деген екі сөзден бірігіп жасалғанын, оның бірінші сыңарындағы *бас* «негізі, басқы, жоғарғы» мәнін білдіретін сөз болса, екінші

сыңардағы *туайт* көне түркі тілдерінде, қазіргі Таулы Алтай және Шығыс Түркі тілдеріндегі *Табат* деген топоним бары белгілі. Ол түрік, монғол тілдеріндегі *давтай* (<*dobutai*) «жоталы, төбелі, қыратты» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі болса керек. Демек, *Бастуайт* топонимі құрамындағы *туайт* сол *dobutai* сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі. Олай болса, топонимнің мағынасы: «негізгі, басты төбелер мен жота қырлар» болуы ықтимал.

Басқасауын (*Басқасауын*) – тау, Жаңаар. ауд. Атаудың құрамындағы *қасауын* сөзінің мағынасы мен шығу тегі белгісіз, көне түркі тіліне тән сөз болуы мүмкін. Себебі, көне түркі тілінде *Qasuj* деген өзен аты болғаны аян (ДТС, 430). Соған қарағанда, ескі замандарда осы тау етегі *Qasuj* аталып, тау аты сол өзен атымен Басқасауын аталуы ықтимал. Ал *Qasuj* атауының кейінгі кезеңдерде *қасауын* тұлғасына бейімделіп, өзгеріп кетуі тарихи құбылыс.

Басойнақ (*Басойнақ*) – тау, Ұлытаудың оңтүстік шығ-дағы қазақтың ұсақ шоқылығы. Атаудың екінші сыңарындағы *ойнақ* сөзінің *ой* түбірі түркі тілдеріндегі *ой* «ойпаң, ойыс» сөзімен мағыналас екенін байқаймыз. Хакас, тува, шор тілдерінде ол *оймак* тұлғасында айтылып, «ой», «ойпаң» мағынасын білдірсе, алтай тілінде *ойбок* тұлғасында айтылады да «шұңқыр, ойпат, ойпаң» мәнінде қолданылады. Бұған қарағанда, Басойнақ «терең, шұңқыр, ой, ойпат, ойпаң жер» дегенге жуық. Бірақта Басойнақ тауы маңында ойын-той болуын немесе тағы аңның негізгі ойпақ салатын жері екенін мезгей аталуы да мүмкін.

Басуйген (*Басуйген*) – түз. көл. Жаңаар. ауд. Сарысу өзінің оңт. жағасында. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *бас* сөзі өзінің тура, номинативтік мағынасында түрса, екінші құрамдағы *үйген* сөзін ую, үйілген сөзімен теңдестірудің реті жоқ сияқты. Бұл үйген сөзінің бірінші сыңарындағы *үй* сөзінің түпкі төркіні *ой* сөзі, содан *үй*<*үй* болып дыбыстық өзгеріске ұшыраған сияқты. Ойткені бұл өлкеде Үйбұзақ атауындағы *үй* сөзінің

кәдімгі *үй* сөзімен еш байланысы жоқ, фонетикалық өзгеріске ұшыраған *ой* < *үй* сөзі деп білеміз. Ал Басүйген атауының үшінші сыңарындағы *ген* формантын көне түркі тіліне тән *ган*~*ген* (*хан* < *хем*) «өзен, су» мәніндегі сөз деп танудың орны бардай. Сонда Басүйген атауы «Ойпаң жердің жоғары жағындағы үлкен көл» мағынасында қойылған атау деп жобалаймыз.

Бегазы (*Бегазы*) – Қола дәуірінен қалған оба. Ә.Марғұланнның айтуынша, «Бегазы атауы көне түркі тіліндегі *биік* және *аз* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Мұндағы *биік* сөзі дыбыстың құбылумен *бек*, *бегі* болып өзгерген. Ал *аз* сөзі сол жерді мекен еткен тайпаның аты». Бұл төңіректегі тауларды жинақтап Бесқазылық деп атайтынын, оған: «*Қызыларай, Қарқаралы, Кент, Балқан (Қу), Бақты* таулары жататынын жергілікті халық жақсы біледі. *Бегазы* – сол бес таудың ортасындағы ең биік шың. Осы атаудағы *бек* сөзін А.Сейдімбеков «тілімізде «бек» лауазымға қоса «өте», «нағыз» деген мағына береді. Мәселен, *бек* жақсы «өте жақсы» деген (қара: «Қазақстан әйелдері», 1987, №5).

Біздің байқауымызша, *биік* сөзінің көне түрік тіліндегі тұлғасы *бедік* (ДТС, 91), ол қазіргі түркі тілдерінде: өзерб. *bojur* «үлкен», «ұлы», «зор», түркм. *беик* «жота, төбе», «құм жоталарының қыры, биігі», тува *beguk* «тау», хакас *позак* «биіктік», «биік», қырғ. *бийик* «жоғары», «биік», түрік, *biyük* «үлкен», «биік». Бірақ Дағыстанда *бек* сөзі топонимдік мәнде: «басты», «негізгі», «биік» (Мурзаев, 1984, 73). Бұл дәлелдерге қарағанда, Бегазы топонимінің *бег* сыңары (компоненті) «биік», «үлкен», «зор» деген мағынаға ие екендігі анықтала түседі. Ал оның екінші сыңарындағы *азы* көне түркі этнонимі *аз* (< *һаз*) дегенге жанаспайтын сияқты. Өйткені, көне түркі тілінде, тіпті қазіргі шығыс түркі тілдерінде (алтай, тува) *азых* – «асу», «ашық жер», «кең алқап» деген мағыналарды білдіретіні мәлім. Демек, Бегазы топонимінің толық мағынасы «биік асу» немесе «үлкен кең алқап» дегенге жуық келетіндей.

Бектауата (Бектауата) – тау, биікт. 1215 м.; а., Шет ауд. бұр. Приоз. ауд. Халық анызында: «Бектауата және Бегазы деген екі әулие болған. Екеуі қашып келіп, осы тауларды паналаған» (Эксп. мат. 1982 ж. Инф. Шойынбаев Ыбырайым). Балқаш көлінің физика-географиялық жайын терең зерттеген орыс ғалымы П.Сарычев бұл тауды былайша спаттайды. «Бектау ата – оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған «шамшырақ». Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдiң астынан жарып шыққандай сүстиіп тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үнгір бар. Ол мөп-мөлдiр тұшы суға толы. Су бетiнiң деңгейi әрдайым бiрқалыпты: жоғары көтерілмейдi, төмен түспейдi. Табиғаттың осы жұмбағының көрiнiстерi дала жұртының сезiмiн бөлеп, атаудың компонентi болып тұрған ата сөзiн қойдырғандай» деп жазды. Қазақстан жерiнде *ата* сөзiмен аталатын жерлер: *Әулие ата, Сунақ ата, Шақпақ ата* т.б. Сол жердiң «киелi», «әулиелiк» қасиетiне байланысты қойылып отырған. Сол себептен Бектауата «қасиеттi», «әулие», «киелi Бектау» дегендi аңғартады.

Бестамақ (Бестамак) – а., Шет ауд. Атау құрамындағы *тамақ* сөзi көптеген түрki тiлiне тән көне сөз. Осы сөз арқылы жасалған жер-су аттары да аз емес. Мәселен, Сiбiрде *Стерлитамак*, башқұртта *Менеузтамак*, *Удкалытамақ*, Түмен облысында: *Кактамак*, *Каргайтамак*, Қырымда – *Тамак*, Солт. Кавказда *Бештамак* (бұл жерде – Малка, Баксан, Чегем, Черек, Терек атты бес өзен құяды), Қырғыст. Ош обл. *Түйе-Тамак* өзенi бар. Түрki тiлдерiнде *тамак* сөзiнiң топонимдiк мәнi «өзен сағасы, сай аңғары, кiшi-гiрiм сайлар» (Мурзаев, 1984, 542 б.). Бұған қарағанда, Бестамақ топонимiнiң мағынасы «кiшi-гiрiм бес сай, бес аңғар» дегенге саяды.

Бүгiл (Бүгүль) – дөң, Жанаар. ауд., сай, Жез. ауд. Атаудың бiрiншi сынарындағы *бүг* сөзi тiлiмiздегi *боктер* сөзiнде кез-

дессе, басқа да туыстас түркі, не монғол, үнді-еуропа, славян тілдерінде жиі кездесіп, *бүг/вик/бүкү/бег* «жота, қыр, төбе, өркеш» мағыналарында қолданылады. Мәселен, орыста *бугор* «кішкене төбе, жота, шоқы», нем. *buckel* «бүкір», осет. *buk* «бүкірейген», монғ. *бегтер* «бүкір» (Мурзаев, 1984, 97). Демек, Бүгіл атауының *бүг* түбірінің мағынасы – «дөң», екінші сыңардағы іл қосымша деп қараудың реті бар сияқты.

Бүйрек (Буйрек) – рзд., Ақтоғ. ауд. Бұл атауды тіліміздігі *бүйрек* сөзімен байланысты дегенімізбен ғалымдар пікіріне сүйенер болсақ, *буерак* – «сай, шұңқыр, ор, ой-шұңқыр, жыра, жылға» мәнідегі сөз екен, оның *буйрах*, *баераг*, *буерка* сияқты тұлғалары бары, осы сөздердің шығу төркінін көптеген ғалымдар түркі тіліндегі *bajyr* – «дөң, дөңес», «еңіс», «төбе» деп танитынын Э.Мурзаев еңбегінен оқимыз (Мурзаев, 1984, 98). Демек, бұл Бүйрек атауы «дөң, дөңес, сай, ойпаң» деген мәндегі атау болар. *Буйрах*, *bajyr* сөздерінің замандар бойы айтыла келе дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі болар деп пайымдаймыз.

Дастар (Дастар) – тау, биікт. 938,8 м. Ақтоғ. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *дас* сөзі парсы, қаз., әзерб., түркм. Тілдерінде: *даш*, *таш*, *тас*, *дешти* тұлғаларында келіп, «тастак, тас жер» деген мағынаны білдіреді. Армян тілінде топоним құрамында кездеседі. Мәселен, *даштавайр* «жазық», *саррадашт* «мұзарт» (МурзаевЭ., 1984, 173). Ал екінші сыңардағы *тар* көптік жалғауы. Яғни атаудың топонимдік мағынасы: «қиыршық тасты немесе мұздай суық тау».

Домбау (Домбау) – қыст. Ұлытау ауд. Қарғалы өзенінің оңтүстігінде. Бұл сөз түркі, фин-угор, үндіеуропа тілдерінде *домба*, *томба*, *тумб*, *тума* тұлғаларында айтылып, «төбе», «төмпешік», «жота» мағыналарын білдіреді. Біздің тіліміздегі *томпақ*, *дома+лақ*, қырғ. *думпок* «төбе», «төбешік» сөздері де сол *дам/том/тум* түбірлерімен байланысты сөздер. Олай болса, Домбау атауының мағынасын «төбе, төмпешік» деп,

ал атау соңындағы у дыбысын тілімізде айтылу ыңғайына қарай қосылған дыбыс деп қараймыз. Домбау «төбелі, шоқылы жердегі қыстау» деп қойылса керек.

Доңғал (Донғал) – тау, биікт. 1011,2 м. Шет ауд. Бұл атау көне түркі тілінде *домба/томба* – «жота», «дөң», «төбе» сөзіне көне көптік жалғауын (*л*) жалғау арқылы жасалған «жоталар», «төбе, дөңесті таулар» мәніндегі атау.

Жаманшұбар (Жаманишубар) – жер, шат. Атау құрамындағы *шұбар* сөзі тіліміздегі топонимдер құрамында жиі кездеседі. Мәселен, Ақмола облысында *Шұбарбұйрат*, *Шұбаркөл*, *Шұбарқия*, *Шұбарсор*, *Шұбартал*, *Шұбартерек*, *Шұбартөбе*, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында да *Шұбартал* жайлау, аудан аттары ретінде кездеседі. Осы топонимдер құрамындағы *шұбар* сөзінің білдірер мағынасын монғол тілінде *шұбар* нұсқасында келіп – «саз жер» дегенді білдірсе, қазақ тілінде «тал, қайың, терек, шетен сияқты ағаштар араласа өскен тоғай, жер» мәнін білдіретіні белгілі. Жаманшұбар атауы А.Сейдімбековтың айтуынша: «бұл жерде малдың денесін тырнап, қойдың жүнін іліп қалатын жағымсыздау өсімдік күндіқарағанның селдіреп, сирек өсуімен байланысты қойылған».

Біз осы деректі негізге ала отырып, Жаманшұбар атауы бұл өңір үшін «шағын қайың-терегі аралас шоқ тоғай», не «бір тұста шөбінің қалың болып келіп, әнтек сорланып, ақтандақтанып жататын жазық» деп қараймыз.

Жамшы (Жамшы) – өз. Ақт. ауд.; а., Шет ауд. Е.Қойшыбаев *жамшы//самсы//шамсы* тұлғаларын «лай су» мәніндегі атаулар деп санайды (Е.Қойшыбаев, 1985, 237 б.). Ал қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде (108 б.) жам «теңіздің терең, өзек жерлері» деп көрсетілген. Осы пікірлерді және түркі тілдеріндегі *жем//гем//кем//хем//кам//кег//кан//ком* типті лексикалық элементтердің «су, өзен» мағынасында қолданылатынын айта келіп, Ә.Сапарбекова: «Қалай болғанда да *Жамшы* атауының

топонимдік мағынасы «үлкен су», «ағын су», «өзен» ұғымдарына саятыны айқын» деген пікір ұсынды (Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған обл. Алматы, 1990, 104-106 бб.). Біз автордың бұл пікіріне зейін қоя отырып, Қарағанды облысындағы осы *Жамшы* атауы мен Павлодар облысындағы *Ямшы* (Лебяжі ауд-ғы с.) атауларының шығу тегі, берер мағынасы ортақ болар деп ойлаймыз. Ескі орыс тіліндегі Ямщик сөзі 1356 ж. қолданылғаны тарихтан мәлім болса, Ямщина сөзі 1578 жылдан қолданылған. Н.К. Дмитриевтің пікірі бойынша: «Түркі, монғ. *ям-чи*, *ям* сөзінен жасалып, орыс тіліндегі зеленщик, каменщик сияқты жолмен қалыптасып кеткен». Бұл сөзің этимологиясын татар ғалымы Каюм Насыри айтқаны мәлім. В.В. Радлов *јамчы* (түр. *јам+чы* сөзінен *јам+чык* «жүннен тоқыған, ямщиктер киетін шекпен, плащ» деп көрсеткен. Бұл дәлелдерге қарағанда, *Жамшы*, *Ямшы* атаулары «пошта аттарын айдайтын көшір, яғни бекетші» мәнінде қойылса керек.

Ямыш, Ямышевское озеро атауларын талдаған В.Н. Попованың айтуынша: «*јам* 1) ұйғ. «пошта станциясы», 2) (осм. Жағат. «пошта аттары», *јамы* (алт. тел.) «жоғары лауазым, атақ». *Ям* «пошта станциясы ретінде орыстарға XIII ғ. белгілі болғанын Срезневский айтқан+су (*ус* сөзінен өзгерген) – жұрнақ, яғни *јам су* «пошташы, орыс тіліндегі Ям>ямщик сөзі түркі тілінен енген *јам* деген дәлелдерге тоқтаған (Ономастика. Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская обл. Часть II, 1994. 440-441).

Жарма (Жарма) – с., т.ж.ст., бұр. Жез. ауд. Атау сөздің негізгі түбірі *жар*, ал екінші сынардағы *ма* қосымша. Осы *жар* сөзінің қосылуы арқылы Жартас, Жартоғай, Жаршағыл, Жартасқарасу, Жартүскен, Жарық сияқты топонимдер жасалған. Ақтөбе, Ырғыз, Шымкент, Қостанай, Торғай, Қызылорда өңірлерінде Жарма «үлкен арық» мәнінде айтылады. Кей жерлерде «жарық», «жарылған», «жыра, жыралы жер» мағынасын білдірсе, «өзеннен тура тартылған ор, үлкен канал» мәнінде де

айтылады. Ал омоним ретінде де түрлі мағына беретіні мәлім. Жер аты ретінде «екіге бөлінген, жарылған жер», «жыра», «жыралы жер» мәнінде айтылатыны белгілі.

Жәйрем (Жайрем) – кент, Жезқазған қ/ә қар. А. Сейдімбековтың айтуынша *жайраң* деген қазақ сөзінің (яғни *жай+раң*, малды раңға жай) орысша дұрыс айтылмау салдарынан Жайрам болып қалыптасқан. Қойды «раңға жай», «жай раңға» деген сөздер айтыла келе жергілікті жерде Жайраң деген жер атына айналып кетеді. Сол *Жайраң* атауы орыс тілінде *Жайрам* кейіннен *Жайрем* деп бұрмалап айтылып, әрі солай жазылып кете барады. Орыс тіліндегі Жайрем атауын қазақша да сол қалпында Жәйрем деп айтып жазу қалыптасып отыр.

Жекедуан (Жекедуан) – тау, бікт. 692,1 м. Шет ауд. Атаудың бірінші құрамындағы *жеке* сөзі «оңаша, оқшау, дара» мәнін білдірсе, екінші сыңардағы *дуан* сөзі түркі, монғол тілдерінде дыбыстық тұрғыдан түрлі тұлғада айтылып «тау асуы, бел, кезең» деген мағына білдіреді. Мәселен, халха-монғ. *дава*, *давал(н)* – «таудағы биік асу», бур. *даба(ан)* – «тау асу, бел», қалм. *даба* – «төбе», «шоқы», түркі тілдерінде: як. *дабан* – «тау, тау асуы», хак. *даба* – «асу, сай», тув. *дабан* – «асу», өзб. *дован* – «тау асуы», қырғ. *дабан* – «тау асуы». Демек, *Жекедуан* – «оқшау, оңаша тұрған таудағы асу, бел, кезең» мәніне ие деп білеміз. Атау құрамындағы *дуан* сөзі жоғарыда көрсетілген *даваан*, *дабан* сөздерінің тілімізге бейімделіп, дыбысталу тұлғасынан өзгерген түрі.

Жетіқоңыр (Жетиконыр) – құм. ұз. 35 км. ені 20 км. бұр. Жез. ауд. Ғ. Қоңқашбаевтың бұл атауды «Жеті қарауытқан төбе» деп түсіндіруі (1963, 47) көккейге қонымдылау. Республикамызда *Үшқоңыр*, *Үштөбе*, *Жетісеңгір*, *Үйкөл*, *Үйсай*, *Үштөбе*, *Үштақыр* сияқты сан есімдер арқылы жасалған атаулар аз емес. Бұл атаудың құрамдарындағы *жеті*, *үш* сөздері нақты санды білдірумен қатар, «киелі», «қасиетті» ұғымды да білдіретіні көпке мәлім. Ал атау сыңарындағы *қоңыр* сөзі

арқылы жасалған топонимдердің мағыналары әртүрлі болып келеді. Ол сөздің монғол тілінде де бірнеше мағынада қолданылатыны белгілі. Мәселен, *Хонхорхой* «шұңқыр, ойпат, ойық жер, тау жотасындағы қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра» (Хапшай С. Монғ. қаз. сөздік. 1954, 262). Осы тілдегі *хонгур* «сарғыш, қоңырқай» мәніндегі сөздер басқа *хонор* 1. төбе, төбешік, қырат; 2. күштіліктің теңеуін мезгейтін сөз. Демек, Жетіқоңыр атауының мағынасы: «бұл маңайдағы едәуір жерді алып жатқан құмның ішіндегі алыстан көзге көрініп тұрған жеті төбе».

Жетісеңгір (Жетысенгир) – Ұлытау тау-ноңт-бат-ғы ұсақ шоқылық. Бұл атаудың екінші сыңарындағы сеңгір XI ғ. ғалымы Махмұд Қашқари еңбегінде «Кеншак-сенгир түрінде кездеседі де екі түрлі түсінік беріледі: 1. жан (сен) зан «зор»+*гер/гар* – «тау», «биік тау», «құз жартасы»; 2. көне түркі сендир «шошақ» мәніндегі атаулары болуы ықтимал» деген. Ал Ф. Қоңқашбаев (1963), Е. Қойшыбаев (1985), Э. Мурзаевтың (1984) сөздіктерінде *сеңгір* «биік жар», «заңғар таулдар сілемі» деп көрсетіледі. Атаудың мағынасы: «Жеті биік тау» дегенге саяды.

Жүнді (Жунды) – е.м., Нұра ауд., Нұра өз-ің батысында. А. Әбдірахманов Алматы облысының Алакөл ауданындағы *Жүнжүрек* атауының бірінші сыңарындағы *жүн* сөзін монғолдың *зуун* – «шығыс» сөзі деп қараса (1975, 98), Е. Қойшыбаев *жүн* көне түркі тіліндегі сөз, қазіргі *жон* сөзінің фонетикалық түрі, ал *жүрек* көне түркі тіліндегі *йүрек* – «таудың бір бөлегі» тұлғаларынан жасалған атау. «Жоны бар жүрек» немесе «Жонды жүрек» мағынасын береді дейді (1985, 120).

Алайда, атаудың бірінші сыңарындағы *жүн*<*зуун*, *жүн* сөзінің түркі, монғол, иран тілдерінде: қырғ. *зоо* – «биік жартас» (Конкабаев, 1980, 150), «өсімдік өспейтін биік жалақ жартас» (Юдахин, 1965, 291), ир. *зоо* – «биік жартас, сай», монғ. *зо(дзо)* – «тау жалы» (Мурзаев, 1984, 226) екенін көреміз. Демек *Жүнді* атауы тіліміздегі *жүн* сөзімен байланысты емес, *зоо* сөзі тілімізге бейімделіп, оған н қосымшасы мен көптікті, бір

нәрсенің молдығын білдіретін *di* қосымшасы қосылып, Жүнді тұлғасы қалыптасқан, сөйтіп Жүнді атауын «бнік жартасты» немесе «терең сайлы», «аңғарлы» деген мағынаға жуық деп қараймыз.

Кеңгір – өзен, Ұлытау ауданында. Оның тармақтары: Қаракеңгір, Сарыкеңгір атаулары. Осы Сарысеңгір өзені Қаракеңгір өзеніне құяды, ұзындығы 135 км. Кеңгір жайлы Е. Қойшыбаев (1985) Сырдарияның сағасында және Арал жағында өмір сүрген түркілердің *қанғар* этносымен байланыстырып, *кенгер*, *конгор* этникалық атауларымен салыстырған еді.

Бұл көне, тым ерте дәуірге тән өзен атының бірінші сыңарын *кең* – *кен* сөзі деп қарар болсақ, көне түркі тілінде *кен* (*кең*), *кем* (*хем*), *жем*//*гем*//*қан*// *кен* тұлғасында айтылып «өзен» деген мағынада қолданылғанын айтуға болады. Тува республикасында: *Бий-Хем*, *Улуг-Кем*, *Ак-Хем*, *Ка-Хем*, *Кара-Хем* атты өзендер бары белгілі. Бұл *кен*//*кем*//*хем* тұлғалы атаулар тілімізге бейімделіп *кең* қалпына түсіп, берік қолданыс табуда. Бұл атау Ұлытау өңірін мекендеген көне тайпаларға, түптеп келгенде Гун империясына тән түркі тайпаларының біріне, дәлірек айтқанда арғындарға тән атау екені даусыз. Сол Кеңгір атауының ерте замандарда *Канғар* аталып, кейінгі кезеңдерде тіліміздің дыбыстық жүйесіне сай өзгеріске түсіп, жіңішке тұлғада Кеңгір болып қалыптасып кетуіне тіл заңдылығына тән құбылыс жатқандай. Өйткені, ол атаудың бірінші сыңары *канг* үндіеуропа тілдерінде *кан*//*канг*//*ганга* тұлғаларында сақталса, Алтай, Сібірдегі эвенгі, түркі тілдері мен корей тілдерінде де *кан* (*кен*//*кем*//*хем*) тұлғасында сақталған. Ал атаудың екінші сыңарындағы *гер* (*гір*) морфемасы да әуел баста дербес мағыналы *гар*//*кар* (*кер*//*гер*) «тау», «жота», «қыр» сөзі болса керек деп болжаймыз. Ол *гар*//*кар* сөзі бара-бара *гір* тұлғасына түскен. Мәселен, *сеңгір*, *зәңгір* сөздерімен сарыстыруға болады. Демек, *Кеңгір* «тау өзені» деген мағынада қойылған атау деп қараудың негізі бар сияқты.

Көксүн (Коксун) – а., Абай ауд. Бір қарағанда бұл атауды Көксу атауымен бірдей, сол атаудағы *су* сөзінің тұлғасында қалыптасып өзгерген түрі болар деуге болатын сияқты. Алайда *сун* сөзінің дербес мағыналы лексема екені сөзсіз. Өйткені таулы алтай тілінде *сығын* «марал» деген сөз бар. Бұл жерде *Сығынду* «маралы көп, маралды жер» мағынасындағы елді мекен аты деп айтылса, *Сығын+мууз* сай, елді мекен аталуы кездеседі де «марал мүйізі» мәнін білдіреді. Біздің ойымызша, *Көксүн* атауының құрамындағы *сүн* сөзі сол *сығын* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырап, тілімізде *сүн* тұлғасында қалыптасқан түрі болуы мүмкін. Сонда *Көксүн* «маралы көп, шалғынды, көкмайсалы жер» мәніндегі атау деп жорамал айта аламыз.

Көктабан (Коктабан) – қыст., бұр. Жез. ауд. Жаманайбат тау-ң солт. бат. жағында. Атаудың екінші сыңарындағы сөз Қостанай обл., Аменгелді, Жангелдин ауд-да *табан* «қонысқа лайықты, ел іргеге тепкен жер». Демек, *Көктабан* «қонысқа, қыстауға лайықты жайылымда жер» мәнінде қойылған атау деуге болатындай.

Қалдырма (Калдырма) – тау, Шет ауд. Бұның Қалдыр тұлғадағы атау нұсқасы Жетісудың қиыр солтүстігіндегі көл аты ретінде кездеседі. Қырғыз тілінде *қалдыр* «күрсіл, тарсыл; күркіреу, сарқырау» мағынасындағы сөз (Юдахин, 1965, 331). XI ғ. жазба ескерткіші М. Қашқари еңбегінде *galdira* «сыбдырлау», «сусылдау», «судырлау» (мата) (МҚ, III, 447). Ал *daldurya* «судырлағыш», «суылдағыш» (МҚ, III, 442). Осы түбірлес сөздердің ішінде қырғыз тіліндегі *қалдыр* сөзіне мағыналық ұқсастығы жағынан Қалдырма атауының мағынасы «күркіреме, сарқырама» сәйкес келетіндей. Қалдырама тауының сайында өзен болып, сол өзеннің сарқырап, күркіреп ағуымен байланысты тау атын қойған сияқты.

Қапанқұлақ (Капанкулак) – тау, биікт. 897,4 м. Ақтоғ. ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *құлақ* сөзі хак. тілінде *хулак* «бнік шың», тат. башқ. *калқулық* – «жота, шоқы, төбе». Де-

мек, Қапанқұлақ атауының мағынасы: «Қапан есімді кісінің биік шыңы, ол иемденген шоқы, төбе» дегенге бейім. Ал Қапанқұлақ атауының мағынасы: «бұл жерде қапан деген ауқатты, бай адамның байлығы сақталған жер, көмбе» деген түсінік жансақ деп қараймыз (Қазақстан геогр. атау. Сөзд. Жезказ. обл. 1990, 153).

Қар (Кар) – дөң, бұр. Жез ауд. Бұл *қар* сөзінің Иран, фин-угор, араб, египет, түркі, монғол тілдерінде кездесетіні Э. Мурзаев еңбегінде жете көрсетілген (Мурзаев, 1984, 255). Индоиран. *гар* – «тау», ягнов. *гар* – «тау», «асу», сомалий тіл. *кар* – «жартас», «күз», «тау», фин. *кар* «жартас», «күз», египет *grr* – «төбе», түрк. *кыр* «тау», «жота», монғ. *хар, хара* – «жал», «биіктік». Демек, қар сөзінің иран тілінде «тау», «төбе» деген мағыналы сөз екенін көреміз.

Қараағаш (Караагаш) – а., Ақтоғ. Жаңаар. ауд.-да. Е. Қойшыбаевтың пікірінше: «Қараағаш топонимі *қара* және *ағаш* сөздерінен қалыптасуы мүмкін емес. Бұл атау көне түркілердің *қарақас, қарағыс* этнонимдерінің сарқыншақтары болуға тиіс» (1985, 152). Егерде бұл жерде түркілердің қарақас, қарағас тайпалары өмір сүрмесе, еріксіз оған телу де қиындау. Біздіңше, бұл Қараағаш атауы осы жерде осы ағаштың өсуімен байланысты қойылған сияқты.

Қарақыз (Каракыз) – жер, бұр. Ақад. ауд. Бұндай атау Жамбыл облысында да бар. Е. Қойшыбаевтың бұл атауды: «Түр. *Қарақ* және *көз* сөздерінің кіріге тіркесуінен қалыптасқан атау. Келе-келе *Қарақыз* тұлғасына айналған» деп екіұшты түсіндіргені бар (1985, 155). Жер-су нысандарына әйел, бәйбіше, қатын, қыз сөздерін қосу арқылы жасалған атаулардың жерімізде бары көпке аян. Олардың берер мағыналары да әр алуан. Э. Мурзаевтың айтуынша, Тува республикасында қызы «сай», «тар», «қысақ» (Қызы-Хем, өзен), Таулы Алтайда *кызам* «тар», «қысаң» (Кызам-Таш, тау, елді мекен). Тіліміздегі

Қарақызы атауының мағынасы: «Кен, жазық емес, қысан жер», «шағын алқап» дегенге саятындай.

Қарақыңғыр (Каракынғыр) – құд. Бұр. Жез. ауд. Атаудың екінші сыңарындағы қынғыр сөзі монғол-бурят тілдеріндегі хонхор–«шұңқыр», «ойпат», «ойдым», «ой-шұңқыр» сөздерімен мәндес, сол сөздің тілімізге *қыңғыр* тұлғасында дыбыстық тұрғыдан қатты өзгеріске ұшыраған түрі деп білеміз. Демек, *Қарақыңғыр* атауының мағынасы: «үлкен шұңқыр», «ойпат, ойдым», «ой-шұңқырлы жер, сол жерде қазылған құдық» деп білеміз.

Қараласиыр (Караласиыр) – таулар, Шет ауд. Атау *қара+ала* және *сиыр* деген үш сөзден бірігіп жасалған. Бірінші және екінші сыңарлардағы *қара* және *ала* сөздері көпшілікке түсінікті болғанмен *сиыр* сөзінің монғол тіліндегі *сээр* «жота, қыр тізбегі», хак. *сыр* 1) жота, төбе, шоқы; 2) биік жаға, жар; 3) өр; як. *сыыр* – «қия қабақ», «тік жар» мәніндегі сөздер екендігін ескерер болсақ, *Қарааласиыр* – «биік, үлкен жота, төбе, шоқы» мағынасын білдіретінін көреміз.

Қарамойын (Қарамойын) – тау, биікт. 900,4 м. Ақтоғ. ауд. Ақмола облысында Қарамұрын, Павлодар облысында Қаратұмсық атты атаулар бар. Аталған жердің яғни таудың сырт көріністерінің адам мен жан-жануарлардың мойын, мұрын, тұмсықтарының бейнесіне ұқсастығына байланысты қойылғанын байқаймыз.

Қарамола (Карамола) – а., тау, Ақтоғ. ауд., жер, тау биікт. 644 м. Жез ауд., тау, биікт. 1016 м. жер, Шет ауд. Ұлыт. ауданында Ақмола, Павлодар обл-да. Ақмола атаулары бары мәлім. Бұл атаулардың сыңарларындағы *мола* сөзінің иран тіліне тән екендігі, олардың иран текті топонимдерде сақталуының тарихи сыры бар, заңды құбылыс. Осы *мола* сөзінің бастапқы «бейіт», «мүрде», «қабір» мағынасы заттық көрінісіне сай, яғни бейіт, көр үстіндегі тоңырақтың томпағын. үйіліп жатуына лайық тілімізде «төбе», «биік», «шоқы» мәніне не болған. Со-

дан барып Акмола «ақ төбе», «ақ шоқы», ал Қарамола – «кара төбе», «кара биік», «зор биік» деген халықтық мән-мағынаға ие болып қалыптасып кеткен. Атаулардың бастапқы тұлғасы мен қалыптасу формы сақталғанмен заттық мағынасы, топонимдік мағынаға, халық ұғымына қарай өзгерген.

Қарамұрын (Карамурин) – тау, а., Шет ауд. 1982 ж. Тіл білімі институты, ономастика бөлімінің ономастикалық материалдар жинау бойынша Орталық Қазақстан экспедициясы мүшелеріне мәлімет беруші Сырымбетов Қасымның (Қаске) айтуы бойынша: «Қарамұрын деген кісінің лақап атынан қойылған, Жаманбайдың әйелінің аты» дейді.

Қарамыс (Карамыс) – өз., а. Шет ауд.; тау, биікт. 487,7 м. бұр. Ақад. ауд. Жезқазған обл. топонимдер сөздігінде (1990, 160) Қарамыс атауының мағынасы «мыстың көп жері» деп түсінік берілген. Атау құрамындағы мыс сөзін кенмен байланыстырудың реті келмейтіндей. Өйткені таулы Алтай тілінде *мес* «таудың күнгей жағы, ағаш өспеген биік бет», тува. *мэс* «таудың күнгейі». В.В. Радловтың көрсетуі бойынша (1911, 4) *мас* – «таудың күнгей жақ беті (ағашы жоқ)». Алтайды *Тарбагандумес* – тау, *Хайырлыг-Мес* және Тувада *Кызыл-Мэс* деген атаулар бар (Мурзаев, 1984, 369). Осымен қатар, коми тіліндегі *мыши* – «төбе, шоқы, дөң» сөзі де сәйкес екенін көреміз. Ал орыс тіліндегі *мыс* – «скала, утес», сондай-ақ шығанақ, ағыстарда да мыс сөзі қолданылатыны белгілі. Демек, *Қарамыс Қаражота, Қаратөбе, Қарадөң* атауларымен сәйкес те мағыналас деп қарауға болатындай.

Қарасай (Карасай) – жер, өз. Жаңаар. ауд., өз. Шет ауд. Бұл атаулар жоңғар басқыншылығына қарсы қанды жорықтарда қол бастап, ерлікпен аты шыққан, қазақ жерін жаудан азат етуде ерен еңбек еткен, қазақ халқының атақты батыры Қарасай батыр құрметіне қойылуы мүмкін.

Қарасеңгір (Карасенгир) – тау, биікт. 879,2 м. Шет ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *сеңгір* сөзі көне түркі тілінде

Sen(g)ir «тау шыңы» (ДТС, 1969), М. Қашқариде (ХІ ғ.) *сэнгір* «тау шыңы», «тау қыратының жоғарғы жағы», қазақ тіліндегі *сеңгір* «биік таудың тізбегі», «терең құзды биік шың», «тік жар». Демек, Қарасенгір атауының топонимдік мағынасы: «биік тау тізбегі, тау шыңы, терең құзды үлкен тау».

Қарасире (Карасире) – өз., бұр. Жез. ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *сире* сөзі алт. диал. *сеер* – «сәл ғана өр, адыр», хак. *сыр* 1) дөң, төбе, жота; 2) тік жар, құлама жар; 3) як. *сыыр* – «киаяқ жақ, тау баурайы», монғ. *сээр* – «төбе, төмпешік, тау тізбегі». Демек, атау құрамындағы *сире* сөзі алтай, хакас, якут, монғол тілдеріндегі *сеер, сыр, сыыр, сээр* сөздері сияқты фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған сөз деп білеміз. Сонымен қатар *сире* сөзін чуваш тіліндегі *сирма* «жар, өзен, өзенше» мәніндегі сөздің тіліміздегі дыбыстық заңына сай өзгерген тұлғасы болар деп те ойлаймыз. Онда *Қарасире* – «қара су, өзен, үлкен өзен» деген мәнге ие сияқты.

Қарасиыр (Карасиыр) – а., Ақтоғ. ауд.; *жер*, бұр. Жез. ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *сиыр* сөзінің кәдімгі *сиыр* малына қатысы жоқ сияқты. Түркі, монғол тілдерінде *сай, сайр, чай* тұлғаларында айтылып, «күрғаған өзен, сайдағы өзен, өзен» мағыналарын береді. Махмуд Қашқари еңбегінде *saj* «тасты өзен», «тасты жер», *saj jazi* – «жазық, тасты ойпат»: *sajram, sajram suv* – «терең емес, саяз су». Бұл дәлелдерге қарағанда көне түркі, монғол тілдеріндегі *сайр* сөзі айтыла келе тіліміздің дыбыстық заңына сай сөзі *сиыр* тұлғасына айналып, тілімізде берік қалыптасқан. Сонда *Қарасиыр* атауы: «Күрғаған өзен, сайдағы үлкен өзен» мағынасында қойылған. Кейіннен бұл өзен жағасына орналасқан ауыл осы өзен атымен аталған.

Қарасу (Карасу) – а., Ақтоғ. ауд.; *құр. өз.* Жанаар. ауд.; *жер, өз.* Ұлыт. ауд.; *өз.* Шет ауд. Еліміздегі толып жатқан өзен, бұлақ, елді мекен атаулары ретінде кездеседі. Ең әуелі су, өзен ретінде аталып, кейіннен сол жерлерге елді мекендер орналасқан соң олардың атаулары да *Қарасу* аталған. *Қарасу* аталатын өзендер

басын таулардан, олардың биік шың-құздарындағы қар, мұз ертіндісінен алмайды, олар тау етегіндегі, болмаса жазық жерлердегі қайнар, бастау, бұлақтардан алғандықтан, яғни жер суы болғандықтан Қарасу аталады. Олардың түр-түсі бірде таза мөлдір болса, кейде қарақоңыр болып келеді. Бұл өңірдегі Қарасу «жер суы» мәніне ие.

Қаратау (Каратау) – тау, биікт. 614,4 м. Ұлыт. ауд. Бұл атау Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау обл-да да бар. Қаратау топонимдері құрамдарындағы *қара* сөзі түстен басқа «зор, ірі, үлкен» тәрізді мағыналарға ие келетіні ежелден белгілі. Оған ауыз әдебиетіндегі *Қара әулие*, *Қаратау* тәрізді атауларды жатқызуға болады. Сондай-ақ *Қара Ертіс*, *Қаратеңіз*, *Қара мал* тәрізді атаулар да тән. Біз әңгіме етіп отырған Қаратау атауы да бұл өңірде тау аты ретінде ғана кездесіп отыр. Олай болса, «үлкен, биік тау» дегенді аңғартады.

Қарашелек (Карашелек) – өз. Ақтоғ. ауд. Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауданында *Шелек* өзен, ауыл аты ретінде кездеседі. Ақмола обл. Ерейментау ауд-да Шелексай болса, Қырғызстан Республикасының Ыстықкөл облысында да Чилик деген өзен атының бары белгілі. Біздің пікірімізше, *Шелек* (өзен, а.) атауы *шел* және *ек* деген екі компоненттен құралған. Осы *шел* сөзі жеріміздегі Желқарқара (өзен), Желтораңғы (а.) атауларында *жел* тұлғасында айтылса, қырғыз тілінде де *Желарық* (өзен), *Жылкөл* (көл), *Жылкуу* (тау), якут тіліндегі *Дылкөл* (көл), *Дыл-Юрях* (өзен) атаулары құрамдарындағы *жел*, *жыл*, *дыл* сөздерінің түп көне төркіні түркі тіліндегі *йул* – «бастау, қайнар, су» (ДТС, 1969, 277-278) екенін нақты ізденістер толық анықтап отыр. Көне түркі тілдерінде сөз басында *ж* дыбысымен айтылатын сөздердің жоқ екендігін, керісінше, *й* дыбысының басым қолданылғаны айқын. Сол *й* дыбысынан басталатын сөздер кейінгі кезеңдерде *д*, *ж*, *ч*, *ш* дыбыстарына алмасып, ал *йул* сөзіндегі *у* дауысты дыбысы *ы*, *і* және *е* дыбыстарына ауысқан. Яғни *йул* < *дыл* < *жыл* < *жел* < *шел* < *шел* болып

қалыптасқан. Ал *шелек* сөзіндегі ек сөз жасаушы қосымша. Демек *Шелек* «бастау, қайнарлардан бас алған өзен» деген мәнге ие. Ғасырлар бойы тауды тіліп, арындап ағып жатқан өзеннің өз басын тау етектеріндегі бастау, қайнарлардан алып, оған тау басынан ағып қосылған қар суы қосылып аққандықтан Қарашелек деген атау берілген.

Қасау (Касау) – жер, тау. Тілімізде *қасаң* – «қатып қалған қатты», *қасат* – «тығыздалып қалған, қатқыл», *қасатқар* – «тығыздалып қалған, қатып қалған қар», *қасаңдау* – «қаттылау, аздап қатайған» (жері, топырағы) тәрізді *қас* түбірінен өрбіген сөздер бар. Біздің пікірімізше, *Қасау* топонимінің мағынасы да, оның құрамындағы *қас* түбірінің де ұқсас екенін ескерсек, алтай тіліндегі Қаскак-Туу тау атының да семантикасы жағынан «Қатты тасты биік тау» (Молчанова, 1979, 214) жақын екенін көреміз. Демек, *Қасау* атауының мағынасы: «Қатты, тығыз, тың жер, сол жердегі биік тау» дегенге саятындай.

Қасқаайғыр (Каскаайғыр) – кен орны, тау, биікт. 676,6 м. Бұл атаудың мағынасы туралы: «Осы жердегі қасқа айғыр оқиғасына байланысты қойылған» деген пікір бар (Қаз. геогр. ат. Сөзд. Жезқаз. обл. 1990, 168). Е. Қойшыбаев «Қасқаайғыр» мекен аты (Орталық Қазақстанда). Қаз. этникалық топ бойынша қойылған атау» деп жазды (1985, 164). Осы өңірде *Қасқатау*, *Қасқақұдық*, *Қасқабұлақ*, *Қасқақошқар* тәрізді бірінші сыңарында қасқа сөзі бар топонимдер ұшырайды. Бұлардың ішінде *Қасқақошқар* атауындағы *қасқа* сөзі ғана өзінің бастапқы, тура мағынасында қолданылған. Ал басқа атаулардағы *қасқа* сөзі топонимдік мағынаға ие болып тұр. *Қасқабұлақ* – «таудың басынан қасқайып, алыстан қарағанда жарқырап тік түсетін, ағатын бұлақ» болса, *Қасқақұдық* «суы мөп-мөлдір таза құдық», ал *Қасқатау* «алыстан қасқиып, анық көрініп жатқан тау» сияқты мағыналарға ие. Біздіңше, *Қасқаайғыр* атауының екінші сыңарындағы *айғыр* сөзі тауға байланысты айтылған *айыр* сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түскен түрі болса керек.

Торыайыр тауының Торыайғыр болып айтылып кеткені сияқты құбылыс екені сөзсіз. Сонда *Қасқайыр* «алыстан қасқып анық көрініп жатқан айрық, айыр» мәнінде қойылған сияқты.

Қасқая (Каская) – а., Ақтоғ. ауд. Бұл топонимді «жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының сыртқы жауға тойтарыс берген, қасқая қарсы тұрған жері» деп түсіндіру бар (Қаз. геогр. атаул. Сөзд. Жезқ. обл. 1990, 168). Біздің байқауымызша, атау *қас* және *қая* сөздерінен бірігіп жасалған (ол кейбір түркі тілдерінде *қаш* (қаш) тұлғасында да айтылады). Атаудың бірінші сыңары *қас* сөзінің тура мағынасы «қабақтың үстіндегі қыл, түк». Ол кейбір түркі тілдерінде *қаш* (*каш*) тұлғасында да айтылады. Осы *қас/қаш* сөздерінің түркі тілдеріндегі топонимдік мағынасы – «төбе, шоқы». В.В. Радлов еңбегінде (1899, 2) *каш* және *қас* – «дөнес», «томпақ», «көтеріңкі жер», «төбе», якут. *хас* – «биік жартас», хак. «биіктік», тәж. «төбе». Сондай-ақ тіліміздегі омоним *қас* – «нағыз, тым, аса» мәнін білдіретін сөз екені де мәлім. Ал атаудың екінші сыңарындағы *қая/қая* сөзінің көне түркі тіліне тәндігін және оның қазіргі түркі тілдерінің көбінде әртүрлі дыбыстық өзгеріске түсіп, қолданыста келе жатқанын көреміз. Көне түр. *qaja* – «күз, жартас» (ДТС, 1969, 406). Өзб. *қоя* (бұл да сол мағынада), якут. *хая* (хайа) – «жартас, күз», «тік жартасты тау», «тау тізбегі», парсы тілінде (түркі тілінен енген) *қая* «жартас, күз», «төбе», түркі тілінен болгарлар қабылдаған *қая* «күз, жартас» (Мурзаев, 1984, 267).

Бұл деректерге қарағанда, атау құрамындағы *қая* көне түркі тіліндегі *Qaja* сөзімен тұлғасы бірдей, тілімізде сол бастапқы қалпында сақталған. Сөйтіп, *Қасқая* атауының мағынасы: «жартасты күз», «тік жартасты тау» екенін көреміз. Ауыл сол тау (төбе) етегіне орналасқандықтан *Қасқая* аталса керек.

Қасқыр (Каскыр) – төбе, бұр. Жез. ауд. Атаудың мағынасын: «бөрі мекендеген төбе» деп түсіндіру бар (Қаз. геогр. атаул. Сөзд. 1990, 168). *Қасқырмен* байланысты *Қасқырқонған*, *Қасқырқұдық*, *Қасқыршапқан* деген бұлақ, құдық, шоқы атауларының

қасқыр мен (бөрі) логикалық тұрғыдан байланысы байқалмайды. Тұлғалық жағынан қасқыр (бөрі) сөздерімен ұқсас болғанымен мағынасы жағынан ерекше сияқты. Байқауымызша, *Қасқыр* атауының бірінші сыңарындағы *қас* басқа түркі тілдеріндегі *каш* сөзімен тұлғалық әрі мағыналық жағынан сәйкес те ұқсас. Айталық, *қас/каш* сөздерінің тура мағынасы «қабақ үстіндегі қас, түк» болса, топонимдік мағынасы «төбе», «су жағасы». В.В. Радлов еңбегінде (1899, 2 т.) *каш* және *қас* «биік жер, төбе», якут. *хас* «биік жартас», хак. *хас* «жаға», «биік шоқы»; тәж. тіл. *кош* (түркі тілдерінен енген) «төбе» болса, қырғ. түркм. *каш* «тас». Осы *каш* сөзі көптеген түркі тілдері мен ир. тілдерінде «нефрит, көкшіл түсті минерал», «яшма, кварцтың бір түрі» екенін көреміз. Ал атаудың екінші сыңарындағы қыр сөзі көне түр. *қыр* «қырат, қырқа», «тау қырқасы» (ДТС, 1969), қырғ. *қыр* «тау жотасы, тау жалы», өзб. *қыр* «жоталы, төбелі дала», тув. *қыр* «тау қыраты», хак. *хыр* «төбе», «тау», алт. *қыр* «тау, қырқа» (Мурзаев, 1984, 327). Демек, *Қасқыр* «кварцты, көкшіл түсті тастары бар төбе» мәніндегі атау деудің ыңғайы бар сияқты.

Қатынқұдық (*Катынкудық*) – құд. Құрамында *қатын* сөзі бар топонимдер (адыр, тау, бұлақ, құм, қопа атаулары) республикамыздың әр жерінде кездеседі. Әсіресе Сібірде, Таулы Алтайда көбірек ұшарайды. Көптеген түркі жазба ескерткіштерінде: *қатын*, *қатин* – «әйел, ханым», *хатим* – «манаптың, бектің әйелі». Монғол тілінде де *хатан* – «атақты, дақты әйел, ханша, ханым». Э.М. Мурзаев *катунь* сөзінің географиялық атаулар ретінде Сібірде жиі кездесу себебін сөз ете отырып, көне түркі тіліне тән сол *қатын/хатын* сөзі бүгінде өзінің әу бастағы «әйел» мағынасында сақталып, су деген қосымша мағынасынан айрылған деп жазды (Мурзаев, 1964, 10). О.Т. Молчанованың пікірінше «Таулы Алтайдағы өзен аты Катунь «өзен патшасы» (О.Молчанова, 1979, 216). *Қатынқұдық* атауының мағынасы: «әйел қазған құдық» болса керек.

Қойнау (Койнау) – жыра, Ұлыт. ауд. Бұл жалпы есімнен жасалған жалқы географиялық атау болып саналады. Тілімізде *қойнау* – 1. «таудың жан-жағы биіктеу аңғары, іші» (Қаратау қойнауы, жер қойнауы т.б.) болса, 2. жер құшағы, қойны (мыс.: жер қойнауы). Қырғыз тілінде *койнот* деп аталады да «жыра, аңғар, сай»; қарақалпақ тілінде *койнау* – «алқап, ойпат» мәндерінде қолданылады.

Қойтаған – жер, бұр. Ақад. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *қой* сөзінің кәдімгі қой малынан басқа мағынаға ие сөз болуы мүмкін. Өйткені көне түркі тілінде *qoi* «дно долины» (ДТС, 1969, 453). Демек «жазықтың үсті, беті» немесе «таудың етегі, табаны» деген сөз екенін көреміз. Ал *таған* 1. «ошақтың, мосының үш бұты, аяғы, тіреуіші»; 2. үш аяқты темір мосы (ҚТС, 1999, 607). Э.М. Мурзаевтың пікірінше *таған* сөзінің топонимдік мағынасы: «тау, жота, төбе» (Мурзаев, 1984, 538). Олай болса, *Қойтаған* атауының топонимдік мағынасы «тау етегіндегі жазық жер» дегенді білдірсе керек.

Қойтас (Койтас) – а., Ақтоғ. ауд. Қайрақты кентінің шығ. жағында; *төбе, тау*, биікт. 880,5 м. Ақтоғ., Шет ауд.-да; *жота*, Жанаар. ауд. Ф. Қоңқашбаев *Қойтас* атауын «қой сияқты әр жерде шашырап жатқан жұмыр тастар» деп түсіндірген. Бұны Э. Мурзаев, В.Н. Поповалар да қайталайды. Қойтастардың кез келген жазық далада емес, тек тау етегіндегі жазықтарда ғана болатынын ескерер болсақ, *Қойтас* атауы: «тау етегіндегі жазық жер бетінде шашырап жатқан, көлемі әр түрлі тас» мәнінде қойылған сияқты.

Қойуыс (Койуыс) – тау, биікт. 457,7 м. бұр. Жез. ауд. Жыланды кентінің солт.-бат.-да. Атаудың бастапқы түрі *Қойқуыс* болуы мүмкін, оның ұзақ жылдар айтыла келе *қойуыс* болып өзгергені байқалады. Оның құрамындағы *қой(хой)* жоғарыда көрсеткендей «төбе», «тау», «тау жалы», ал екінші сыңардағы монғ. *уыс-ус, усу* – «су», «өзен». Олай болса, *Қойуыс* – «тау етегіндегі өзен, су» мағынасында қойылған деп қараймыз.

Қойұлес (Койулес) – өз. бұр. Жез. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *қой* сөзі Қойтаған атауындағы *қой* сөзімен мағыналас, ал *ұлес* сөзі көне түркі тілінде *ól* «дымқыл», «сыз», ал *ес* < *ас* < *аш* < *ыш* сөздері түркі, монғол және ханты, санси кельт тілдерінде «су», «өзен» мағыналарындағы сөз. Хант. тіл. *ас* «өзен, үлкен өзен». Осы ханты, манси тілдерінде Обь өзенінен *Ас* деп атайды екен (Э. Мурзаев, 1984, 58). Таулы Алтайда Улуш өзен аты, Катун өзенінің оң жағасы ретінде кездеседі екен. Демек, *Қойұлес* атауы тілімізде сақталып отырған көне өзен аты, оның мағынасы: «тау етегіндегі, табанындағы өзен дегенді білдіреді деп болжаймыз.

Қолаң (Колан) – тау, Нұра ауд. Көне түрк. *gol* «жазық», «дала» (ДТС, 1969, 453). Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінде *гол* – «өзен алқабы», «жазық жер», өзб. *кол* – «өзен ағып жатқан жердегі тау жазығы». Атаудың екінші сыңарындағы *аң* < *ат* сыңарлары көне қосымша. Демек, *Қолаң* «тау жазығы» мәніндегі атау.

Қоңыр (Коныр) – таулар, Шет ауд. *Қоңыр* сөзі әдеттегі түр-түсті білдіретін лесикалық мағынасынан бөлек географиялық термин ретінде жиі жұмсалып, топонимдік мағыналарда да қолданылады. *Қоңыр* сөзі арқылы жасалған жер-су аттары түркі, монғол тілдерінде аз емес. Мысалы: *Байқоңыр, Қоңырат, Қоңырсай, Үшқоңыр, Қоңырөлең, Жетіқоңыр, Қоңырорпа, Қоңыртау, Қоңыртөбе* т.т. Ғ. Қоңқашбаевтың пікірінше «Орталық Қазақстандағы құм төбелер мен қоңыр шөп өскен жерлер көп кездеседі. Қысқы жайылымға қолайлы қоңыр шөпті жерлерді жергілікті халық *қоңыр* атайды» десе, Е.Қойшыбаев та қуаттай отырып: «Қоңыр – Республика облыстарының көбіне тау-тау құмды, қырқалы аймақтардағы жайлау, қыстау, жайылым аттары. Топонимдер төркіні түркі немесе түр. монғол тілдерінде бұрын болған, бірақ бәрі де жаңғырған өсімдік (от) атымен аталғанға ұқсайды. Бара-бара бұл термин көшпенді елдердің этнонимдері мен антропонимдер компоненттеріне

сіңіскен. Ал топоним атаулары орын орындарда ғасырлап қала берген» деген-ді (Қойшыбаев, 1985, 170). Байқоңыр атауына берілген түсінікте қараңыз. Онда *қоңыр* сөзіне толық мағлұмат беріп отырмыз.

Қора (Кора) – айр. Ақтоғ. ауд.; *төбе*, биікт. 210,7 м. Ұлыт. ауд. Жоңғар Алатауындағы бір тау аты да Қора аталады. Е. Қойшыбаев Қора атауын түр.-монғ. тілдерінде *Боро-Хоро*, *Хархира* атауларымен өзектес деп қарайды (1985, 171). В.А. Казакевич: «Хара – Батыс Гобидегі аласа келген таулар» десе (Казакевич, Совр. монғ. топонимика. 1934). Э.М. Мурзаев: «Хара осетин тілінде тас, тасты жер» дегенді айтады (1984, 591). Біздің тілімізге енгенде осы *хара* сөзі дыбыстық өзгеріске түсіп, тілімізге бейімделіп, *қора* тұлғасына өзгерген деуге болады. Осы дәлелдерге сүйене келіп, *Қора* тауының мағынасы: «тау, тасты жер» дегенді білдіріп, тау айрығы ретінде белгілі болған сияқты.

Қотанбұлақ (Котанбулак) – таулар, Ақтоғ. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *қотан* «айнала төңірек, қора, қорған, қоршау, қоныс» мәндерінде көпке мәлім, ал бұлақ мәні де таныс. Демек, *Қотанбұлақ* – «белгілі бір жерді айнала төңірек ағып жатқан бұлақ» мәніндегі атау. Павлодар облысында Қотанкол, Қотансор, Қотантерек деген де атаулар бар.

Қотар (Котар) – тау, биікт. 466,7 м. Шет ауд. Бұл атауды монғол тіліндегі *хотгор* – «ой», «ойпат», «қисық», «бүгілген» сөзімен салыстыруға болады. Бұл сөз бурят тілінде сәл өзгеріп *хотогор* – «еңіс» түрінде қабылданған. *Қотар* сөзі сол монғол тіліндегі *хотгор* сөзінің тілімізге бейімделіп, дыбыстық өзгеріске түскен түрі болу керек. Олай болса, атаудың мағынасы «ойлы-қырлы, ойпатты, иіліңкі, бүгіліңкі тау» дегенге саяды.

Қошқар (Кошкар) – тау, биікт. 748,0 м. Ақтоғ. ауд. Бұндай тау аттары еліміздің көптеген жерлерінде кездеседі. Атаудың мағынасы туралы екі ұдай пікір бар. Е. Қойшыбаев: «*Қошқар* атауы түркілердің бұғы, бұқа, бура атаулары тектес ру-тайпа

аттарынан болуға тиіс» (1985, 175) десе, қырғыз ғалымы Д. Исасев *Қошқар* атауын монғол тіліндегі *хотгор* «шұңқыр, ой, ойпат» мәніндегі сөз, тек фонетикалық тұрғыдан өзгерген нұсқасы деп қарайды. Қошқар атауы топонимдерде тау, сай, елді мекен аттары ретінде кездессе, кісі аттары ретінде Қошқар, тек (фамилия) ретінде Қошқаров тұлғасында кездеседі. Бұған қарағанда, топонимдердің кейбіреулерінің жер жағдайына, белгілі бір бедер-белгісіне қарай «ой, шұқыр, ойпат жер» Қошқар аталса керек. Ал енді бір жерлерде кәдімгі қошқар «қой малының еркегі» түрінде, ерте заманда үй хайуандары мен аңдарды пір тұтумен байланысты аталуы мүмкін.

Қу (Ку) – тау, биікт. 780,8 м. Жаңаар. ауд. Шалғия поселкесінің солт. жағында. Бұр. Егіндібұлақ ауд. Осы таудың етегінде. Бұл таудың бұрынғы да, қазіргі атауы да Балқан тауы. Қу аталуы шаншар руына да қатысты. Себебі, бұл руда әзілкеш, қу адамдар көп шыққан, сондықтан *шаншардың қуы* деген фразеология қалыптасқан. Бұл өңір 1926-50 жж. арасында Қу ауданы атанды. Тау да солай атанды. Көлдерге аққу қонады. Оған да байланысты. Мұңлы, Қулы – екі жеке-жеке тау Жаңаар. ауд. Қаражал қаласының оңтүстік шығысында 100 км жерде. Бұл атаулар жайлы халық аңызы да бар. «Мұңлы бай қызы, Қулы кедей жігіті. Екі ғашық бір-біріне қосыла алмай, өмірлері қайғымен бітіпті» (А. Сейдімбеков). Э. Мурзаев (1984, 307) мари, манси тілдерінде қу (ку) – «тас, тасты»; венг. *кő* – «тас» деген мәнді білдіретін сөздер деп көрсетеді. Бұған қарағанда ол тастардың жай тас емес, алыстан ағарып, жап-жалтыр боп, кварцы жалтырап жататын шағыр тау аталуы да мүмкін. Олай болса, атаудың мағынасы: «тас, тасты, ақ тасты тау» дегенді білдіретін сияқты.

Құжан (Қужан) – тау, биікт. 808,6 м. Шет ауд.; *тау*, биікт. 576,7 м. Жаңаар. ауд., биікт. 568,1 м. Ұлыт. ауд. Қу, Қуак, Қулы таулары Жаңаарқа, Шет аудандарының жерінде болғандықтан *Құжан* атауының да сол атаулармен мәндес болуы заңды құбылыс деп қарасак. *Құжан* атауының мағынасы: «Қу

тауының жанындағы, оған жақын жердегі тау» екенін мегзей койылған атау екенін байқаймыз.

Қулы (Кулы) – тау, биікт. 537,5 м. Қарашоқы тау-ң шығ. жағында, Жаңаар. ауд. Қу сөзіне+лы қосымшасы қосылу арқылы жасалып, «тасты» мағынасын беріп тұр. Шет ауд. Шалғия пос-ң солтүстігіндегі екі шоқыны Қулы, Мұңлы деп атайды. Бұл екеуі жеке-жеке таулар. Жергілікті елдің аңызы бойынша: «Мұңлы деген қыздың Қулы деген жігітке қосыла алмағаны жөнінде қайғылы аңыз әңгіме бар. Мұңлы бай қызы екен де Қулы кедей жігіт болыпты. Бірақ осы екі ғашық бір-біріне қосыла алмай, өмірлері қайғымен бітіпті. Сондықтан да бұл таулар жігіт атымен Қулы, қыз атымен Мұңлы аталыпты» (А.Сейдімбековтің айтуынша).

Қусақ (Кусак) – өз. ұз. 184 км. Ақтоғ. ауд. Е. Қойшыбаев пікірінше: «көне топонимдердің бірі: қужәне сақ этнонимдерінен қалыптасқан» (1985, 175, 176). Атаудың мағынасы: «қу – «тасты»+сақ<саг<сай, яғни «тасты сай» болуы мүмкін.

Қушоқы (Кушоқы) – таулар, биікт. 1283 м., 975,9 м. Үшқара тауының төңірегінде; тау, Шет ауд. биікт. 536,2 м. Шошқалы өз-ің оңт. жағында, Ұлыт. ауд. тау, Қарк. ауд. Бұл Қутөбе атауымен мөндес, яғни «тасты шоқы».

Қушық (Кушык) – тау, өз. Ақмая пос-ің солт. шығ. жағ-да. Атаудың соңындағы шық зат есімнің кішірейткіш жұрнағы. Аталмыш тау да, өзен де Қу тауының маңында болғаны байқалады. Атаудың мағынасы: «Қу тауының кішкентай бір саласы, болмаса шағын ғана қушиған тау».

Қуыркөл (Куырколь) – жер, көл. Ұлыт. ауд. Таулы Алтайда *Кујур* – «тұзды жер, соры көп топырақ, сортаң» сөзі өзен, тау, сай, көл атауларында жиі кездесетінін көреміз (О. Молчанова, 1979, 71). Бұл сөз жазба монғол тілінде *хижир* – «сор, сортаң, қоқыр», монғ. *хужир* «сор, сортаң», бурят. *хужир* – «сор, сортаң» түрлерінде айтылады. Біздің Қуыркөл атауындағы қуыр сол *кујур*, *хужир* сөздерінің тілімізде дыбыстық өзгеріске түсіп, бұзылып айтылған түрі деп санаймыз. Демек, Қуыркөл

атауының мағынасы: «сор, сортаң жердегі тұзды көл» екі дау-сыз деп білеміз.

Құлаайғыр (Кулаайғыр) – тау, а., Жаңаар. ауд. Шет ауд. Е. Қойшыбаев (1985, 176): «Атау *құлай* және *қыр* сөздерінен қалыптасқан» десе, В.Н. Попова (1994, Т. II, 271) «*құл* (из саганай кулан-кыпчаков) – этноним+*ай-ғыр* (раст.) «колосняк гигантский». *Құлайайғыр* – (урочище) кулов (куланцев), где колоснык гигантский (разновидность травы)» дегенді айтады. Алматы облысының Райымбек ауданында, Павлодар облысының Баянауыл ауылында Торыайғыр атты таулары бар. Халық этимологиясы бойынша: *торы+айғыр* (жылқының еркегі) сол тауда қалып қойыпты да оны кейіннен Торыайғыр атап кетіпті. Бұл туралы Алматы облысының топонимиялық сөздігімізде жазған пікіріміз бар. Біз ол атауды *торы* және *айғыр* сөздерімен байланысты деп қарамаймыз. Сол сияқты Құлаайғыр атауының бірінші сыңарындағы *құла* сөзін түспен байланысты емес, ал *айғыр* сөзі де жылқымен байланысты емес, *айыр* (екі аша) сөзінің өзгерген тұлғасы деп қараймыз. Ал *құла* сөзі қол (көне түркі *gol* «жазық») сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгеріп, тілімізде қалыптасқан түрі деп білеміз. Бұл жөнінде G. Clauson (An Etimologick (Dictionary of Pre-Thirteenth-Centruy Turkish. Oxford. 1972, 614) айтқанына жүгінсек, *kool* сөзі бірнеше метафоралық мағынаға ие болған. *Oobriikoolii* – «даланың жазықтың жоғары жағы». *Kool kash* – «жазық пен тау қыраттары», *kool* – «тау жақтағы кішігірім төбелер» дейді. Бұған қарағанда Құлаайғыр атауының мағынасы: «екі айрыққа бөлінген тау болмаса қырат, төбелер арасындағы айрық аша» болуы мүмкін.

Құяңқарта (Қуянкорта) – шат. Атаудың бірінші сыңарындағы *құяң* сөзінің тура мағынасы «бел ауруы» болса, топонимдік мағынасы «бел» ретінде қолданылып, ал *қарта* сөзінің тура мағынасы: «жылқының қатпар-қатпар болып келген майлы ішегі» болса, топонимдік мағынасы «жер қыртысы,

онын қатпар-қатпар тұсы» мәнінде қолданылған. Демек, *Құяңқарта* – «кабат-кабат бел, асу, қатпар-қатпар шат» мәнінде қойылған болса керек.

Қызылсырт (Кызылсырт) – Шұнақ тауының бат-дағы ұсақшоқылық. Атаудың құрамындағы *сырт* түркі тілдерінде «биіктік», «қыр, қырат», «таудың жалы», «алыс, қашық жер», «сырт жақ» мағыналарын білдіреді. Мысалы: көне түркі тілд. *sirt* «биіктік», өзб. *сирт* «сырт», «қырат», «жоғары», әзірб., құмық *сырт* «бір нәрсенің жоғары жағы», «жал», қырғ. *сырт* – «сырт жақ», «алыс жер», «арқа», «жота». Демек, *Қызылсырт* – «қызыл топырақты биік қыр, қырат, тау жалы» дегенге толық келеді.

Әдебиеттер

1. История Казахстана. Т. 1. 1977, 134.
2. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А., 1979.
3. Аль-Идриси. Нузхат Ал-Муштах фи Ифтизак//Материалы по истории туркмении. М.-Л., 1939.
4. Кумеков Б. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. А., 1972.
5. Әбдірахманов А. Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасуы//Орталық Қазақстанның жер-су аттары. А., 1989.
6. Құрманғали Халид. Таварих-и Хамса-ий Шархи. Қазан, 1910.
7. Қармышева Б.Х., Қармышева Дж.Х. Что такое Арка-Юрт?// Ономастика Востока. М., 1980.
8. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. А., 1975.
9. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. А., 1991.
10. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических названий. М., 1984.
11. Радлов В.В. Опыт словаря... СПб. 1968.

ҚҰРАМДАРЫНДА ГОМОГЕНДІ КӨНЕ ТҮБІРЛЕР САҚТАЛҒАН ГИДРОНИМДЕР

Кең-байтақ қазақ даласында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі заманға жетіп отырған жер-су аттары (топонимдер) – талай дәуірдің қарт куәсі. Сан мың топонимдердің ішінде 85 мың өзен, 48 мың көлдің болуы ғажайып құбылыс. Осы өзен, көл (гидронимдер) атауларының баршасы, белгілі бір дәуір, айтулы кезеңде пайда болмағаны, адамзат қоғамының әр кезеңінде өмір сүріп, біздің заманымызға жетіп отырғаны мәлім.

Тарих атасы Геродоттың тоғыз томдық Тарихында және “Геродот еңбегі бойынша жасалған көне заман картасында “*Каспий теңізі, Кавказ таулары* т.б. атаулар аталса, грек ғалымы К. Птолемейдің “География” атты кітабында *Жайық өзені Джаих*, ал VI ғ. Византия ғалымы Менандр Протектор еңбегінде осы таудың *Daix* деп берілгені, араб ғалымы Ахмед ибн Фадланның жазбаларында да Джаих түрінде аталғанын көреміз. *Іле өзені* бұдан екі мың жыл бұрын Қытай жылнамасында кездесе, *Сырдария, Арал теңізі, Арыс, Ертіс, Есіл, Жем, Елек, Кеңгір, Басқан, Сарқан* т.б. өзен аттарының да ертедегі тарихи еңбектерде айтылып келгені белгілі.

Гидронимдер құрамындағы гомогенді көне түбірлер мен кейбір лексикалық элементтер тарих табымен ескіріп, мән-мағыналары ұмыт боп кеткен. Оларды тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдап, ғылыми бағытта зерделей зерттей берудің мәні зор болмақ.

Құрамдарында *гем//жем//жам//жым//ган//ген//кен//қан* гомогенді түбірлері бар гидронимдердің жерімізде сақталуы халқымыздың қасиетті атамекен, атажұртымыздың сан ғасырлық тарихы, мәдениеті мен тілі, діни сенім-наным, дүниеге деген бай көзқарасымен тікелей байланысты. Ерекше назар аударып, деп қоярлық жайт – ондай гидронимдердің жер

шарының басқа да нүктелерінде, атап айтқанда, Шығыс елдері мен Орта Азия, Батыс еуропа елдерінде таралу шегінің кеңдігі. Ал Республикамыздың батысы мен шығысында, оңтүстігі мен солтүстігінде, сондай-ақ апай төс Сарыарқада кездесуінің өзі де тіл тарихы мен ел тарихынан айтарлықтай мағлұмат, сыры ашылмаған жайттардан қыруар деректер көрсетері сөзсіз.

Шығыс Қазақстанда *Қарагем, Жеменей, Жем*, Батыс Қазақстандағы *Жем* (Орта ғасырда *Гем* аталса), *Жымпиты*; Оңтүстік аймақта *Бөген, Жетісу* аймағында (оңтүстік-шығыста) *Басқан, Сарқан, Түрген, Кемер, Кеген, Шамалған* деген өзен аттары құрамдарындағы гомогенді түбірлер көне дәуірлерге тән.

Осы гомогенді көне түбірлердің қазіргі қазақ тілінде халықтық географиялық термин, болмаса жалпы есім ретінде ұшырауы да ерекше назар аудартады. Атырау, Маңғыстау облыстарының тұрғындары тілдерінде *жам* – “теңіздің терең, өзек жерлері” мәнінде бүгінде кенінен қолданыс тауып жүрсе, әдеби тіліміздегі *кеме, кемер* сөздерінің түбірі *кем* екені, оның су, өзенмен байланысты ғана айтылатыны әркімге аян. Ал Шығыстағы Енесай өзенінің бұрынғы аты *Кем* – “су”, “өзен” болуында да тарихи заңдылықтың бары байқалады.

Жоғарыда көрсетілген өзен аттарын жеке дара талдай отырып, гомогенді түбірлердің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрлерін, яғни дыбыстық варианттарын, олардың білдірер мән-мағынасын туыстас және туыстас емес тілдермен салыстыра, салғастыра қарастыру – олардың беймәлім сыр-сипатын аша түсері сөзсіз. Түрлі тарихи себептермен географиялық нысандардың (объектінің) аты дыбыстық, графикалық т.б. өзгерістерге түсіп, мағынасы мен байланысын жоғалтып алуы жиі кездеседі. Атаулардың әуел бастағы лексикалық мағыналарынан бірте-бірте алшақтап, арыла бастауы ономастикалық заңдылыққа тән құбылыс. Сондай-ақ, сол атауды қойған тайпа, этностың тарих аренасында бірін-бірі алмастырып, ауыстырып отыруымен тікелей байланысты келеді.

Бұл жөнінде белгілі ғалым В. Абаев: “Халықтар мен тайпалар белгілі бір территорияда алмасып, ауысып жатқанымен ізсіз жоғалып кетпейді. Әрбір жаңа тайпа өзінен бұрынғылардан азды-көпті болса да қажеттілерін қабылдап әрі сақтап отырады. Ол азды-көптілер белгілі бір дәрежедегі топонимдер болуы да мүмкін” деп жазды.

Кең байтақ даламызды, әрбір тарихи кезеңдерде, тілдері мен діни наным-сенімі әртүрлі тайпалар мен рулы елдер мекендеп, өмір сүріп, тірлік етті. Бұл жайт сол кездегі жер-су аттарында да белгілі дәрежеде із-таңбасын қалдырды. Солардың шінде біздің заманымызға өшпей, жойылмай жетіп отырғандардың көпшілігі өзендер мен тау аттары. Олардың кейбіреулерінің мағынасы көнеріп, ескіріп ұмыт болғандықтан шығу төркінін, мән-мағынасын анықтау керек болса, екінші біреулерінің құрамындағы көне форманттар мен синкретикалық түбірлер зейін қоя талдауды қажет етеді.

Қарағанды облысы Ұлытау ауданындағы *Кеңгір* өзенінің *Қаракеңгір*, *Сарыкеңгір* аталатын тармақтары да ежелден белгілі. Қаракеңгір өзенінің ұзындығы 283 км, алабы 19088 км² болса, *Сарыкеңгір* ұзындығы 135 км, алабы 4052 км². Осы атаулардың құрамындағы кеңгір сөзінің шығу тегі мен мән-мағынасы зерттеушілер назарынан тыс қалған емес.

Алайда нақтылы ой, толымды ғылыми пікірлер толық болмағандықтан түрлі пайымдаулар әлі де жалғасуда. Осы кеңгір сөзінің ерте замандарда *кенгар* тұлғасында айтылып, кейінгі кезеңдерде аборигендер тілінің айтылу ықпалына сай, яғни дыбыстық тұрғыдан өзгеріп, *кеңгір* болып қалыптасып кеткені байқалады. Өйткені *ген//кен//гем//жем//хем//кан//ган//қан* топоформанттар немесе жеке, дара тұлғалы топонимдер түркілер мен эвенгі (тұңғыс) мекендеген Енисейден бастап, Охотск теңізіне дейінгі тайга мен орманды-тундралы аймақта, шығыста Корейлерде, және Алтай, Сібірден Орта Азияға дейін, одан әрмен Индияға тараған. Осы форманттарды зерттеген

ғалымдардың бір парасы оларды жұрнақ деп таныса, екіншілері *кан* – “ағыс”, “өзен” деген мағына беретін дербес сөз деп санайды. Корея ғалымы Ким Чер Ленни» пікірінше, *кан* – “өзен” сөзіне тікелей қатысты сөз (1. 146-149).

Бұл пікірді Э.М. Мурзаев та қуаттай отырып, өзбектің *Коншедария* топонимін талдай келе, оның *кон* компонентінің бастапқы тұлғасы “*кан*-өзбек, тәжік тілдеріне енген иранның *кан* – “канал, арық, ағыс” сөзі деп есептейді. Ал Хинди тіліндегі *ганг* – “өзен”, үндіқытайдағы *конг*, оңтүстік қытайдағы *цзянь*, Корей тіліндегі *кан(г)* сөздерінің шығу тегі жағынан ортақтығы, сол сияқты монғол тіліндегі *гол* – “өзен”, түркі тілдеріндегі *гөл*, *көл* – “көл” (озеро) сөздерінің тегін бір деп айту бұдан он жыл бұрын негізсіз деп қаралса, қазіргі кезде дәлелденіп, таулы алтай тіліндегі *кан* – “өзен” деген сөз екені анықталып отыр, – деп жазды (2. 109, 291).

Құрамдарында гомогенді көне түбірлер *қан//кен//кел//ген // гем//жам//жем//жым* сақталған гидронимдердің қазақ жерінде болуы түрлі тарихи жағдайлармен байланысты екендігі, оның “өзен”, “су” мағынасындағы түбір сөз екендігі анық болғанмен *Кеңгір-Кенгар* атауының екінші компонентіндегі *ар-ер-ір* морфемасының сыры ашылуға тиіс. Егерде Э.М. Мурзаев айтқан Хинди тіліндегі *ганг*, үндіқытайдағы *конг*, корей тіліндегі *кан(г)*, сөздерін негізгін алар болсақ, онда әуел бастағы *Кенгар* атауының тіліміздің ішкі заңына бейімделіп, айтыла келе *Кеңгір* тұлғасында қалыптасқанын, оның екінші компонентіндегі *ар (ер-ір)* морфемасының орал және түркі тілдеріндегі гидронимдер ретінде кеңінен қолданылатынын көреміз. Мәселен, башқұрт жеріндегі *Танып* өзенінің о» жағасындағы *Ар*, *Буй* өзенінің тарамы *Әри*, *Үсеннің* оң жақ тарамы *Әриылға* аталса, манси тіліндегі *әри* – “өзен”, башқұрт тілі диалектісіндегі *әр* – “өзеннің құрғақ арнасы” деген мәндегі сөздердің *әр* түбірінің венгер тіліндегі – “өзен, ағын” мәнді сөздерімен түбірлес болу келетінін байқаймыз.

Ғалым, жазушы Лев Успенский Франция топонимінен келтірген бір мысалында: “Франция картасында (әлбетте французша) *Аронна* өзені көрсетілген. Бұл өзек емес Өзен, ал өзеннің өзі *өзен-өзен* дегенді білдіреді. Көне лигурлар өзен дегенді ар деген сөзбен атаған. Олардың тілінде бұл сөз – шындығында “*өзен*” деген мәндегі сөз болған. Ар өзені бойын мекендеген лигурлардан соң ол жерді кельттер мен гилдтар иемденген. Олар *Ар* деген атаудың өзен мағынасындағы сөз екендігін білмейді де, оған өздерінше *Аронна* деп ат қойған. Кельт тілінде *онна* сөзі де “өзен” дегенді білдіреді екен. Сонымен, Өзен өзен деген атау болып кеткен. Ал француздар болса лигур тілінен де, галдтар тілінен де хабары болмай, ол өзенді өздерінше *Аронна-флев* немесе *Аронна-ривьер* деп, яғни Өзен-Өзен”, – деп атап кеткендігін айтады (З. 697). Бұл дәлелге қарағанда, бір өзенге қойылған атау әр дәуірдің өзінде, әр тілде *өзен* деп аталып “қабатты” топонимге айналып отырғанын көреміз. Олай болса, *Кеңгір (Кангар)* туралы да осыны айтуға болады.

Жем – Ақтөбе, Атырау облыстарындағы өзен. Ұзынд. 712 км., бассейні алқабы 40,4 мың км². Басын Мұғалжардан алады да Каспий ойпатымен ағады. Каспий теңізіне 5 км жетпей сорға сіңіп кетеді. Орыс тілінде бұл атау күні бүгінге дейін бұрмаланып *Эмба* тұлғасында бұрмаланып келсе, жергілікті тұрғындар *Ембі* деп айтып та, жазып жүр. Бұл өзен атының орта ғасырда *Гем* аталғанын А. Левшин жазған болса, шығыс түркі тілдерінде *кем* – “өзен” мәніндегі сөз екенін В.В. Радлов айтқан болатын.

Осы пікірлерге және басқа да ғалымдар пікіріне сүйене отырып, А. Әбдірахманов: “Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін *Кем//Гем* дейтіні де белгілі. Сондықтан бұл өзен аты *гем* деген сөзден қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске түсіп, дауыссыз *г* дыбысы ұяң дауыссыз *ж* дыбысына ауысып, *Жем* аталып, “өзен” мағынасын білдіруі мүмкін деп дұрыс ұйғарымға келген (4. 97). (Шындығында, тува тілінде *кем//хем* – “өзен”).

Құрамында *Кем* сөзі бар өзен, көл атаулары Тува мен Алтайда көп кездеседі. Мыс.: *Бий-Кем, Удуг-Хем, Ак-Кем, Қара Кем* т.б.

Жеменей – Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауданындағы Сауыр-Сайхан тауынан бас алып Кендірлік өзеніне құятын ұз. 53 км, алқабы 147 км², Кіші Жеменей-73. 15 км, алқабы 33 км² тарамдары бар. Бұл өзендер-Кендірлік және Үйдене өзен алаптарында. Атаудың бірінші сыңарындағы *Жем* сөзі арқылы жасалған өзен аттары басқа облыстарда да кездеседі. Мәселен, *Жамшы*-өзен, Қарағанды обл. Ақтоғай ауданында. *Жем* өзені-Ақтөбе облысынан басталып, Каспий теңізіне құятын өзен. Қарагем-Шығыс Қазақстандағы өзен. Бұл *Жем* атауы түркі, монғол, иран т.б. тілдерінде “өзен” мағынасындағы сөз ретінде *гем/кем/хем/кен/қам/қан* тұлғаларында жиі қолданылады.

А. Әбдірахмановтың “Жем (Эмба) өзенінің атауы *гем/кем* сөзінің варианты”, Е. Қойшыбаевтың “*Жамшы/Самсы* тұлғаларын бір морфологиялық тұлғаларда қарастырып, “лай су” мәніндегі атау” деген пікірлерін қолдай келіп, Ә. Сапарбекова “*Жамшы* гидронимі “су” мағынасын білдіретін *жам* және *шы* сөздерінің пленастика жолымен тіркесе бірігуі арқылы қалыптасып “ағын су”, “өзен” ұғымын аңғартады” деп топшылайды (5. 104-106). Э. Мурзаев *Кем/Хем* – “өзен” мәніндегі географиялық термин деп, Алтай, Монғолия, Сібір, Орталық Азия, Қазақстан гидронимдік атаулыры құрамында жиі ұшырайтынын көрсетті.

Демек, *Жеменей* атауының жем сыңарының “өзен” деген сөз екенін, оның түркі, монғол, Сібір халықтары тілдерінде *гем/кем/хем/кен/қан* тұлғаларында қолданылатынын көреміз. Ал *Жеменей* атауының екінші сыңарындағы *еней* сөзі тілімізге етене жақын байырғы *ене (ана)* сөзі болса, сөз соңындағы *ей* қосымшасы *атай, апай, әжей* сияқты туыстық терминдерге қосылып, құрметтеу, сыйлау мәнін білдіретін көне жұрнақпен бірдей.

Олай болса, *Жемей* атауы “ана өзен” мәнінде қойылған *Енесай (Енесай), Абақан* (абахан – “әйел, ана”, қан (қан) – “өзен”) сияқты атау деп топшылаймыз. Үлкен өзендерді анаға, патша әйелге балау түркі тілдерінде ежелден бар дәстүр болғаны тарихтан мәлім. Орыс халқының Волга өзенін “Матушка Волга” деуі Еділ бойын мекендеген түрік халықтарының әсерінен болса керек.

Жымпиты-Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданындағы елді мекен, аудан орталығы. Орыс тілінде *Джамбеты* түрінде өрескел бұрмаланып, қате жазылып келеді. Е. Қойшыбаев: “Атау соғды-иран тілдерінің “қорған, бекініс” мағыналарындағы *чум* тұлғасына көне түркі тілінің “сұсты, еңселі” мағынасындағы *ни(m)* тұлғасын тіркеу арқылы жасалғандай” деген жорамал айтса (4), Ұ. Рысқалиқызы: “Бұл атау көне түркі тіліндегі *қорған, бекініс* мағынасын беретін *эмпе* сөзі мен *ты* реликтік қосымша арқылы жасалған” деп, Е. Қойшыбаев пікірін қайталағанмен *жым* сөзін *эмпе* сөзінің өзгерген түрі деген болжам айтады (б. 96). Біздің байқауымызша, атау жеке мағыналы үш компоненттен бірігіп жасалған. Оның бірінші компонентіндегі *жым* көне түркі тіліндегі *гем//хем//кем* – “өзен мәнін білдіретін сөздің дыбыстық тұрғыдан өзгерген тұлғасы сияқты. Өйткені Ақтөбе, Атырау облыстарындағы *Жем*, Қарағанды облысындағы *Жамшы*, Шығыс Қазақстандағы *Жем, Жемей* деген өзен аттарының осы *жем* сөзімен байланысты, оның дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі екені анық байқалады. Ал осы атаулардағы *жым, жем* сөздерінің тегі *гем//хем* сөздері екені, *жым* сөзіндегі жуан дауысты *ы* дыбысы езулік дауысты *е* дыбысы орнын басқандай. Ал *Жымпиты* атауының екінші компонентіндегі *ни* сөзі көне түркі тілдерінде *бэй, би* “өзен”, самоди тілінде де *би, бу, ба* тұлғаларында айтылып, “өзен”, “су” деген мағына білдіреді. Обь өзенінің тармағы *Би* өзені, Енесай өзенінің бір тармағы *Би-Хем* аталатыны бұған дәлел. Ал атаудың соңындағы *-ты* реликтік қосымша түркі тілдерінде

гидроним, орним құрамдарында келгенде көптікті, молдықты білдіретін сын есім тудырушы жұрнақ ретінде ерте замандарда кеңінен қолданылған.

Жоғарыдағы дерактерге сүйене келе айтарымыз: *Жымпиты* атауы көне түркі тіліне тән “өзен, суы мол”, “өзенді”, “сулы” мәніндегі атау болса керек. Мұны сол жердің географиялық нысаны (объектісі) да анықтап, дәлелдеп тұрғандай. Жымпиты елді мекені Өлеңті, Шідерті өзендерінің құйған тұсына жақын, Өлеңті селолық округінің орталығына жақын тұрғаны бұған толық дәлел де аймақ. Мүмкін ерте кезде Жымпиты елді мекені маңайында өзен болып, құрғап кетуі де мүмкін.

Бөген – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өзен және өзен атынан қойылған ауыл аттары. Бұл атаудың мағынасын ”бөгенді, бөгені бар (сындық) мағынадағы тұлға болуы мүмкін. Бірақ бөгет сөзімен түбірлес болғанымен, сәл өзгелеу құбылыстың объектісіне тән: “өзен арнасыны” бөгенділігін – бір тарылып, бір кенеюін «баяндайды» деп қараушылар да бар.

Атаудың тым көне екендігін, тарихы тереңде жатқанын ескерсек, оның бірінші сынарындағы *бө* түбірі көне түркі, тұңғыс-мәнжүр, фин-угор тілдеріндегі *бо<би<бу* “су, өзен” мәніндегі сөз екенін көреміз. Оны Э. Мурзаевтың тұңғыс-мәнжүр тілдерінің солтүстік тобына тән негидал тіліндегі *bija* – “өзен, бастау, кайнар”, *бу* – “су”, “өзен”, “көл”, нганасан тіліндегі *бы* – “су” сөздерімен салыстыра қарауы да орынды (30106). Біздің байқауымызша, осы *Бөген* атауы сияқты гидронимдер құрамындағы *ген* гомогенді түбірлерінің гидронимдік *кан* түбіріне қатысты, соның өзгерген түрі болуы мүмкін.

Демек, *Бөген* атауының ескі замандағы айтылу нұсқалары *Буген*, *Биген*, *Беген* болуы да ықтимал. Бұған қарағанда, *Боген*, *Биен*, *Бүйен* атауларының түп төркіні бір *бо>бө* – “өзен”, “су” дегенге саятындай.

Кеген – өзен, село, ауд. орт. Райымбек ауд. Алматы обл. Бұл *Кеген* өзені *Кетпен* тауының оңтүстік батыс сілемі Шалкоде тауынан басталып, батысқа *Кеген* ауылына қарай ағады. Атаудың шығу тәркіні туралы алуан түрлі жорамалдар айтылған. Ғ. Қоңқашбаевтың пайымдауынша өзен аты монғол тіліндегі *геген* – “әулие, қасиетті” десе (7. 92), А. Әбдірахманов: “ол атау монғол, бурят тілдеріндегі *гэгээн* – “ашық, айқын”, “жарық” деген мағынадағы сөзі” деп түйеді (4. 101). Ал Е. Қойшыбаев ол атауды көне түркі тіліндегі *Көгмен* (“Көк тірескен”) оронимінің фонетикалық көрінісі. Осымен сілемдес *Кетпен* (көне түрі *Кетман*) атауымен салыстырыңыз деуі де қисынсыз (8. 126-127). Өйткені *Көгмен* – саян таулары. Ол Алтайда ғой. Бұл атау 5-8 ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері-Могиля хан, Тоньюк, Күлтегін жазбаларында көрсетілген. Ал *Кетпен* тауы болса Алматы облысының Райымбек, Ұйғыр аудандарының жерінде, Алматы қаласынан 270-300 км. қашықтықта ғана, оңтүстік шығыста тұр.

Кеген өзені атауының 11 ғ. ғалымы М. Қашқари еңбегінде: *Кейкан* – *Улуқ Кейкан*, *Кісіг Кейкан* тұлғаларында беріліп, “Қаяс тауынан *Ыла (Иле)* өзеніне қарай ағатын өзен аттары” (9. 190) деп анық жазған. Атаудың бірінші сыңарындағы *кей* сөзі ерте замандарда кейде *кей*, кейде *күй*, енді бірде *қүй* тұлғаларында айтылып, “үнгір, үлкен шұңқыр”, “өзен арнасы”, “жағасы” (хакас тілінде), “тере” сай”, “биік жар”, “тік жар”, “бетті” етегі” (қазақ, қырғыз тілдерінде) мағыналарын білдірген. Кейінгі замандарда айтылы келе қысқарып, *кей* сөзінің соңындағы й дыбысы түсіп қалған. Ал ол *ке* тұлғасына қосылған *ген* сөзі түркі тілдерінде “су”, “өзен” деген мағынада қолданылған. Бұл деректерге қарағанда, *Кеген* атауының мағынасы: “тере” сай, арнадағы өзен” дегенді анық аңғартады. Өзен ағып жатқан сайдың физика-географиялық сын-сипаты мен бет-бедері оның атына дәл келіп тұр.

Сарқан – Алматы облысындағы Ақсу өзеніне құятын өзен, сол өзеннің аты. Ол 1964 жылы жұмысшы поселкесі аталып, 1968 жылдың 31 қазан айынан ауданға бағынысты қала болып белгіленді.

Жергілікті тұрғындар *Сарқан* деп атайды. Ал *Сарқант* деп аталуы кейінгі кезде сырттан келгендердің айтулары бойынша қалыптасып кеткен. Атаудың бірінші сыңарындағы *сар*<*сары* сөзінің қысқарған түрі. Жер-су аттары құрамындағы *сары*<*сар* сөзі “сары түс” деген мағынадан басқа “кең”, “үлкен” деген топонимдік мәнге де ие келеді. Оны *Сарыарқа*, *Сарыжаз*, *Сарытау*, *Сарысу*, сияқты атаулырдан анық көреміз. Ал атаудың екінші құрамындағы *қан* сөзі көне және қазіргі түркі тілдерінде: таулы алтай тілінде *Кан* – “көл”, Енесейде *Кан* “өзен”, *Тихий Кан* – Кан өзенінің тармағы, Сібірде, Орхон жазба ескерткішінде *Канг* топонимдері бар. Түркімен тілінде *хана* – “өзен тармағы, ағысы”, Дағыстанда *хан* – “су”, ал Корей тілінде *кан//ган* – “өзен”, “су” болса, Индияда Ганга өзені бары белгілі. Құрамында *кан* сөзі бар гидронимдердің Орта Азия, Сібір, Алтай Орал, Кавказ, Қазақстан, Қырғызстан аймақтарында көптеп кездесетінін С.П. Толстов, В.И. Абаев, А.П. Дульзон, В.А. Никонов, Э.М. Мурзаев, А. Әбдірахманов еңбектерінен анық көреміз. Демек, *қан//ган//ген//хем//жем//жам* гомогенді түбірінің “өзен”, “су” мағынасында түркі, угро-фин, үндіеуропа, корей тілдерінде ерте заманнан бері орын теуіп, кеңінен өріс алып, қазірге дейін қолданылып келе жатқанын көреміз. Атаудың бірінші сыңарындағы *сары* сөзі “үлкен, зор, кең” деген топонимдік мағынаға ие екенін ескерсек, *Сарқан* – “үлкен, кең өзен” мәніндегі атау екенін байқаймыз.

Түрген (*Тургень*) – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы өзен, село аты. Бұл атаудың мән-мағынасы жайлы Е. Қойшыбаев: “Атауды” көне түр. дүркін “тез, шапша” сөзінен бекінген атау. Бұл үлгілес атаулар Орта Азияда (Түркен), Синьцзянда (Тургун), Алтайда (Түргесүн) көрініс береді” деп жазды (8. 226). Осы атауға негіз болған *түрген* сөзінің түркі, монғол

тілдеріне ортақ екенін анық байқауға болады. Мәселен, монғ. түргэн – “тез, жылдам, шапшаң”, тува тіл. дүрген – “тез, жылдам”, Якутта тургэн – «жылдам, жылдам ағыс- түргэн суурук». Хакаста дүрген – «жылдам тез; жылдам, тез ағым- түрген ағым».

Біздің пайымдауымызша, дүргэн, дүрген, түрген сөздері әуел бастағы дүр және ген деген екі сөзден бірігіп, кірігіп кетсе керек. Өйткені тіліміздегі дүр – “күрт, тез, қауырт, бірден” деген мәндегі сөз айтыла келе дыбыстық өзгеріске ұшырап, түр түлғасына ие боп кеткен. Осы түбірден өрбіген дүркіре, дүрілде сөздерінің мағынасы да өзара байланысты жатыр. Осы дүр сөзінің көне түркі тіліндегі **turk** – “күшті, қатты, зор” (II. 599) сөзімен төркіндес екені көп дәлелді қажет етпесе керек. Түрген атауының екінші сыңарындағы ген көне түркі тілінде ган/қан/кен/хем/жем гомогенді түбір ретінде қолданылып, “су”, “өзен” мағыналарын берген. Олай болса, Түрген атауы – “ағыны қатты, жылдам өзен” мәнінде қойылған болар деп болжаймыз.

Обаган - өзен, көл, с. Қостанай обл. Көлдің ұзындығы 341 км., алабы 18595 м² Тобыл өзеніне құяды. Обаган атауының шығу төркіні мен мән-мағынасы жайлы ғалымдар арасында тиянақты пікір әлі қалыптаса қойған жоқ. Зерттеушілердің көбі оба – “тас үйіндісі”, “топырақтан үйген төбе” дегенді айтады да оның құрамындағы ган қосымша деп біледі. Ал кейбір ғалымдар оба сөзін монғолдың обоо, овоо – “төбе”, “тас үйіндісі”, “қорған” десе, В.В. Радлов тілеуіт тілінде обо – “қорған, шоқы” мәнінде қолданылады дегенді айтады. Л.З. Будагов, В.А. Казакевич, Г. Рамстедт, Э.М. Мурзаев сынды ғалымдар түркі, монғол тілдеріндегі оба сөзін мағыналас деп қарайды. Осы пікірді топшылай келіп, Б. Бектасова Обаган атауы екі құрамнан, монғ. сөзі оба – “қорған”, “қабір” және сөз жасаушы ган/хан – “бір нәрсенің көптігін молдығын” білдіретін қосымшадан жасалған деп қарап, Обаган – “Қорған мен қабірлер бар жер” дегенді айтады.

Э. Пұрмағанбетов “Обаған атауыны” бірінші сыңарындағы *оба* сөзі жайлы айтқанда Монғол тобына жататын тілдерде қалмақта *ова* – “тас үйіндісі”, монғол тілінде *оволох* – “үю” мағыналарын беретінін, ал тунгус-маньчжур тобындағы меньчжурларда да *оба* – “тау төбесіндегі шоқы”, ал эвен тілінде *оова* – “ойпат, айпа” жер”, осы топтағы тілдің екінші біреуінде: *уб-гэн* дыбыстық құрамындағы сөз – “өзен табанында кездесетін тас” мағыналарында ұшырасады. Осы бір ерекшелікті ескере отырып, өзен ағып жатқан жердің ойпандығын ескере отырып, өзен ағып жатқан жердің ойпандығын жорамалымызға негіз етпекпіз. Бұл ретте *Обаған өзені* дегеніміз – “ойпат өзені” болып түсіндірмек” деген пікір айтты (11. 39). Әзірбайжан тіліндегі *ова*, *овалаг* “жазық, тегіс”, түрік тіліндегі *ова* “жазық” сөздерін де назарға алсақ, оған қоса *ган* көне түркі тілдерінде “өзен”, “су” мәнін білдіретінін қосқанда, *Обаған* – “жазық, тегіс жерде ағып жатқан өзен” мәнінде қойылғаны растала түскендей.

Шамалған – өзен, село, темір жол станциясы. Алматы обл. Қарасай ауд. Кейбіреулер бұл атауды қалмақ батырының, ханның есімі деседі. Оны Қазыбек бек Тауасарұлы “Түп-тұқианнан өзіме шейін” (1993ж.) атты өз еңбегінде *Шамал хан* деп көрсетеді. Бірақ *Шамалхан* деп ешбір тарихи деректе жазылмаған. Тарихи деректердің бірінде хан сөзі титул ретінде өзгермейтін кісі есімінің соңынан бөлек жазылады. Олай болса, *Шамалған* атауын *Шамал хан* есімінің өзгерген түрі деп қараудың еш қисыны жоқ сияқты. Өйткені ешқашанда *Жәңгірған*, *Тәукеған*, *Есімған*, *Қасымған* деп жазылған да, айтылған да емес. Олай болса, *Шамал хан* есімін *Шамалған* топонимімен теңестірудің реті келмейтіні анық.

Әрбір топонимнің жердің бедер-кескініне (рельефіне), жағрапиялық ортасына орай қойылу уәжін ескерер болсақ, онда *Шамалған* атауының пайда болу, жасалу жалы да сондай жағдаяттарға тікелей байланысты екені ләзім. Тілдік дәлелге сүйенгенде, тау *шам+ыл+ған* деген үш морфемадан жасалған. Оның бірінші сыңарындағы *шам* сөзі әзірбайжан, түрк.

қарайым т.б. тілдерде *қарағай* сөзінің синонимі екенін көреміз. Қараңыз: түрік тілінде *Gam, Gam ao jasy* – “қарағай”, “самырсын” (12. 276). Қарайым тілінде *Чам* – “қарағай”, “самырсын” (13. 623). Қарағай тұқымдас – *самырсын* сөзінің бірінші сыңа-рындағы *сам* түбірі де жоғарыда айтылған сөздермен тікелей байланысты. Мұнда **ч//ш//с** дыбыстарының алмасу құбылыстары тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Ал екінші құрамдағы көне көптік көрсеткіші ыл этнонимдер мен топонимдер құрамындағы *лы//лі* қосымшалары қазіргі кезде басым қолданса, оның *ыл (-іл, -ул)* тұлғалары көне дәуірлерде басым қолданылған. Осы *ыл* қосымшасы айтыла келе *ал (шам+ал)* болып өзгерген. Атау соңындағы *ган* тұлғасы түркі тілдерінде *ган//ген//қан//кен//хем//кем* тұлғаларында жиі айтылып, “өзен”, “су” деген мағына білдірген. Бұл тілдік негіздерге қарағанда *Шамалган* атауы “қарағайлы сайдағы өзен” деген мағынаны аңғартатындай.

Бүйен – Алматы обл. Ақсу ауданындағы, басын Жоңғар Алатауынан алатын өзен аты. Башқұрт Республикасындағы Кама өзенінің сол жақ тармағы және Ресей Федерациясының Пермь облысында да *Буй* аталатын өзен ағады. Сондай-ақ Тагиль, Тура тармақтары да *Вья* өзені деп аталатынын топокартадан анық көреміз. Таулы Алтайдағы *Обь* өзенінің бір тармағы да *Би* өзені аталады. А.К. Матвеев, Э.М. Мурзаев т.б. ғалымдардың пікірлеріне қосыла отырып, Бұл *Буй, Вья, Уй* атауларын түркі, монғол, тұңғыс-мәнжүр және фин-угор тілдерімен салыстыра қараудың жөні бар. Өйткені ол тілдер тобында бұл сөздер түрлі фонетикалық тұлғада айтылғанмен, жеке дербес сөз екені байқалады. Мәселен, орочин тілінде *bija* – “өзен, көл”, эвенкі *bird* – “өзен”, самоди *ба* – “өзен, бұлақ”, қазақта *бүйен* – өзен аты. Бұл атаулардың бәрінің гомогенді түбірі *-бо>бу, <пи<пий<бы*. Бұл айтылғандардан аңғарар жайт: *Бүйен* атауындағы *бүй* - “өзен”, “су” мағынасын білдіретін сөз болса, атау соңындағы *ен* қосымшасы бір нәрсенің молдығын көптік жалғауының көне көрсеткіші (түрі) болуы мүмкін. Олай болса,

Бүйен – “өзендер, бірнеше өзен” деген мағынаға бейім. Оған, бұл өзенге: *Балабүйен, Сұңқарбүйен, Бүркітбүйен* өзендерінің келіп құюы толық дәлел боларлықтай.

Жоғарыда жасалған талдауларға сүйене келе айтарымыз – біріншіден, Бұл атаулардағы гомогенді түбірлердің әуел баста дербес мағынаға ие лексема болғанын, екіншіден, олардың Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдеуге септігін тигізер дәлелдер екендігін, үшіншіден, олардың гун, қаңлы, үйсін, көне қыпшақ, арғын, алшын дәуірлеріндегі белгілі бір тайпалық тілдерде басым қолданылғандығын байқаймыз.

Әдебиеттер

1. Ким Чер Лен. Гидронимический ареал – кан в Средней Сибири//Топонимика Востока. Новые исследования. М., 1964.
2. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. М., 1974.
3. Успенский Лев. Слово о словах. Имя дома твоего. М., 1974.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. А., 1975.
5. Сапарбекова Ә. Жамшы//Қазақстан географиялық атауларының” сөздігі.
6. Ұлдай Рысқалиева. Батыс Қазақстан облысындағы жер-су аттарының сөздігі. Орал, 2001.
7. Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана//Известия АН Каз ССР, серия филология и искусство ведения, 1959, вып. 1.
8. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. А., 1985.
9. Махмуд Қошқарий. Девону Луғотит турк. 3 т. Тошкент, 1963.
10. Әбілбек Нұрмағамбетұлы. Жер-судың аты-тарихтың хаты. Алматы, 1994.
11. Древнетюркский словарь. М., 1969.
12. Руско-турецкий словарь. М., 1946.
13. Караимско-русско-польский словарь. М., 1974.

-ЕЛ, -ЫЛ, -ІЛ, -Л ҚҰРАМДЫ ГИДРОНИМДІК АТАУЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТӨРКІНІ ТУРАЛЫ

Қазақ тіліндегі су, өзен, көл, бастау, қайнар, бұлақ атауларының шығу, пайда болу жолдары мен тек-төркіні – этимологиясы жайлы жекелеген еңбектерде және кейбір мақалаларда айтылған пікірлер бары аян.

Алайда олардың ішінде нақты, жан-жақты этимологиялық талдауға түспегендері, сондай-ақ толық та тиянақты түрде зерттеуді қажет етіп отырғандары да баршылық.

Осы *ыл, -іл, -л, ел* құрамды гидронимдік атаулардың Республикамызда таралу шегіне назар аударар болсақ, олардың көптеген жерлерде кездесетінін көреміз. Мысалы:

Елек – өзен аты. Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында;

Еміл – өзен аты. Алматы облысында;

Есіл – өзен аты. Ақмола, Қарағанды, Солтүстікте;

Қағыл – тау аты. Ақмола, Қарағанды облыстарында;

Қиыл – өзен аты. Батыс Қазақстан облысында;

Тобыл – өзен аты. Қостанай облысында;

Лабасы – өзен, тау аты. Алматы облысында;

Лабар – өзен аты. Алматы облысында;

Лепсі – өзен, қала аттары. Алматы облысында;

Ойыл – өзен аты. Ақтөбе облысында;

Ле – өзен аты. Алматы облысында

Бұл атаулардың құрамдарындағы *ел, -ыл, -іл, -л* тұлғаларының туыстас түркі тілдерінің жер-су атауларында да кездесетінін көреміз. Түркітанушы ғалымдар аталмыш тұлғаларды “ылғал”, “сыз”, “су” мағыналарына ие дербес сөздер деп қарайды. Олардың тілдік табиғатын туыстас түркі және туыстас емес тілдермен салыстыра, салғастыра экстралингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында ғана толық анықталмақ. Осы шағын мақаламызда осы мәселені қарастыруға ден қойып отырмыз.

Тобыл – өзен. Ертістің сол жақ тармағы. Қостанай облысы мен Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облыстарында, Қостанай облысында осы аттас қалашық және темір жол стансасы да бар. Өзеннің ұзындығы 1591 м., Қазақстан жерінде 800 км., басс. алабы 426 мың км. Жоғарғы жағы Торғай жыралары арқылы ақса, орта және төменгі ағыстары Батыс Сібір жазығы арқылы өтеді. Негізгі тармақтары: Есет, Тура. Атаудың шығу төркіні туралы пікірлер әр алуан. Е. Қойшыбаев: “Түркі тілдеріндегі өсімдік аты (бұта)”, десе /1,220/, В.Н.Татишев қазақ тіліндегі тобылғы татар тіліндегі тубылғы сөздерімен салыстырады. Ал ХҮІІІ ғ. саяхатшы И.П. Фальк Тобыл атын Тобалака хан есімі және оның Тобалторы атты қаласымен байланыстырғанын А.К. Матвеев еңбегінен көреміз /2,247/.

Ал А.К.Матвеев: “Тобыл өзені мен оның атының татар, қазақтарға дейін болғаны, оның екінші сыңарындағы *ыл* қосымшасында “өзен” мәні жасырын жатқанын айта келіп, көне түркі тілінде *юл* – “Бұлақ, өзен” дегенге тоқтайды /2,248/. Б. Илиясов: ”Тобылымыз *тоб* және *ыл* деген сөз болып шығады. Тобтың өзі бастапқы мағынасы *түп* болуы да мүмкін. Сонда “*Түпсу, түпкі өзен*” деген сөз. Арқада бір өзеніміз Атасу аталатынын ескерсек, бұл неге Түпсу, түпкі өзен болмасқа?! Бір кездерде ата-бабамыз өзен-суды *ыл*, *-іл* деген болуы мүмкін” деген ойлы түйінге келеді /3/. Бұл ұсынылып отырған пікірлер белгілі түркітанушылар В.В. Радлов, Э.В. Севортян еңбектерінде айтылғаны тіл мамандарына белгілі.

Г.И. Рычков *Тобол* гидронимі *Табул* немесе *Таволга* деген өзен жағасында өсетін ағаш атынан қойылған деп, “Топография Оренбургской губернии” атты кітабында жазған болатын. Б.К. Бектасова оның осы пікірін қолдай келіп, **Тобол/Тобыл** – “қоңыр күрең түсті тобылғы өсімдігі” деген мәндегі атау деп қарайды /4,72/.

Э.М. Мурзаевтың пікірінше: “Тобыл, Топар гидронимдік атауларының *тоб/топ* синкретикалық түбірлерімен байланыс-

ты: қазақ, қырғыз тілдеріндегі *түл* – “жарты арал, шығанақ”, “тоған”, чулым татар тіліндегі *тюл* – “өзен иіні, түбегі”, “жарты арал, су, өзен иіні”, коми, ненец, удмурд тілдеріндегі *то* – “көл”, орыс тіліндегі *топь* – “саз”, “адам өте алмайтын тартпа саз”, манси тілінде *тов* – “өзен орамы, саласы”, украин тілінде *тов, това* – “көл” /5, 553-555/. Жоғарыда айтылған ғалымдар пікірлеріне назар аударғанымызда *Тобыл* гидронимінің бірінші сыңарының синкретикалық түбірі – *тол/топ*, қазақ тіліндегі *топ+ыр, топ+ан су* (ағыны қатты сел) сөздеріндегі *топ* түбірі мен тектес деп білеміз. Ал атаудың екінші сыңарындағы *ыл* гомогенді түбірінің – “су”, “өзен” мәніне ие реликті сөз екенін көреміз.

Ойыл – Ақтөбе облысындағы өзен. Ұзындығы 800 км., бассейні алабы 31,5 мың км. Басын Орал ойпатынан алады да Каспий жазығындағы Ақтөбе көліне құяды. Негізінен жер суаруға, ауыл шаруашылығына (мал, егін т.б.) пайдаланылады. Жергілікті тұрғындардың аңызына қарағанда, ағылшын тіліндегі *Oil* – “мұнай” сөзінің баламасы, ағылшындар бұл жерде мұнай көп, мұнай шығарамыз деп, содан *Ойыл* аталып кетіпті”– мыс. Ресей Федерациясының Челябині, Қорған облыстарында, Тобыл өзенінің сол жақ тармағы *Уй* өзені аталса, Челябині облысында *Уй* ауданының орталығы – *Уй* селосы екен. Башқұрт, татар тілдеріндегі *уй* – қазақша “*ой*”, “*ойпат*”, “*ойпаң*” мағыналарын білдіреді. Бұған қарағанда, ойыл атауының бірінші сыңарындағы *ой* – “ойпаң”, “ойпат”, ал екінші сыңарындағы *ыл* – “ылғал, су, өзен” мағынасындағы көне сөз екенін көреміз. Тіліміздегі *ыл* + ғал, *ыл* + ай көне фонетикалық варианты *өл* – “су, сулы” мәніндегі сөздер екені мәлім. Ойыл атауы - өзен ағып жатқан терең сайға орай қойылғаны байқалады.

Іле – өзен. Панфилов, Ұйғыр, Іле аудандарында. Жалпы ұзындығы 1001 км. Қазақстан Республикасында 815 км., бассейні алабы 140 мың км. Бұл атаудың қытай жылнамаларында біздің дәуірімізден бұрынғы II-I ғасырларда бары айты-

лады. Ол жайында Әбілез Шәріпұлының мағлұматтарында: “Қытайдың 2 мың жыл бұрын өткен хан патшалығы заманында-ақ тарихшылар *Иле* өзенін ханзу (қытай аты) жазуында *Иле* деп жазыпты. Ерте заманғы осы алқапты мекендеген тайпалар *Иле* өзенінің және *Иле* алқабының аса қасиетті, бай елді мекен болғанын ардақтап “елдің өзені”, “халық өзені” деген ұғыммен аталғанды байқатады”, – деп жазады /6/.

Ал XI ғ. өмір сүрген атақты ғалым Махмуд Қашқари еңбегінде: “*Ила* – дария аты. Бұл дария түрік елдерінің *Жайхуны* есептеледі (Жайхун болса Орта Азиядағы қазіргі Әмударияның бұрынғы аты)”, – деп жазды /7, III, 2-53/.

Бұл өзен атының мағынасы туралы пікір айтқан біздің ғалымдарымыз Ф.Қоңқашбаев: “Атау қалмақтың *Иле* – “жарқыраған, жалтыраған” деген сөзі десе, А. Әбдірахманов: “Атау екі компоненттен жасалған *и+ла*. *И* сөзі түркі тілінде “ылғал”, “су” деген мағынада да қолданылатыны белгілі. Ал атаудың екінші компоненті *-ла* көне және қазіргі түркі тілдерінде зат есімге жалғанып, жаңа сөз жасайтын өнімсіз жұрнақ”, – деген пікірін ортаға салды /8, 202-203/. Е. Қойшыбаев: “*Иле* атауын көне түркілердің *йел* немесе *йіл* түбірімен байланысты деуімізге болады, семантикалық жағынан *желек//еспе* сөздерінің ауқымына келеді” – деген жорамал айтты /1,245/.

Біздің ойымызша, *Иле* атауының көне тұлғасы *Ила* болғандығы, оның XI ғ. Махмуд Қашқаридың еңбегінде *Ила* (яғни *Ыла*) нұсқасында /7, 1, 66, II, 161/ берілуі де толық дәлел сияқты. Оның жіңішке тұлғада *Иле* боп айтылуы кейінгі дәуірдің әсері екені даусыз. Сол *Ыла/Ила/Иле* атауының бірінші сыңары *ыл/іл* болса, оның екінші сыңарындағы *е* қосымша деп қараймыз. Демек, *ыл/іл* бір буынды түбір сөз ретінде түркі тілдерінде *ил/ыл/йыл/иыл* тұлғаларында кездесіп, “ылғал”, “су”, “өзен” мағыналарын білдіргенін көреміз. Мысалы: көне түркі тілінде *иыл-ын* көл-өзен аты (Мойын Чор ескерткіші, 15), казак тілінде *ыл* -ғал “дым, дымкыл, сыз, су”, өзбек тілінде *йил-га*

– “бұлақ”, башқұрт тілінде *йыл-га* “өзен”, татар тілінде *ил-га* “өзен”, кыргыз тілінде *ыл* – ай- луу “(су туралы) ылай су”, *жыл-га* – “су жырасы”. Түркі тілдеріндегі *бұл-ақ/был-ақ* “ручей” сөзінің де *был/бұл* түбірлері бастапқы *ыл* тұлғасының өзгеру барысында пайда болған деп қарауға болатындай.

Тіліміздегі *Ойыл*, *Қиыл*, *Тобыл*, *Есіл*, *Еміл*, *Елек*, *Еділ* деген өзен аттары құрамындағы *ыл/іл* морфемалардың да жоғарыда сөз болған бір буынды *ыл/іл* түбірлерімен бірдей екендігі даусыз болса керек.

Жоғарыда көрсетілген мысалдар мен айтылған ой-пікірімізді топшылай келе айтарымыз – *Іле* өзені атауының көне, ескі заманнан келе жатқандығы, оның “ірі өзен, мол су” мағынасында аталғаны байқалады.

Елек – Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы өзен. Ұзындығы 596 м., алабы 140 км., Жайық өзеніне құяды. Бұл тарихи көне атаудың шығу төркіні мен мән-мағынасы жайлы әрқилы пікір, түрлі жорамалдар бар.

Е.Қойшыбаев ол атауды “Түр. *йел* (“жел”) тұлғасына сын есімдік *-ек* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау. Әуелде, сол бір аймақтық *желмен* байланысты аты болу керек. Көне түр. *челек* атауымен пара-пар”, – деп түсіндірген /1/. Ресей Федерациясының Орынбор облысында *Илек* тұлғасында кездесетін бұл атауды А.К. Матвеев түркі тіліне тән, ол башқұрт тіліндегі “жабайы елік” сөзімен мәндес деп қарайды /2,106/. Бұл атаудың шығу тегі мен мағынасын толығырақ қарастырған А. Әбдірахманов: “Геродотта *Лик* деп аталатын осы *Елек (Илек)* өзені болса керек. Өйткені *Ор*, *Ырғыз*, *Елек* өзендері бір-біріне жақын орналасқан. Бұл сөздің бастапқы түрі *Илек* болуы ықтимал. Түбірі *-И* (су деген мағынада), осыған көне лек қосымшасы жалғанып, гидронимге айналған тәрізді. *-Лак/Лек*, *-тақ*, *-тек*, *-дақ*, *-дек* варианттарындағы **И** дыбысының е дыбысына айналуына екінші буындағы **е** дыбысы әсер еткен тәрізді. Соңітін, атау этимологиясы: *И* (ылғал, су) + *лек* (туынды

сын есім жасайтын көне жұрнақ) *Илек Елек*” – деген пікір айтты /8, 89-90/. Геродот Лик, Оар, Танаис және Сиргис өзендерінің сол замандағы Меотид көліне (қазіргі кездегі Азов теңізі) құятынын айтқан және Геродот жасаған дүние жүзі картасында көрсетілген /9, 218/. Сондықтан ол атауларды біздің жеріміздегі *Елек, Ырғыз, Ор* өзендерімен салыстырудың реті жоқтай. Ал Елек атауының бірінші сыңарындағы *ел* – бір буынды түбір сөздің Қазақстан жеріндегі *Есіл, Еміл, Ойыл, Қиыл, Тобыл, Қағыл, Ле* атаулары құрамындағы *іл/ыл* морфемаларының құрамдас бөлігі екені даусыз. Бұл жайтты *Иле, Ойыл, Тобыл* атауларының этимологиясын талдау барысында толық айтқанбыз.

А. Әбдірахмановтың *Елек* атауының бірінші сыңарындағы *И* (ылғал су) деуі оны гомогенді түбір деп білуінен. Біз көрсетіп отырған *Елек, Есіл, Еміл, Ойыл, Қиыл, Тобыл* атауларындағы *ыл/іл/ел* варианттарының бірде *е*, кейде *ы*, *і* түрінде, тіптен көне түркі тілінде *ol* “дымқыл, су” (влажный, мокрый) /10, 383/ болып өзгеріп отыруы түркі тілдерінің тайпалық, рулық, кейде диалектілік тіл ерекшеліктеріне байланысты болған құбылыс екені сөзсіз.

Ал атаудың екінші сыңарындағы *ек* қосымшасының *өзек, жетек, үркек* т.б. сөздердегі жұрнақтармен мағыналас екенін байқаймыз. Демек, *Елек* – “сулы, суы мол өзен” мәнінде қойылса керек.

Есіл – Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы өзен. Орыс тілінде бұл өзенді ХҮІІІ ғасырдан бері *Ишим* деп, өз тілдеріне бейімдеп атайды. Есіл өзені байырғы, атамзаманнан бар екені тарихтан мәлім. Бұл өзен атының шығуы туралы әртүрлі пікір қалыптасқан. Ғ.Қ. Қоңқашбаев пікірінше: *Есіл* – “өзен суының бұралып, арқан сияқты есіліп ағатын себептен қойылған” (Словарь казахских географических названий, 1963, 75 с). А. Әбдірахманов Бұл атаудың шығу төркінін көне түркі тіліндегі, атап айтқанда, Құлтегіне қойылған ескерткіштегі *Йашиыл Уруз* атауымен

түбірлес деп болжайды”. Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: *Йашыл//Йасыл>Йешіл//Йесіл>Есіл*. Сөйтіп бұл – “жасыл өзен” деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде *йашыл*, *йешіл* сөзі осы күні де кездеседі” /8,95/.

Е.Қойшыбаев: “Есіл атауын түр. *йашыл>жашыл>жасыл* түлғаларымен жанастыру үлкен әбестік. Өзен аты қаз. ес етістігінің (*бұйрық рай*) өзгелік етіс түріндегі *есіл* формасынан қалыптасқан атау. Еспе (сын.) топонимімен жақын туысады” дегенді айтады /1,100/.

Күлтегін ескерткішіндегі Йашыл Угуз атауы туралы көне түркі сөздігінде: “*Jasil oguz* географ. название реки, Хуанкэ (Ктб 7)” деп берілгенін көреміз /10, 246/. Бұған қарағанда *Йашыл Угуз* атауының қытайдың *Хуанкэ* өзенінің түркі тіліндегі аудармасы ма? деп қаласыз.

Алайда *Есіл* өзені туралы халық аңызында “Есіл өзенінің о бастағы аты Есір болыпты” деген де бар. Осы жайды жазушы. І. Есенберлин “Алтын Орда” атты тарихи шығармасының екінші кітабында мына төменгіше баяндайды:

“Асанқайғы кесесінен қымызды бір ұрттап алып қайта сөйлейді.

– Шыға алмадым шеңберінен жат ойдың, есіл, Есір, сенің атың *Есір* емес, енді – *Есіл...* *Есіл* деген өкінішті саған ат қойдым” деп жазушы Асанқайғы аузынан Есір атын айтқызып, оның орнына *Есіл* деген ат қойғызады. Бұның жазушықиялының көрінісі екені сөзсіз. Ғылыми тұрғыдан байыппен жүйелей қарасақ, жерімізде *ыл*, *-іл*, *-ел*, *өл* құрамды өзен аттарының барын анық көреміз. Олай болса, *Есіл* атауының бірінші сыңарын *ес*, ал екінші сыңарын *іл* гомогенді түбір сөздер болар деп болжаймыз.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келгенде, Ғ. Қоңқашбаев пікірінің “Есіл – өзен суының бұралып, арқан сияқты *есілеп ағатын себетті* қойылған атау” деуі қазіргі тұрғыдан

қарағанда халық этимологиясына бейімдеу екенін көреміз. Әрбір жер-су атының сол жердің табиғи болмыс-бітім, географиялық ерекшелігіне орай қойылып, аталатынын ескерер болсақ, *Есіл* атауының да бұған толық қатысы бар. Атау ескі заманда қойылғандықтан, қазіргі жағдаймен тікелей байланыстырудың реті жоқ екені кімге де болса мәлім. Есіл өзені атының бірінші сыңарын көне түркі тілі ескерткіштерінен қадағалай іздер болсақ, көне түркі тілінде *Jasi* – “жайпақ, жалпақ, жазық, тегіс” сөзінің қолданыс тапқанын көреміз /10, 245/.

Есіл өзенінің “жазық, тегіс” жерде есіле ағып жатқанын бейнелейтін *Jasi* сөзінің замандар бойы айтыла, өзгере, қысқара келе тілімізде *ес* тұлғасында сақталуы заңды құбылыс. Ал атаудың екінші сыңарындағы *іл* көне түбір сөз ретінде “өзен, су” деген мағынаны білдірген. Ол жөнінде *Тобыл*, *Іле*, *Елек* атауларын талдау барысында ой-пікір, болжамдарымызды айтып өткенбіз. Демек, *Есіл* – “жазық, тегіс жерде есіле ағып жатқан өзен” мәнінде қойылса керек.

Қағыл – Қарағанды облысында *Бас қағыл*, *Орта Қағыл*, *Аяқ Қағыл*, Ақмола облысында *Қағыл* деген аласа тау аттарының бары белгілі. Бұл атаулар жайлы тұңғыш рет талдау жасаған Ғ. Қоңқашбаев (мақаласы орыс тілінде жазылғандықтан, сілтемені өз қалпында беріп отырмыз) былай деген: “В Казахстане имеется несколько топонимов типа Урал. Ср. названия рек в Уральской области: Оил (на карте Уил) и Киил; названия небольших гор в Карагандинской области Бас-Кағыл, Орта-Кағыл, Аяк-Кағыл; казахские названия реки Ишима *Есил*. Все они, по нашему мнению, являются формой повелительного наклонения единственного числа будущего времени страдательного (или возвратного) залога от глаголов *ою* (оймак) – “вырезать, вырыть”, *кию* (кимак) – “прорезать, прорывать”, *кагу* (какпак) – “сдувать”, *есу* (еспек) – “вить”. Буквальное значение слов *киил* – “прорезайся”, *оил* – “вырезайся, прорывайся”, *ка-*

ғыл – “сдувайся”, есил – “вейся”. В топонимах: Киил – “прорезанный, прорытый”, Оил – “вырытый”, Кағыл – “сдуваемый” (т.е. место, откуда легко сдувается снег); Есил – “скрученно-волнистое течение” /11,75/. Белгілі топонимист А. Әбдірахманов Ғ. Қоңқашбаевтың “Қағыл атауы қағу деген етістіктен жасалды” деген пікірін қабылдамай, Бұл етістіктен зат есім туғызатын жұрнақ және *Ойыл, Қиыл, Орал* атаулары (қараныз) осы жолмен жасалған. -ыл/-іл/-л жұрнағын етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ деген пікір ұсынды /8, 106/. Е. Қойшыбаев атаудың мағынасы жайлы: “Қаз. қағу етістігінің өзіндік түрі. ”Қар тоқтамайтын желқақты жер”, – деп, Ғ.Қоңқашбаев пікірін қайталайды /1/.

Қағыл атауын ерте кездерге тән деп қарар болсақ, оның бірінші және екінші сыңарларындағы сөздерді де көне замандарға тән байырғы түркі сөздері деп санаудың реті бар. Атаудың екінші сыңарындағы *ыл* көне түбір ретінде *Қиыл, Ойыл, Тобыл* топонимдері құрамында сақталғанын жоғарыда сөз еттік. Ал Қағыл атауының бірінші сыңарындағы *қағ* сөзінің әуел бастағы *қақ/қоқ* сөздері екені байқалады. Көне түркі тілінде *Qaq* – “азаю, кему, суалу. *suu qoqtı* су азайды, қайтты /10, 457/. Бұл мысалдарға зейін қояр болсақ, *Қағыл* тау атының сумен байланысты екенін байқаймыз. Олай болса, *Қағыл* – “суы азайған, қайтқан (өзен)” мәнінде аталып, кейіннен тау аты осы өзен атымен аталған тәрізді. Бұған ұлан-ғайыр жеріміздегі *Қарқара, Қаскелең, Лабасы* сияқты атаулардың әрі өзен, әрі тау аттары екені толық дәлел бола алады. Ал о бастағы *qoq* сөзінің *qaq* болып өзгеруінің басты себебі еріндік дауысты **o** дыбысының ашық дауысты **a** дыбысына ауысуы, *Қақыл* атауының үндестік заңына сәйкес екі дауысты дыбыс аралығындағы **q** дыбысының ұяңданып **g** дыбысына айналуы тілдің ішкі заңына байланысты болған жайт. Сөйтіп о бастағы *Қақ+ыл* кейіннен *Қағыл* болып қалыптасқан деп айтудың негізі бар сияқты.

Лабасы – өзен, тау. Алматы обл. Райымбек, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарында. Е. Қойшыбаев Бұл атауды *Лабазы* деп қарап, оның шығуы жайлы екі түрлі пікір ұсынған: 1) ир. *лаб* (“жағалау”) + *азы* – “аз жағалауы” – этнотопоним; 2) қаз. Іле басы сөздерінен құралып, ілгері ықпал әсерінен дыбыстық өзгерістерге ұшыраған атау” /1,182/. Осы еңбегінде тағы да: “*Лабасы* – көне түр. *лаба* (қар) + *асы* (қар.) сөздерінен қалыптасқан атау. Этимологиясы “Асының саласы” деген түсінік береді. Осы атаудың бірінші сыңарындағы *лаб* сөзін зерттеушілердің көпшілігі тәжік тіліндегі *лаб* – “жаға”, “өзен бойы” деп қарайды. Шындығында, тәжікте *лаб* – 1) ерін, ауыз; 2) шет, жаға; *лаб чуй* – Бұлақтың жағасы (КТРС, 1955, 200) екен рас. Өзбек топонимісі Т. Нафасов Өзбекстандағы *Лабжар* атауын түсіндіргенде: “тәж. *лаб* + *жар*, “жардың жағасы, атырабы” десе, *Лабсой* топонимін – “сай бойы, сай жағасы” мәніндегі атау деп санайды /12, 107/. Осы атаулардың екінші құрамдарындағы *ас*, *аш*, *ес ыс* сөздері көне түркі тілдерінде “су”, “өзен” мәнін білдірген. Тіліміздегі *Бақанас*, *Балқаш*, *Келес*, *Талас*, *Арыс* сияқты топонимдер бұған толық дәлел.

Бұл жайттарға қарағанда, *Лабасы* атауының екі сөзден бірігіп жасалғанын көреміз. Оның бірінші құрамындағы *Ла* бір буынды түбір тұлғаның Іле, Лабар Лепсі, Леп тәрізді топонимдермен, сондай-ақ *лай*, *лайлы*, *ылғал* тәрізді “су, өзен” мағынасындағы сөздермен мәндес әрі төркіндес екенін байқаймыз. Олай болса, *Лабасы* атауының мағынасы: “су, өзен басы” дегенге толық сай келетіндей.

Лепсі – өзен, қала, темір жол стансасының аты. Алакол ауданы. Өзеннің ұзындығы 346,7 км., су алабы 12,14 км. Атау туралы алғаш пікір айтқан этнограф Н.А. Аристов: “өзен өткен ғасырда *Лансу* аталыпты” дейді /13,85/. Ал Э.К. Пекарскийдің “Көне түркілердің сай, өзен, сала, жыра мәндеріндегі *лаба* – *лана* тұлғалары қазіргі якут және чуваш тілдерінде күні бүгінге дейін сақталып келеді”, - деп жазыпты /14, 457/. А. Әбдірахманов

осы пікірлерді топшылай отырып: “Бұл атау мынадай өзгеріске түскен: *Лансу>Ленсу>Ленсі* /8,129/. Е.Қойшыбаев: ”Лапасы атауының қазақ тілі мәнеріне келе-келе, *Ланасу>Лансы>Ленсі* формаларын қабылдауы логикаға саяды”, – деген пікірмен тұжырымдайды /1, 183/.

Жоғарыда айтылған пікірлердің ішінде Э.К. Пекарский ғана *Лаба-лапа* сөзінің “сай”, “өзен”, “жыра, “сала” деген мәнге ие екендігін айтады. Ал Н.А. Аристов Лап-су атауының бірінші сыңарындағы лап сөзінің білдірер мағынасы жайлы ашып ешнәрсе айтпағанын көреміз. Е. Қойшыбаев: *Лапа-су >Лансы>Ленсі* болып өзгеруін сөз еткен. А. Әбдірахманов: “Атаудың бірінші компонентінің түбірі Е. Қойшыбаев айтқандай леп емес, жоғарыда нұсқада келтірілгендей ”лап”. Сонымен бұл атау мынадай өзгеріске түскен: *Ланасу>Лансы>Ленсі* дейді де *лап – леп* жайында, білдірер мән-мағынасы туралы ешнәрсе айтпайды. Осы тектес атаулар басқа да түркі тілдерінде кездеседі. Мысалы: Өзбекте *Лабжар, Лабиоб, Лабсой, Лабиховуз*; Түркіменде: *Лебан, Лебяп*; башқұртта *Лабау>Ылабау күле, Лапа* т.б.

Жинақтай келгенде, *Ленсі* өзен атының бастапқы тұлғасы *Лансу*, оның архатипі *Лабас* деп танудың негізі бар. Ал *Ла + бас* атауының *Ла* бір буынды түбір екені , мағынасы “өзен, су”, ал *бас* – “бас жақ”. Яғни *Ленсі < Лабас < Лабас* ”өзен, су басы” деген мағынаға ие сияқты.

Ежелгі замандардың қарт куәсы ретінде бізге жетіп отырған Бұлар сияқты жүздеген жер-су аттарын құдіретті де қасиетті ана тіліміздің мәңгілік ескерткіші десек те болады. Өйткені олардың құрамындағы ескінің көзі іспеттес көне сөздер мен грамматикалық құбылыстар және олардың жасалу заңдылықтарының ерекшеліктері ғасырдан ғасырға мұра ретінде келесі ұрпаққа да қала бермек.

Әдебиеттер

1. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1985.
2. Матвеев А.К. Географические названия Урала. – Свердловск, 1980.
3. Илиясов Б. Тобыл топонимі не дейді? // Социалистік Қазақстан. 19 шілде 1990.
4. Бектасова Б. Қостанай облысының қысқаша жер-су аттары. – Қостанай, 1996.
5. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва, 1984.
6. Әбілез Шәріпұлы. Іле хақында // Шалқар N 28, 29, 30, шілде-тамыз 1992.
7. Қашқари М. Девону Луғотит түрк. I-II-III томдар. – Ташкент, 1961-1963.
8. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы, 1975.
9. Геродот. История в девяти книгах. – Ленинград, 1972.
10. Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969, – С.245.
11. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алматы, 1963, – С.75.
12. Нафасов Т. Узбекистон топонимларининг изохли луғати. – Тошкент, 1988.
13. Аристов И.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Спб., 1897.
14. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. В 3-х т. -Москва, 1969.

АТАМЕКЕН АТАУЫНДАҒЫ «АҚТАНДАҚТАР»*

Одан арылар жол қайсы, откеннің өкіндірген қатесін қалай түзейміз?

Бүгінгі Қазақстан картасына бажайлап қарасаңыз, алабажак «ақтандақтардан» – шұбарланған атаулардан көзің тұнады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы жасап келген құтты мекенінің өзіне тән атауларын шұбарландырған, бөтендендіре бұрмалаған, адам танығысыз күйге ұшыратқан қандай құдірет, қандай күш?

Шынында да, «ел аман, жұрт тынышта» өз атамекенінде отырған жұрттың әлімсақтан бері қалыптасқан елдік сана, ұлттық дәстүрінің аяққа басылып тапталуына, тағдырдың тәлкегіне ұшырауына, оның бедеріне айғыздандыра дақ салып, алабажак «ақтандақ» түсіруіне нендей себептер болды, бұған кім кінәлі?» деген сұрақтың тууы заңды.

Ойлап қарайықшы: ғасырлар бойы тіршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, малын өргізіп, жыл он екі ай көшіп-қонған өрісі, өсіп-өнген өлкесі мұрагер ұрпағы үшін өзіндік бар болмысымен ғана емес, оның аты-жөні, атауымен де етене жақын, ерекше ыстық емес пе? Өскен жердің көусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды шалқар көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы болса, оның атаулары мәңгі-бақи жадында сақталатын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына, тарихи жәдігер. Халқымыздың асқақ поэзиясы мен ақындық шабыты да, дүниетанымы мен пәлсапасы да осында. Тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы да осы атаулардың бойынан табылады. Бұл қасиеттердің бәрі

* Мақала О. Қайдаровпен бірлесіп жазылып «Социалистік Қазақстан» газетінде 1990 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған.

өсіп-өнген өлкемізбен бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние: оны бөліп-жарып қарауға болмайды. Ол осы тұтастығымен де ұлттық мәдениетіміздің үлкен арнасына барып саяды.

Осыған орай күн тәртібіне қойылып отырған ономастика проблемасы тек тілдің аясымен ғана шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи, мәдени мәні зор, ұлттық, құқылық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады.

Бұл мәселенің замана талабына сай дұрыс шешілуіне қажетті алғышарттардың бірнешеуін атап шығайық. Біріншіден, проблемаға айналып отырған ономастикалық құрылымдардың ауқымын, түрлерін, жалпы даму заңдылығын анықтау қажет. Екіншіден, Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн. Үшіншіден, атамекен топырағын «ақтандақтардан» арылтудың саяси-идеологиялық, моральдық, құқылық, экономикалық, тілдік тұжырымдамасын және оны іске асырудың нақтылы шараларын белгілеу. Проблеманың дұрыс шешілуі де, міне, осыларға байланысты.

Біздің жобалауымыз бойынша кейінгі екі ғасыр беделінде қазақ топонимдерінің үштен бірі өзгерген, ауыстырылған не жаңадан пайда болған. Біз олардың санын, құрамын, өзгеру дәрежесін қазірше нақтылап дәл айта алмаймыз. Бірақ бұлардың көпшілігі алабажақ «ақтандаққа» айналған, табиғаты жасанды, тіліміз бен рухани болмысымызға жат, шығу тегі, қойылу принципі күмәнді атаулар.

Бұл, әрине, тым алыста жатқан құбылыс. Егер біз ашы болса да, шындықты ашық айтқымыз келсе, оның себебін ХІХ ғасырдың аяғынан бері емін-еркін жүзеге асырыла бастаған патшалық Россияның отаршылдық саясатынан іздегеніміз жөн. Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық-шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы (тау алқабы.

шөбі шүйгін өзен-су бойы) 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің (хутор, деревня, поместье т. б.) атауларын да ала келген еді. Ол атаулар ертеден келе жатқан жергілікті атауларды ығыстырып барып, зорлықпен «қалыптасты».

Сөзімізді жаңдандыру үшін айтылып жүрген фактілерден мысал келтірейік. Мәселен, ертедегі Туақала, Тұзқала (архив деректерінде солай) аталған жердің алдымен Коряковке, одан кейін Павлодарға ауысуының қысқаша тарихы бар. Ертіс өзеніне таяу жердегі көлден 1613 жылдан бастап тұз өндіріліп, соған орай 1697 жылдан кейін Сібір орыстары мен жергілікті қазақтар арасында айырбас сауда өрістей бастайды. Сол кездегі тұз өндіруші көпес Коряков көлді түгел иемденіп, оған алдымен өз есімін береді, ал ол 1720 жылы сол жерге салынған бекіністің атына ауысады. Коряковтың қазақ тіліне бейімделген нұсқасы – Кереку тұрғындар жадында осы күнге дейін сақталған. 1861 жылы сәуір айында император ІІ Александрдың баласы Павел дүниеге келгенде, жергілікті орыс әкімдері патшаға жағымпазданып, Кереку бекінісін Павелға «сыйға» тартады (не деген жомарттық!). Осыдан келіп отаршыл әулеттің біреуі екіншісімен ауыстырылып, Коряков Павлодарға айналады.

Дәл осыған ұқсас отаршылдық принциппен көне Үйшік (Жайық) қаласының аты 1640 жылы орыс көпесі (қазақ балықшыларын аяусыз қанаған алпауыт) Гурийдің есіміне ауысады. Тарихтан белгілі Қызылжарда 1752 жылы әскери бекініс салынып, ол 1807 жылы Петропавловск болып өзгереді. Патша әулетінен кейінгі қазақ жеріне есімі көп қойылғандар – отаршылдық саясатты білектің күшімен, қылыштың жүзімен іске асырушы генералдар мен оның сатраптары. Жерімізде күні бүгінге дейін қаптап тұрған Ванновка, Черняевка, Романовка, Николаевка, Фогелово, Корниловка, Столыпинка сияқты т. б. жүздеген атаулардың иесі, міне, солар. «Ақиқат айтылмай қалмайды» дегендей, солардың бірі – қазіргі Цели-

ноград облысындағы Балқашин ауданы мен оның орталығы Балқашино. «Бұл кім еді?» десеніз, ол туралы белгілі орыс ғалымы, демократ, өзіміздің Шоқан Уәлихановтың досы Г. Н. Потаниннің берген мінездемесін тыңдап көріңіздер. «Это был типичный шовинист. Киргизы (казахи) были для него ордой, с которой нечего было церемониться. Земли, которые они занимают, для государства выгоднее отдавать русским крестьянам, а киргизы пусть убираются куда хотят». Осындай адамның есімін де қайран қазақ жері әлі әлпештеп отыр-ау!

Топонимикалық атаулар да – тарихи жәдігер. Олар кейіннен пайда болған атаулардың қалқасында қалмауы керек. Мәселен: Шевченко – бұрынғы Ақтау, Уральск – Теке, Луговой – Құланды, Құлаң, Ванновка – Майлықент, Корниловка – Жаскешу, Успенка – Нілді, Дмитриевка – Аркабай, Маловодное – Атамқұл, Ордынка – Жырауық, Николаевка – Күнту, Столыпинка – Қосбөлтек, Черкасское – Нияз, Антоновка – Машат, Алексеевка – Ортатеректі, Михайловка – Сарыкемер, Вознесенка – Тастұмсық т. т.

Қазақстан картасына елеулі «өзгеріс» енгізген кезең – тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары мен тоқырау дәуірі. Тың жерлерге жасалған «шабуыл» миллиондаған гектар жердің қыртысын айналдырып, қопарумен ғана, Совет Одағының барлық жерінен миллиондаған «тыңгерлерді» әкелумен ғана тынған жоқ. Бұл өлкені толық «иелену» үшін оның аты-жөнін де түгел өзгертіп үлгерді. Жаңадан құрылған 2 мың совхоз аты тыңгер басшыларының қиялы жетуінше орысшаланды. «Хрущевтің он жылдығы» деп аталған (1954-1964 жж.) кезеңде басқа жерлерді атамағанда, тек 5 облыстың (Көкшетау, Қостанай, Целиноград, Павлодар және Солтүстік Қазақстан) өзінде 302 ауылдық және селолық Советтің атауы орысша болып өзгертілді. Ал, тың игерудің 25 жылдығында бұл өлкедегі «жаңа атаулардың» саны 3500-ге жеткені үлкен мақтанышпен аталып жатты. Тың өңірін қаптап кеткен Талбухинский, Чеховский.

Кантемировский, Даниловский, Ломоносовский атауларындағы адамдардың, немесе Одесский, Белогорский, Севастопольский, Западный, Южный, Восточный, Лесной, Степной, Озерный сияқты Россия мекен-жайларының, географиялық атаулардың тайлы-таяғымен Қазақстанға көшіп келуін қалай түсіндіреміз? ССРО мәдени қорының Топонимикалық қоғамдық советінің төрағасы, үлкен ғалым В.П. Нерознак бұл «тәсілді»: «Тоқырау заманында ұлттық атауларды өзгерту сол жерді мекендеген халықтың құқын аяққа басып, дербестігіне қол сұғумен жүзеге асты...» деп түсіндірді («Неделя», №31, 1989).

Қазақ халқын, Қазақстан географиясын жетік білмейтін кейбіреулер «бұл құлазыған қу медиен дала, оған өмір әкелген, мәдениетін гүлдендірген жандар өзінше ат қойып, айдар тағуға ерікті емес пе?» деп те ойлауы мүмкін. Бұл – мүлдем қате пікір. Біріншіден, бұл халықтың «қала академиясы» болмаса да, «дала академиясы» бұрыннан-ақ бар. Екіншіден, қазақ халқы өмір сүріп келе жатқан ұлан-ғайыр бұл өлкеден ат қойылмай, атаусыз қалған алақан аясындай жер табудың өзі қиын. Мал жағдайымен көшпелі тірліктің күйін күйттеген ата-бабаларымыздың ат тұяғы тимеген сай-сала, орман-тоғай, өзен-көлдерді былай қойғанда, ата жұрттың бірде-бір түпкірі, бұлтарыс-қалтарыстары жоқ десе де болады.

Осыдан кейін қазақ жерінен ат қою үшін «қу медиен қаланы» іздеудің қажеті болмаса керек. Бірақ, көріп отырғандай, процесс әлі жүріп жатыр. Жаңа қойылған мекен-жай атауларының бәрі де жергілікті халықпен емес, «орталықпен» келісу арқылы, немесе кейбір лауазымды жеке адамдардың кеудемсоқтығымен-ақ шешіліп келеді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бір мысал келтірейік. Бүтінде соғыс, еңбек, партия ардагері Сейіткасым Боранқұлұлы өзінің Қазақ ССР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына жазған хатында былай деңті: «Қостанай облысындағы тыңда құрылған Камышный ауданының ұйымдастырушысы болдым. Сол кездегі кейбір

жағдайлар осы күнге дейін естен кетпейді. Тыңда ұйымдасқан жана совхоздардың аттарын аудандық партия комитетінің бюросында қарап, оларға жақсы, сүйкімді жер-су қоныстардың, республикадағы қайраткерлердің аттарын беруге тырыстық. Бірақ Москвадағы бастықтар біздердің ұсыныстарымызды өзгертіп, халқымызға еш байланысы жоқ аттар берді. Мысалы, Қостанай облысы Орджоникидзе ауданындағы Аят өзені бойында ұйымдасқан совхозға «Аятский» деп (орысшаға жуықтатып) жіберген ұсынысымыз «Комаровский» болып өзгеріпті. Кейін білсек, орталықта патша өкіметі тұсында жасалған бір картада сол жерге Столыпин реформасы кезінде жер аударылған Комаров деген адам үй салған екен...»

Көріп отырсыздар, не деген «тәсіл», нендей «ыждағаттық?» Сонда Аят өзенінің бойындағы жаңа совхозға жергілікті халыққа етене жақын және ресми қалап отырған аттан да, қайдағы бір архивтен қазып тауып алған Комаровтың есімі біреулерге сүйкімдірек болғаны ғой?!

Әлімсақтан келе жатқан Ақмола қаласының (демек, облысының да) бір сәтте Целиноград болып шыға келуі халықтың қалауымен емес, Н.С. Хрущевтің бірауыз сөзімен тынды. Рас, тың көтеруді еліміздің тарихындағы елеулі оқиға деп қарап, қазақ жерінен оған ат беру қажет еді және ол берілді де. Мәселен, Целина және Целинное деп аталатын елді мекен дәл қазір республиканың 6 облысында (Шымкент – 9, Қостанай – 7, Целиноград – 4, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау – 3-тен, Ақтөбе – 1 рет) 30 рет қайталанып, оның сыртында республикада Целинный және Целиноградский деп аталатын 2 аудан, 10 ауылдық Советі бар екен. Тың көтеру эпопеясын осыншама марапаттап, атауын 40-тан асырын тираждап жатқанда, Целина деген ұғымның қазақ жерінде қазақша (ең болмаса, Тың, Тыңжер, Тыңкала, Тыңөлке түрінде) бір рет кездеспеуі, «бұл «эцопеяның» біздің жерге қатысы жоқ» дегенді аңғартатын сияқты.

Осынышама тираждау аз болғандай, Ақмола қаласы мен облысын Целиноград деп атау өз кезінде, қазірде де жергілікті халықтың паразылығын туғызуда. Енді бұл мәселе, яғни заңсыз түрде жер бетінен сырып тасталған атамекен атауларын қалпына келтіру мәселесі күн тәртібіне қойылып отырғанда, кейбіреулер оны тарихи контексте қараудың орнына әр түрлі себеп-сылтау іздейтін көрінеді. Мәселен, осы мәселе туралы болған бір бас қосуда біреулер Ақмоланың мәнісі («Белая могила» деген) жаман ұғым екен десе, енді біреулер «бұл тарихи эпопеяның символына қол көтеру болып саналады» деп қорқытса, тағы біреулері, сабын мен ұнтақ қат болып отырғанда қала атын өзгертуге шығындандудың қажеті жоқ» деп басалқалық айтты.

Ескерте кетейік: Ақмола кейбіреулердің таяз түсінуіндей құбыжық атау емес, қазақ даласында кеңінен тараған Ақтөбе, Аққала, Ақкент, Ақсу, Ақкөл, Аққұдық, Аққұм тәрізді топонимнің бірі. Бұл арадағы ақ сөзі тек түр-түстік мағынасын ғана емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымы кең, «ақ», «таза», «адал», «қасиетті-қастерлі», «әулиелі» деген ауыспалы метафоралық, бейнелеу мағынасында да қолданылады. Ақмола сөзі болса, бұл да «қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекенжайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан» дегенді де аңғартады. Сондықтан біз Ақмоладан «құбыжық» емес, қазақтың қасиетті жерінің байырғы атауын аңғарамыз. Халықтың өзі қалап отырған ата-мекен атауын оның тілін, дәстүрін түсінбейтіндердің мансұқ етуіне қарсымыз.

«Атамекен атауларын қалпына келтіру» деген жалпылама ұран, шақыру емес, ономастика проблемасын шешудің ғылыми-практикалық принципі болып саналады. Ол алдына «қайткен күнде де бөтен-бөгде» атаулардан түгел арылу, жер бетін тап-таза ұлттық топонимдерге айналдыру» деген мақсат та қоймайды. Бұл принциптің тағы бір алғышарты – атамекенді

халқымыздың тарихында жауыздығымен аты шыққан, елдің ар-намысын таптаған адамдардың есімінен тазарту.

Осыған орай, Ермактың есімі де қанша сөз болып келеді. Тіпті патшалық Россияның отаршылдық саясаты дәуірлеп тұрған кезде қазақ жеріне Ермак есімі қойылмай келсе де, 1961 жылы Павлодар облысындағы бұрынғы Ақсу орнына Ермак қаласы бой көрсетіп, қазақ халқының мәңгі есінде қалсын деп оған зәулім биік ескерткіш орнатылды. Ал Ермактың (Жармақтың) кім екенін әсіресе академик М.Қ. Қозыбаевтың жариялаған еңбегінен кейін қалың жұртшылық жақсы біледі. Голощекин де осы қатарда тұратын адам. Бұларды Павлодар, Қостанай жерінен аластау – тарих алдындағы парызымыз.

Россия жерінде Шыңғысханға арналған ескерткіш жоқ. Ал, Ермак пен Голощекин болса, қай бетімен, қазақ халқына жасаған қандай «жақсылығымен» оның жерінде жәдігер бола алады?

Қазақстан картасындағы «жаңа типтегі» кейбір географиялық атаулардың халықтың намысына тиетін, зығырданын қайнататын тағы бір «себебі» бар. Ол қазақтың байырғы атауларын орысшаға толық не жартылай аударып, немесе орыс тілі «мәнеріне» салып өзгертіп қолдануға байланысты. Бұл да бір ономастика мәдениетіміздегі дауасы табылмай келе жатқан қасірет. Мәселен, оған бір Көкшетаудың Кокчетав, Синегорье, Синюха деп үш түрлі құбылуы, Аққукөлді – Лебяжье, Ақсуды – Беловодск, Белые воды, Ақжарды – Белый яр, Шортандыны – Щучье, Жетісуды – Семиречье сияқты сөзбе-сөз немесе тұспалдап аударудан (мәселен, Май ауданындағы Көктөбе – Белогорье) туған көптеген атаулар халықты әрі-сәрі етумен келеді.

Қай заманда, қай елде өз жерінің атауының өзге тілге аударып қолданылғанын көрдіңіздер? Егер біз бұл принципті қатал сақтасaq, онда тіліміздегі дәл осы тәрізді мыңдаған басқа атауларды да орысшаға аударуымыз керек. Мәселен, онда Алматы-

«Яблоневый», Алатау – «Пестрая гора», Қаратау – «Черная гора», немесе «Черногорье» деп...

Олай болса, жоғарыдағы «тәжірибені» тоқтату керек, тоқтатып қана қоймай, орысшаланған атауларды картадан, құжаттан, жадымыздан өшіріп, біржола қоштасуымыз керек. Сонда ғана Көкшетау, орысшасы Кокшетау (Кокчетав, Синегорье, Синюха емес), Жетісу, орысшасы Жетису (Семиречье, Джетису емес), Шортанды, орысшасы да Шортанды (Щучье емес) болып дұрысына реттеледі.

Осы тәріздес атаулар санатына жататын не қазақша емес, не орысша емес дүбәра «жасандылар» да тілімізде аз емес. Мәселен, Ерейментаудың ең биік шоқысы ертеден-ақ Ақдін деп аталатын. Бұл «ақ бағана», «ақ шоқы» дегенді аңғартады. Осы атау алдымен Белая сопка деп, одан кейін қазақша «дін» орысша «дым»-ға айналып, Ақдым болып өзгертілді. Енді осы жасанды Ақдым атауы қайтадан орысшаға айналып Белодым түрінде қолданылып жүр. Қазақшаға қайтадан аударсақ, «Ақ түгін» болып шығады. Бұл арада түгіннің өзі тұрмақ, иісі де жоқ. Бірақ, «қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса» дегендей, тілдік дәстүрмен санаспай, атауларды емін-еркін «кесіп-пішіп» қалғандар үшін «діңі» де, «дымы» да бәрі бір ғой.

Дәл осы сияқты «жасандыларға», мәселен, Боровое (Бурабай), Бузачи (Бозашы), Ялта (Алтыүй), Уруль (Ұрулы ел), Бурное (Бораңды) тәрізді «орыстанған» атаулар жатады. Боровое көлін орыстар өздерінше тергеп, бор «жыныс», «тоғай» дегеннен шығарады. Сонда біздің «Бурабайымыз» қайда қалғаны? Бузачи атауын біреулер мүмкін «бозаға» жақындатып, бозашы («боза ашытушы») дейтін шығар. Ал, ол болса о баста сол жерде өсетін боз шөбінің ащы, кермек дәміне байланысты «бозы ащы» тіркемесінен жасалмағанына кім кепіл.

Кейбір орыс жолдастар атаулардың осылайша бұзылуы жайында әңгіме бола қалса, бізге Өскеменді (Усть-Каменогорскіден өзгерген) Семейді (Семипалатинск), Орынборды (Орен-

бург), Омбыны (Омск), Оралды (Уральск) т. б. алдымызға тартады. Рас, бұлардың бәрі орыс тілінен сол тілдің заңына сай енген, бірақ «қазақтанған» атаулар. Сондықтан да олар нұсқа ретінде қатар жүруге құқылы. Бұлар Бурабай – Боровое тәрізді жасанды атаулармен үш қайнаса, сорпасы қосылмайды.

Реттеуді қажет ететін географиялық атаулардың тағы бір түрлі, орысша екінші түрлі жазылатындары: қазақша Көкшетау орысша Кокчетав, сол сияқты Имантау – Имантав, Соран – Сарань, Медеу – Медео, Бескөл – Бишкуль, Кеңөткел – Кинейкуль, Алматы – Алма-Ата, Оразай – Рузаев, Алтыүй – Ялта, Ұрулы ел – Уруль, Шолақаша – Челгачи т. б. «Басын жарып, көзін шығару» деп осыны айтуға болады.

Транскрипция принципі – сөздерді бір тілден екінші тілге дәл, түпнұсқаға жақын етіп жазу. Олай болса, Алматы мен Алма-Атаның жазылуында 1923 жылдан бастап бұл принцип бұзылған. Соның салдарынан ол орыс тілінде ұлттық мәнін жойып, «алмалы жер» емес, «алманың әкесі» (отец яблока) болып жалпақ елге таралып кетті, құлағымыз да үйреніп кетті. Бірақ дұрысына көшу керек.

Ал, Қазақстан картасында орысша жазылуы шаласауат, дүбәра мұндай жер-су атауларынан аяқ алып жүре алмаймыз. «Орысша жазуға келмейді, басқа ұлттардың айтуына қиын» деген жай сылтау. Патша заманынан келе жатқан «дәстүрдің» жалғасын көреміз. Жергілікті халықтың тілін білмейтін топографтар, жаманшылық ниеті болмаса да, оларды өз білгенімен жазып картаға түсірді. Сол замандағы карталарды қарасаңыз, екі-үш сөзден тұратын жергілікті атаулардың бәрін (айтуға жеңіл болсын деді ме екен?) сызықша арқылы бөлшектеп жаза берген. Біз одан біртіндеп арылып келе жатырмыз. Дегенмен Кзыл-Орда, Талды-Курган, Катон-Қарағай, Жаксы-Жандыадыр, Булақты-Шилик, Жана-Киима, Жаркент-Арасан, Калам-Карасу, Куль-Аул, Мамай-Каинды, Огиз-Урели, Чулак-Каинды, Ақсу-Аюлы түрінде қазақ тілінің қабырғасын сөгіп, топонимика

заңын таптап жазылып жүрген географиялық атаулар әлі де көп. Демек, принципті аяғына дейін сақтай отырып, бұларды да бір ізге түсіруіміз керек.

Осы тәрізді ала-құлалыққа біз «Ж»-дан басталатын атауларды орысшадан «Дж» арқылы жазуды жатқызған болар едік. «Орыстар сөз басында ұяң «Ж» дауыссызын айта алмайды» деген де жай қауесет. Железново, Жерновка, Жилияково, Ждановка тәрізді атаулардың қатарында Жанаарык, Жанажол, Жандосово, Жарсуатский, Жетыгенский сияқты жүздеген, мыңдаған топонимдер «Ж»-мен жазылып, ономастика сауатымыз ашылып келе жатқанда, Джамбул, Джезказган, Джездинский, Джезды, Джаныбек, Джамбейты, Джалагаш, Джангала, Джетыгара, Джетысу сияқты атаулардың сіресіп тұруын немен ақтауға болады?

Қазақша жер-су атауларының орыс тіліндегі «өмірі» мен қолданыс тәсілінде бұдан басқа да небір сорақылықтар бар. Ол, әрине, жер-су атаулары тағдырына немқұрайдылықпен қарау салдары. Әйтпесе, о заманда бұл заман қазақ топонимдерінен орыс тілінің жалғау-жұрнақтары арқылы жаңа атау жасағанды кім көрген? Ал біздің тәжірибемізде бұл «тәсіл» өзін емін-еркін сезінеді. Мәселен, Актюбинск, Уральск, Иртышск, Казалинск, Каркаралинск, Чарск, Каргалинка, Тургеневка, Алмаатинка, Айсарынское, Жандосово, Шемонаиха, Кайманачиха, Карагужиха, т. б. толып жатқан осы сияқты атаулардың «ск», «нка», «нское», «ка», «о», «ово», «ха»-ларын сыпырып тастасаң, ар жағынан таптаза қазақ сөздері шыға келеді. Город Актюбе, речка Каргалы, село Жандосова десе де болады ғой. Ал, орыс тіліндегі род категориясымен анықтайтын «ский», «ская», «ское» жұрнақтары жөнінде әңгіме басқаша. Мәселен, Урдинский (район) Кустанайская (область), Ишимское (село) тұлғаларында айтылатын атаулар, әдетте, анықтауыштық қызмет атқарып тұрады.

Бірақ анықтауыш қатынастағы күрделі атауларды жазуда қазақ тілінің заңына томпақ келетін де «тәсілдер» аз емес.

Мәселен, Большая Алмаатинка, Малый Аксу, Старая Тузды, Новый Узень, Белый Аул, Красный яр сияқты «жартылай аудармалар» қазақ тілінің өз мүмкіншілігінің тапшылығынан емес, «Қазаншының еркі бар...» принципінен туындаған еркіндіктер. Ал, дәл осы «принциппен» кете берсек, онда Қзыл-Орда емес, Красная Орда деуіміз керек, ұзын, қысқа, жана, көне, үлкен, кіші, ақ, қызыл, қара сөздерінен жасалған (Ұзынбұлақ, Қысқаарық, Жақабазар, Үлкен Қаратал, Кішікөл, Ұлытау, Аршатау, Қарашеңгел, Қызылжар т. б.) мыңдаған атаулардың анықтамаларын орысшаға аударуымыз керек. Ешқашан да мұндай «еркіндікке» баруға болмайды. Олай болса, кеткен қатемізді кешіктірмей түзетейік.

Қазақстан картасында бүгінгі таңда 19 облыс атауының 12-сі, 230 аудан атауының 63-і, 84 қаланың 26-сы, 210 жұмысшы поселкесінің 49-ы, сондай-ақ 2400 селолық Советтер мен 8400 ірілі-кішілі елді мекен-жайлардың, колхоз, совхоздардың атаулары орысша қате жазылып келеді.

«Оларды кім қойды, қалай қойды» деп тергеп жатудың дәл қазір қажеті жоқ. Дегенмен Жақаарқа, Жанатұрмыс, Жанауыл сияқты «жасанды» атауларды тоғыта бермей, шек қойып, ретіне қарай ауыстыру да қажет сияқты. Бұл арада табиғат құбылысына, жер бедеріне байланысты (Ақсу, Ақжар, Ақтоғай, Ақши, Ақдала, Талдыбұлақ, Ұзынбұлақ, Терісбұлақ, Тасбұлақ т. б.) әр өлкеде қайталанып, көптеп кездесетін жер-су атауларын олармен шатастырмау керек. Ондай қайталаулар қанша болса заңды.

Бірақ қайталаудың да шегі, реті және табиғи заңдылығы болады. Әсіресе, бұл кісі есімдеріне байланысты қатал сақталуы керек. Өйткені біздің елдегі соншама етек жайған кісі есімдері есебінен географиялық атау жасау, мемориал жәдігер қалдыру дәстүрі басқа бірде-бір мәдениетті елде кездеспейді екен.

Қазақ халқы өз жерінде 7 жыл айдауда болған ұлы украин ақыны Тарас Шевченко есімін өте құрметтейді. Оның есімі

1939 жылы Форт-Шевченко қаласына қойылды. Сол жерде оның музейі, Арал теңізінің бойында Шевченко бұғазы бар. 1964 жылы бұрынғы Ақтау қаласы Шевченко есімімен тағы аталды. Қостанай облысында – 2, Ақтөбе облысында – 4 елді мекен және оның сыртында көптеген оқу-мәдени орындары мен көше, парк, кітапхана, т. б. құрылымдардың аты Шевченко есімімен аталған. Ал ақынның өз отаны - Украинада оның есімі екі-ақ поселкеге (Шевченко, Шевченково) ғана беріліпті. Бұл есіммен аталған қала қазірше жоқ. Бұл елді табалау емес, өзіміздің артықша емекуімізді мойындау.

Жалқы есім түріндегі ономастикалық құрылымдардың ең көбі көше, алаң аттары. Алматы қаласын алып қарайық. Мәселен, мұндағы 2500-ден астам көше, проспект, алаң және басқа спорт, көпшілік орындары мен мәдени орындар атының басым көпшілігі кісі аттары екен. Соның 15-16 проценті ғана қазақ сөздері мен есімдерінің үлесіне тиген екен. Мәселенін моральдық-этикалық жағын жылы жауып қойып, немесе сыртқы белгісіне қарап-ақ, Алматы қаласын «қазақ қаласы» немесе Қазақ республикасының астанасы деп атау да қиын.

Жер-су, мекен-жай атаулары сияқты қала көшелері мен алаңдарының аттары да ұлттық мәдениеттің көрнекі саласы. Олай болса, бұл мәселеге ел-жұрт болып атсалысу керек. Бірақ Қазақстан, әсіресе Алматы сияқты қала жағдайында ат қоюды референдум арқылы шешуге болмайды. Әлеуметтік пікірмен есептесе отырып, ең алдымен жергілікті халық мүддесі ескерілуі тиіс. Оны талап етуге қазақ халқының да моральдық құқы бар... Ол парасаттылықпен, ұлт өкілдерінің өзара түсінісуімен, келісуімен істелетін жауапты шаруа. «Оларды кіммен ауыстырамыз? Лайықты есім табыла ма?» деп киналудың реті жоқ. Қазақ жері елдің ар-намысын қорғаған батыр-бағландарға (Бөгенбай батыр, Қабанбай, Райымбек...), хандық құрып елдің бірлігін сақтаған (Тәуке хан, Қасым хан, Есім хан. Абылай хан сияқты) ел басыларын, әділеттіктің туын

тігіп, елге жол сілтеген би-қазыларға (Төле би, Қазыбек, Әйтеке би...), рухани өміріміздің тұлғасы болған ақын-жырауларға (Асан қайғы, Бұқар жырау, Қазтуған...), күй атасы, ән күдіреті (Қорқыт, Құрманғазы, Мұхит, Әміре...), сал-серілерге (Ақан, Біржан...) бай жер.

Дәріптегіміз келсе, соларды дәріптеп, соларды қадір тұтайық. «Ата-бабаларының әруағын тірілтіп жатыр» дейтіндер де табылар. Дей берсін, бүгінгі рухани жұтаңдық та, мәңгүрттік те соны қадірлемеушіліктен емес пе? «Жердің аты – тарихтың хаты» деген сөз бар. Тарихымызды жасап, дүние кешкен ұрпақты да ұмытпағанымыз жөн. Елдің елдігі де сонда.

Демек, мәселе көбіне-көп өзімізге байланысты. Атамекен атауларын реттеуді халық болып қаласақ, қаулы қабылдауға да, қаржы табуға да мүмкіндік жетеді.

АТАУЛАР – ТАРИХ АЙҒАҒЫ*

БАТЫСЫ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНЕН, шығысы өр Алатаудан Кенді Алтайға дейін, солтүстігі Ресей, оңтүстігі Орта Азия елдерімен шектес те шекаралас созыла жатқан ұлан-ғайыр, кең-байтақ жеріміздің көрікті де сұлу жер бедері көз тұндырады.

Одағымызда жер көлемі жағынан РСФСР-дан кейінгі екінші орын алып отырған республикамыздың территориясы 2 миллион 717 мың шаршы километр. Онда 19 облыс, 230 аудан, 284 қала және қалашықтар, 2400 ауылдық және селолық Совет, 21 мыңнан аса елді мекендер мен селолар, оған қоса 85 мыңдай өзен, 48 мың көл мен көлшіктер, толып жатқан қайнар, бастаулар мен мөлдір бұлақтар, мыңдаған асқар таулар мен заңғар биік шыңдар, көлбей жатқан жоталар мен жондар, қырлар мен қыраттар, төбелер мен төбешіктер, шоқылар мен дөңдер, далалар мен қалың жыныс орман-тоғайлар бар. Міне осыншама бай географиялық объектілердің баршасы да өздеріне лайықты топонимдік атауларға ие.

Бұл атаулардың ішінде халқымыздың ежелгі тарихынан мағлұмат берер атаулар саны да аз емес. Бұлардың кейбіреулері біздің жыл санау дәуірімізден бұрынғы замандарға хас болса, екінші топтары орта ғасырға, ал үшінші топтары қазіргі заманға тән. Ең көне географиялық атаулар (топонимдер) санатына жататындар: Каспий, Арал теңіздері, Балқаш көлі, Ертіс, Сырдария, Іле, Меркі, Талас, Есіл, Тобыл өзендері болса, таулар: Хан тәңірі, Алтай, Алатау, Қаратау, Ұлытау, т. б.

Каспий теңізінің атауы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда және біздің дәуіріміздің IV-VIII ғасырларында Гирхан теңіз деген атпен белгілі болса, VIII-X ғасырларда оғыздардың үстемдігі кезінде Хазар теңізі аталғаны мәлім. Тілдік табиғаты жағынан Каспий атауы дербес мағыналы Кас және пий деген

* «Қазақстан коммунисті». №4, 1994 (акад. Ә.Т. Қайдаровпен бірлесіп жазылған)

екі сөзден құралған. Тарихшы ғалым С.В. Юшковтың пікірі бойынша: «біздің дәуірімізге дейінгі VII-IV ғасырларда Каспий теңізінің жағалауы мен Маңғыстау маңайында каспий тайпасы өмір сүрген. Өзінің мәдениеті мен әдет-ғұрып, салт-санасы жағынан ол сақтардың (скифтердің) ірі тармағы болу керек» (Юшков С.В. Родословная древнейших албанцев, Исторические записки; № 1, 1937). Ал Арал теңізі біздің дәуірімізге дейінгі жазба ескерткіштерде Оксин теңізі аталған. Оны Рим ғалымдары Страбон мен Птолемей жазбалары да растайды. Бұл біздің дәуіріміздің V-VIII ғасырларында оғұздардың үстемдігі кезінде Хорезм теңізі аталған.

Сырдария біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда, біздің дәуіріміздің IV ғасырында сақтар (скиф) тілінде Силис, біздің дәуіріміздің VI-VIII ғасырларында грекше Яксарт, (түріктің Касарт сөзінен) бұдан кейінгі VIII-X ғасырларда қарлұқтардың үстемдігі кезінде Сейхун аталғаны, ал одан бұрын Александр Македонский сыпайыларының оны Танаид атағаны, бұл атаудың сақтардың (скиф) Дон «өзен» атауының сөзбе-сөз аудармасы екені де тарихтан мәлім.

ЕРТІС ӨЗЕНІН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН тұрғындары Қара Ертіс атайды. Бұл Ертіс атауы VIII ғасырда Күлтегін мен Тонықұқ құрметіне орнатылған көне түркі ескерткішінде кездеседі. Ертіс Зайсан көліне құяды да, Өскемен, Семей, Павлодар қалаларын басып өтеді. Осы атау XI ғасырда өмір сүрген белгілі түркі ғалымы Махмұт Қашқаридің еңбегінде Эртиш тұлғасында кездеседі. Бұл тарихи дерекке сүйенетін болсақ, оның біздің дәуірімізден бұрынғы Каспий, Арал теңіздерінің құрдасы екені шүбәсіз. Осы дәуірлерге Алтай, Хан тәңірі, Талас, Қаратау атаулары да тән сияқты.

Әлемге әйгілі Хан тәңірі деген тау атының хан және тәңірі сөздерінен қойылғаны ежелден белгілі. Алайда бұл сөздердің негізгі мән-мағыналарын екінің бірі, әсіресе жастар біле бермейді. Бұл атаудағы хан сөзі жалпы халыққа белгілі ертедегі

ел билеген «хан» мәніндегі сөз емес, ол көне түркі тіліндегі үлкен, зор деген мәнге ие, ал тәңірі «аспан», «көк», «әуе» деген мағынаны білдірген.

Алматы облысы Нарынқол ауданының тұрғындары қазіргі кезде географиялық карталарда Хан тәңірі аталып жүрген атауды Хан теңгір атап келген. Сондықтан да тарихи тұрғыдан осы Хан теңгір аталуын дұрыс деп білеміз.

Оңтүстіктегі ерте орта ғасырға тән әйгілі қалалардың бірі – Тараз. Тарихи жазба ескерткіштерде Тараз аты VI ғасырдан белгілі. Ол VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолындағы атақты қалалардың бірі ретінде дүние жүзіне белгілі болды. Бұл қала аты кейін 1867 жылдан Әулие-ата, ал 1935 жылдан Мирзоян, 1938 жылдан Жамбыл аталып келеді.

Орта ғасырдан (VII-XIII ғ. ғ.) белгілі қала атаулары да аз емес. Олар: Испиджаб, Сайрам, Отырар, Шавғар, Түркістан, Шымкент, Манкент, Кедір, Суяб, Ходжент, Алмалық, Баласағұн, Барақ, Барысхан, Бесбалық, Бескент, Жент, Қарнақ, Қойлық, Құлан, Сауран, Сүткент, Талғар, Алматы, сондай-ақ тұрақтар мен қалашық, елді мекен аттары: Ақбешім, Ақтөбе, Алтынасар, Бабаата, Дүнгене, Жол, Құйрықтөбе, Сүмбе, т. б.

Бұл қала, елді мекен атауларының барлығының жасалу үлгісі де, лексикалық құрамы да (сөз жүйесі) қазіргі тіліміздегі жерсу атауларынан алшақ емес, жалпыхалықтық тілден жасалған, түсінікті де танымал. Осылар тәрізді орта ғасырға тән қала, елді мекен, өзен, көл, тау т. б. аттарының ана тіліміздің төл сөзінен жасалып келгенін де аңғару қиын емес. Мәселен, Алматы, Есік, Тұзқала, Қызылжар, Жайық, Үйшік, Теке, Ақмола, Ақтау, Ақсу, Нілді, Атасу, Жезді, Теміртау, Қарағанды, Қазалы, Қарқаралы, т. б. Байыппен бағдарлап қараған адамға тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы осы және басқа да физика-географиялық атаулардың бойынан анық көрінеді. Ондайлар республикамыздың барлық облыстарында жүздеп, мыңдап кездеседі.

РАС, ӨТКЕНГЕ ОЙ ЖҮГІРТІП, ЗЕР САЛА ҚАРАСАҚ қасиетті де қастерлі жерімізге сонау замандарда парсылар мен арабтардың, моңғолдар мен жоңғарлардың баса кіріп, лаң салғаны, бірақ олардың халық тегеурініне шыдай алмай күшті тойтарыс алғаны тарихта тайға таңба басқандай қаттаулы. Ол кезеңдерде пайда болған араб, парсы, моңғол тілдеріне қатысты жер-су аттарының, аздап болса да сақталып келуі – сол тарихи оқиғалардың айғағы. Алайда араб, парсы тілдік атаулар біздің оңтүстік аймақтарда болмаса, орталық, солтүстік, шығыс, оңтүстік-шығыс, батыс аймақтарында сирек, тіптен мүлдем ұшыраспайды десе де болады. Оның керісінше, моңғол-текті атаулар барлық өңірде бой көрсетіп қалғанмен, аса көп емес, ана тіліміздің байырғы тел сөздерінен қойылған мыңдаған атаулардың арасында көп бидай ішіндегі шашыраған тарыдай ғана. Оның үстіне бұлар тілімізге бейімделіп, дыбыстық өзгеріске ұшырап, жымдаса қалыптасып, қазақыланып кетті. Себебі ол атаулардың басым тобының табиғаты негізінен, қазақ, моңғол тілдеріне ортақ сөздер еді.

Жерімізде ерекше етек ала көптеп қойылған орыс тілді атаулар әсіресе патшалы Россия заманында, одан кейін қазіргі дәуірде кеңінен өріс алып отыр. Олардың санының көбейіп, жергілікті ұлттық атаулардың жөнсіз бұрмалана бұзылып айтылуы бұл күнде халық тарапынан наразылық тудыруда. Бұл ретте, олардың қойып отырған талап-тілегі де орынды. Өйткені атауды қоюшы да, оны атаушы да халық. Олай болса, халықтың өзі замандар бойы өмір сүріп келген атамекенінің өзіне тән атауларын шұбарландырып бұрмалаған, кей ретте адам танығысыз күйге ұшыратқан тосын құбылысқа наразылық білдіруі заңды да.

Біздің бағдарлауымызша, кейінгі екі ғасыр беделінде қазақ топонимдерінің үштен бірі өзгерген, ауыстырылған, не жаңадан

пайда болған. Олардың көпшілігі – алабажақ «ақтаңдаққа» айналған табиғаты жасанды, тіліміз бен рухани болмысымызға жат, шығу тегі, қойылу себебі күмәнді атаулар. Мұның төркіні алыста жатқан құбылыс. Оның басты себебін XIX ғасырдың екінші жартысынан бері емін-еркін жүзеге асырыла бастаған патшалық Россияның отаршылдық саясатынан іздегеніміз жөн. Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық-шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің (хутор, деревня, поместье, т. б.) атауларын да ала келген еді. Ол атаулар атам заманнан келе жатқан жергілікті ұлт атауларын ығыстырып, «зорлықпен» қалыптасты. Мәселен, Көне Үйшік (Жайық, қала аты) 1640 жылы орыс көпесі (қазақ балықшыларын аяусыз қанаған) Гурийдің есімімен Гурьев аталады. Тұзқала Ямишева аталса, Туақала алдымен Коряков, содан соң Павлодар болып аталған. Ал Қызылжар болса, онда алдымен 1752 жылы әскери бекініс салынды, 1807 жылы Петропавловск болып аталды. Күні бүгінге дейін республика карталарынан орын алып, күнделікті тұрмыста аталып жүрген Ванновка, Черняевка, Романова, Николаевка, Корниловка, Балкашин сияқты елді мекен аттары патша генералдары мен оның шонжарларының есім-фамилиялары екені мәлім. Бұлар сияқты отаршылдық саясатты білектің күші, қылыштың жүзімен іске асыра отырып, жергілікті ұлт атауларын сырып тастап, олардың орнына қойған орыс тілдік атаулар жүздеп кездеседі. Мысалы: Ақкөпір – Маловодное, Арқабай – Дмитриёвка, Бұғымүйіз – Сергеевка, Еренқабырға – Тянь-Шань, Шыбындысай – Бутаков-ка, т. б. (Алматы облысында); Ақтасы – Некрасовка, Баржажан – Кременевка, Көлбастау – Евгеньевка, Көлтоған – Алексеевка, Құлап – Луговое, Өтеген батыр – Георгиевка, Сарыкемер – Михайловка, т. б. (Жамбыл облысында); Иінжар – Долинка, Нілді – Успенка, Көкөзек – Спасск, т. б. (Қарағанды облысында):

Қоскөл – Антоновка, Бурабай – Боровое, Шортанды – Щучье, т. б. (Көкшетау облысында), Даңғырлақ – Каменка, Қиялық – Антоновка, Нияз – Черкасское, Талды – Лесновка, Шынжылы – Андреевка (Талдықорған облысында), Ақжайлау – Успенка, Ақбұлақ – Горное, Балықтыбұлақ – Владимировка, Ортатеректі – Алексеевка, т. б. (Шығыс Қазақстан облысында), Жаскешу – Корниловка, Майлыкент – Ванновка, Машат – Антоновка, Тастұмсық – Вознесенгевка, Шақпақ – Бурное, Шитөбе – Вознесенка, т. б. (Шымкент облысында), Қаракемер – Успенский, Нарынқұм – Рынпески (Орал облысында), т.т.

БҰЛ ЖАҒДАЙ ӨСІРЕСЕ тың және тынайған жерлерді игеру жылдары мен тоқырау кезеңінде айрықша орын алды. Жаңадан құрылған совхоздар мен село, аудан, селолық Советтер атаулары басшылардың еркінше орысшаланды. «Хрущевтің он жылдығы» деп аталған (1954-1964 ж.ж.) жылдары Көкшетау, Қостанай, Целиноград, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 302 ауылдық және селолық Советтердің атауы орысша қойылды. Ал тың игерудің 25 жылдығында бұл өлкедегі «жаңа атаулардың» саны 3500-ге жеткені аталып етті. Бұл кезде атам заманнан қазақ халқына белгілі Ақмола қаласы атының қысқағымда Целиноград аталуы халықтың қалауымен емес, Н.С. Хрущевтің тұқыл әмірімен іске асып тынды. Сол кездерде белгілі қалаларымыз – Ақтау – Шевченко, Ақсу – Ермак болып өзгере қалды. Мұндай жаппай орысшалап ат қою, жергілікті атауларды өзгертіп жіберудің келеңсіз іс болғанын айта келіп, ССРО Советтік мәдени қоры Топонимикалық кеңесінің төрағасы, білікті ғалым В.П. Нерознак бұл «тәсілді»: «Тоқырау заманында ұлттық атауларды өзгерту сол жерді мекендеген халықтың құқын аяққа басып, дербестігіне қол сұғумен жүзеге асты...» деп түсіндірді («Неделя», № 31, 1989).

Қазақстан географиялық картасы мен әкімшілік-территориялық бөлініс жөніндегі анықтағыш та, сондай-ақ республикадағы орыс тіліндегі баспасөз беттерінде көптеген атауларымыз орысша толық, кейде жартылай аударылып, немесе орыс тілінің айтылу «ыңғайына» сай өзгертіп қолдану жайлары басымырақ. Мәселен, Ақсуды – Беловодск, Белые воды, Аққукөлді – Лебяжье, Қызылсуды – Красноводск, Қарасуды – Черноводск, Айрықты – Двабрата, Нарынқұмды – Рынпески, Шортандыны – Щучинск, Жұмбақтасты – Сфинкс, Жаңаөзенді – Новый Узень, Ақжарды – Белый яр, Жетісуды – Семиречь, Көктөбені – Белогорье, Көкшені – Синуха деп сөзбе-сөз немесе жобалап аударған. Бұлайша атау екі халықты да алдауратып, шатастырып келеді. Өйткені жер-су аттарын қалай болса солай аударма түрде атау жер жүзінде ешбір елдің тәжірибесінде жоқ нәрсе. Олай болса, қазақ атауларының барлығы да ешбір аудармасыз, бұрмаланбай, бастапқы табиғи қалпында қолданылуға тиіс.

Қазақ географиялық атаулары орысша жазылғанда өзінің бастапқы ұлттық аталу тұлғасын толық сақтап отыруы керек. Ол географиялық атауларды орыс тілінде қатесіз жазып, дұрыс таңбалау туралы тиісті нұсқауда дәлелді көрсетілген. Алайда орыс тілінде жазатын журналистер мен ғалымдар, түрлі мамандықтағы азаматтар ол ереже-нұсканы өкінішке орай көбіне басшылыққа алмайды, ескермейді. Сондықтан да қым-қиғаш қателікке ұрынады. Оның көрінісін мынандай мысалдар толық дәлелдей түсері сөзсіз. Көкшетауды – Кокчетав, Имантауды – Имантав, Медеу – Медео, Алматы – Алма-Ата, Қенөткел – Кинеткуль, Бурабай – Боровое, Шарбақты – Шербакта, Байжонас – Байчунас, Шалқар – Челкар, Оразай – Рузавев; Алты үй – Ялта, Қарасері – Карасире, Есіл – Ишим, Ертіс – Иртыш, Жанақорған – Яныкурған, Бірлік – Берлик, Брлик,

Боралдай – Бурундай, Шиелі – Чиили, Бурылбайтал – Бурубайтал, Шамалған – Чемолған, Қоңырат – Қонурад, Соран – Саран, Ерейментау – Ерментау, Бөген – Бугунь, Қызыларай – Кызылрай, Талдықорған – Талды-Курган. Қызылорда – Кызыл-Орда, Мойынқұм – Муюнқум, Ақтөбе – Актюбе, Бұқтырма – Бухтарма, Шағырай – Чограй, Қызылой – Қызыл уй, т. б.

КӨПТЕГЕН ҚАЗАҚ АТАУЛАРЫНА орыс тілінің қосымшасын жамап айту да кеңінен етек алған. Олардың көбіне халықтың айтуына, күнделікті тұрмыста қолданылуына едәуір қиындық туғызады. Мәселен, Мынбаево, Жандосово, Маралиха, Мукашево, т. б. Көптеген қала, село аттарына орыс тілінің қосымшалары жалғанып, орыс тілінің әсерімен айтылу да бар. Мәселен, Актюбинск, Казалинск, Уральск, Каркаралинск, т. б. Осы атауларды орысша Актөбе, Қазалы, Урал, Қаркаралы деп те айтуға әбден болады ғой. Мұндай қымқиғаш, ала-құла сауатсыз жазудан арылудың тура жолы – тез арада «Географиялық атаулардың қазақша-орысша транскрипциялық сөздігін» жасау.

* * *

Бұл күнде халық тарапынан кеңінен көтеріліп отырған күрделі мәселенің бірі – тарихи атауларды қалпына келтіру. Бұл ретте Одақ көлемінде батыл іс жүзіне асып отырған РСФСР, Украина, Прибалтика, Молдова республикаларының іс-тәжірибесі бізге де үлгі боларлықтай. Мәселен, Андронов қаласы бұрынғы тарихи атымен Рыбинск, Горький қаласы тарихи атымен Нижний Новгород, Куйбышев қаласы бұрынғы тарихи атымен Самара, Жданов қаласы бұрынғы Мариуполь атауларымен аталып отыр. Сондай-ақ Әзірбайжандағы Кировабад бұрынғы тарихи атымен Гянджа, Татарстандағы Брежнев атанған қала бұрынғы тарихи аты Набережные Челны, Тәжікстандағы Ленинабад қаласы 2500 жыл бұрынғы тарихи атымен қайтадан Ходжент аталып, қалпына келтірілді. Олай болса, қазіргі Пе-

тропавловск өзінің тарихи аты Қызылжар, Павлодар – тарихи аты Туақала немесе Тұзқала, Шевченко – бұрынғы тарихи аты Ақтау, Ермак – бұрынғы аты бойынша Ақсу, Панфилов – тарихи атымен Жаркент аталатын уақыт та алыс болмаса керек.

Біздегі топонимдік «дерттің» тағы бір сипаты қайталама атаулар сырында жатыр. Оның да шегі, жөнді реті, табиғи заңдылығы болуға тиіс. Әсіресе ол есім-топонимдерге, яғни кісі есімдерімен байланысты қатар сақталуға тиісті. Өйткені республикамыздағы есім-фамилиялар негізінде пайда болған қала, село, аудан, селолық Совет, аудан орталығы, түрлі ұйым, мекеме, проспект, алаң, көше аттары да аз емес. Бұларды да күнттап реттеу, жөнге салу, бір ізге келтіру қажет-ақ. Ал осының есесіне жер бедері, табиғат құбылысына байланысты қойылған атаулар әрбір облыста әлденеше рет қайталана береді. Мәселен, Ақсу, Ақжар, Ақсай, Ақтоғай, Ұзынбұлақ, Ақтас, Ақшоқы, Талды, Жылысай, Жылыбұлақ, Ақтөбе, Көктөбе, т. б. Мұндай қайталаулар қанша болса да, заңды құбылыс. Белгілі совет жазушысы К Паустовскийдің сөзімен айтқанда, «атаулар – ел мен жерді поэтикалық тұрғыдан суреттеу. Оның негізінде халықтың мінез-құлқы, оның тарихы, күнделікті тұрмысының әдет-ғұрпы сақталған». Иә, жер-су атаулары – халық тарихының айнасы. Оларды мәдениет ескерткіші ретінде қорғау, қамқорлыққа алу – жалпыхалықтық, мемлекеттік мәні бар күрделі мәселенің бірі. Сондықтан республикамызда жер-су, елді мекен аттарын орынды қою, өзгерту, дұрыс жазу мәселелері Қазақ ССР-інің «Тіл туралы Заңының» IV тарауының 28-бабында толық та жан-жақты сипатталған.

ХАЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ МӘНІ ЗОР бұл мәселе жөнінде соңғы кезде соны бастама, ауқымды жұмыстар істелді.

1989 жылғы қараша айында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ұлт және ұлтаралық қатынастар жөніндегі тұрақты комиссиясының мәжілісінде «Тарихи географиялық атауларды ретке келтіру,

әкімшілік-территориялық бірліктердің, елді мекендердің, алаңдар мен көшелердің, кісі есімдері мен фамилиялардың жазылуын (транскрипциясын) түзеу, ретке келтіру» мәселесі жан-жақты талқыланды. Мәжіліс қорытындысында осы мәселемен тікелей шұғылданатын мемлекеттік ономастикалық комиссияны құру туралы шешім қабылданды. Ол комиссияның негізгі міндеті мен қызметі – елді мекен, қала, село, аудан, селолық Совет, алаң, кісі есімдері мен фамилияларды реттеу, жөнге салу, өзгертетін немесе жаңадан қойылған атауларды республикамыздың Жоғарғы Советінің бекітуіне дайындап, ұсынып отыру. Мұның өзі әсіресе жер-су аттарының орфографиялық ереже нормасына сай жазылып, қолданылуын, транскрипциясы мәселелерін жолға қоймақшы.

Міне осы шешімнің негізінде сәуірдің 20-сы (1990 жылғы) № 156 Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Оның атқарар міндеті мен көтерер жүгі де аз емес. Комиссия құрамындағы 27 адам – республикамыздағы мәдени-ағарту, ғылыми және қоғамдық саланың белді де беделді өкілдері. Бұл комиссия мүшелері өз жұмысын Мемлекеттік ономастика комиссиясының ережесі мен тұжырымдамасы негізінде атқарады.

Өзінің алғашқы ұйымдастыру мәжілісін комиссия тамыздың 3 (1990 жылғы), екінші мәжілісін қарашаның 8 (1990) жұлдызында өткізді. Талдықорған облысындағы Ағарту селосына Қ. Қазыбаевтың атын беру, Қостанай облысындағы бұрынғы Голощекино поселкесін Уральск поселкесі деп атау, бұрынғы Свободное селосын Сынтас селосы, Щербаковқа селосын Қыземшек селосы, Репенка селосын Қаракөл селосы, Левобережное селосын Жарқын селосы, Петровское селосын Қызылбұлақ селосы, Восток селосын Қайынды селосы, Михайловка селосын Қызылағаш селосы және Ұлы Қазанның 70 жылдығы атындағы совхоздың орталығын Бекет деп атау тура-

лы жергілікті Совет орындары аталған елді мекендердің атын өзгерту жөнінде қаулы алды.

Ономастикалық комиссия енді республика Жоғарғы Советінің тапсырмасы бойынша Жезқазған, Көкшетау, Қостанай, Талдықорған, Шымкент халық депутаттары облыстық Советтерінің кейбір село, елді мекен аттарын өзгерту, жаңадан қою, реттеу туралы ұсыныстарын талқылап, өзінің дәйекті ұсынысын Жоғарғы Совет Президиумының бекітуіне ұсынбақ. Бұл материалдарда Көкшетау облысының орысша қате жазылып келген Имантав, Кокчетав, Челкар, Ундирис, Энбекшильдер, Акчок, Таинча атты елді мекен, село аттарын бұдан былай қазақша нұсқасына жуықтата орысша Кокшетау, Имантау, Шалкар, Ондирис, Акшок, Тайынша, Енбекшильдер деп жазу жайлы ұсыныс берсе, Қостанай облысынан түскен ұсыныста Обаған ауданын Алтынсарин ауданы деп атауды, ал Жезқазған облысы Приозерный атты поселкені Шашубай деп атау өтінілген. Шымкент облыстық Советі Түркістан ауданындағы Амангелді селосын белгілі мемлекет қайраткері Н. Оңдасынов атына беру туралы шешім қабылдаған. Бұл тәрізді материалдардың басқа да облыстардан бола берері шүбәсіз.

Жоғарыда аталған ономастикалық объектілерді өзгерту, қайтадан қалпына келтіру, немесе жаңадан атау, реттеу, анықтау мәселелері біртіндеп іске асырылатын саяси-әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызы зор мәселе ретінде ауылдық, селолық жерлерден басталып, қала, облыс деңгейінде құрылған ынталы топтар мен ономастикалық комиссияларда қаралған соң Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұсынысы негізінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі тарапынан ресми түрде бекітілуі қажет. Қазақстан топырағындағы Россия патшалығының отарлау саясатына байланысты және коллективтендіру, жеке адамға табыну, тоқырау мен волонтаризм кезеңдерінде қойылған жағымсыз, халықтың ар-намысына тиіп, ұлттық сезімін қорлайтын атауларды ең алдымен өзгерту керек. Олардың ор-

нына сол тұрғылықты, жергілікті халыққа бұрыннан белгілі тарихи атаулар қайтадан қойылуға тиіс.

* * *

ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН физика-географиялық атаулар мен атақоныс, елді мекен аттарын себепсіз, заңсыз түрде кез келген адам, мекемелер, ведомстволар тарапынан өзгертуге, ауыстыруға және әртүрлі сылтаулармен ескерусіз-елеусіз қалдыруға тыйым салынып, ол объектілер қазақ халқының баға жетпес рухани байлығы ретінде мемлекет қамқорлығына алынып, қажетті жағдайда өзгертулер мемлекеттік ономастика комиссиясының ұсынысына сай шешім қабылдаған соң Жоғарғы Советтің жарлығымен бекітілуге тиіс.

1917 жылдан кейін пайда болған географиялық, әкімшілік-территориялық, т. б. объектілер атаулары жоғарыда айтылған жағдайларға сай жергілікті комиссиялар тарапынан саналы түрде қайтадан қаралып, тұжырымдамалық негізде реттеліп, жүйеге салыну керек. Ол үшін алғышарт ретінде ең алдымен жергілікті ұлттық топонимдердің сандық мөлшері, сапасы мен мән-мағынасы, жиілігі мен қайталануы (тираждануы), қазақша дұрыс жазылуы мен орысша сауатты транскрипциялануы ескерілуі керек; мекен-жай, жер-су, көше, алаң және мекеме, әкімшілік-территориялық объектілер аттарын шамадан тыс саясаттандырудан арылту керек, қазақ топонимдерін орыс, т. б. тілдерге сөзбе сөз түрде (жарым-жартылай, түгел немесе бұзылып) аударылуына, тұлғасының өзгерілуіне тыйым салынуы қажет. Ал жаңадан қойылатын ұлттық атаулар қазақ халқының тілінде қойылып, оның грамматикалық заңдары, жазылу, айтылуы әдеби тіл нормасы бойынша толық сақталуға тиіс. Орысша транскрипциясы осы нормаға сүйеніп, атаулардың түпнұсқаға сай жазылуын қамтамасыз ету шарт.

Сонымен бірге әкімшілік-территориялық құрылымдарға кісі есімдерін қоюда немесе ауыстыруда тұжырымдамалық принцип ретінде мынандай алғы шарттар сақталуы керек. Республика, облыс және аудандарға қарасты бірде-бір қала мен қалашыққа кісі есімі мен фамилиясы берілмесін, ал бұрыннан есім-фамилиямен аталып келе жатқан қала, қалашық аттары осы шартқа сай қайтадан қаралсын; кісі есімдері мен фамилиялары тек қалалық, селолық аудандарға, колхоз-совхоздарға, елді мекен, қала, село көшелері мен аландарына, мекеме, оқу орындарына, тағы басқа уақ орындарға ғана арнайы қаулы арқылы берілуге тиіс. Мұндай орындарға ең алдымен осы өлкенің тарихына, негізгі халқының мәдени, рухани өміріне тікелей қатысы бар, сол өлкеде туып-өскен, еңбек еткен тарихи адамдар мен ғылым, мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің, еңбек ардагерлерінің есімдері берілуге тиіс. Қайталануға, тираждануға жол бермеу үшін бір адамның есім-фамилиясы ең көп дегенде екі-үш рет (республика көлемінде – 3 рет, облыс аймағында екі рет, ауданда, туыс-өскен, білім алған, еңбегі сіңген жерге бір рет) қайталануын, бір жерге ретсіз шоғырланбауын қадағалау керек.

Қазақстанға, оның халқына, тарихы мен мәдениетіне қатысы жоқ адамдардың есім-фамилиясын қоюға тыйым салынсын. Бұрын қойылып кеткен есім-фамилиялар қайтадан қаралуға тиіс. Ал олардың орындарына ұсынылатын жаңа атаулар (есім-фамилиялар немесе басқа да халықтық атаулар) жергілікті ынталы топтар мен комиссиялар тарапынан зерттеліп, жергілікті Советтердің қабылдаған шешімі жан-жақты талқыланып, толық бекуі үшін оны республикалық Мемлекеттік ономастикалық комиссияға жолдау керек.

Республикада жаңадан құрылған, не құрылуға тиіс әкімшілік-территориялық құрылымдардың атаулары бірдей анықталып, бір қаулы, не жарлықпен бекітілгені оңтайлы. Мәселен, қайта

құрылған Маңғыстау, Торғай облыстарының орталықтары (Ақтау, Арқалық) ғана емес, сонымен қатар осы облыстардағы бірден түзетуді, реттеуді қажет ететін қала, қалашықтар, аудан, селолар да бар.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА, негізгі тұрғын халықтар сан жағынан аз тұрған жерлерде, географиялық атауларды жаңадан қою, немесе өзгерту, сондай-ақ тарихи атауларды қалпына келтіру мәселелерін көпшілік дауысқа салып шешу мүмкін емес. Мәселен, Қостанай облысындағы Голощекино темір жол станциясы мен село атын өзгертіп, бұрынғы аты Түйелі, одан кейінгі қойылған Медет атын қайта беруге арналған село тұрғындарының жалпы жиналысына қатысқан 366 тұрғынның ішінде 27-сі қазақ, 18-і неміс екен де, басқалары орыс және украиндер болған. Олар көпшілік ұсынысымен село атын Приуральск деп атау туралы ұсыныс жасап, көпшілік дауыспен село Приуральск болсын деп селолық Совет қаулы алған. Ал Медет болсын деп дауыс бергендер саны бар-жоғы 27 адам болған. Мемлекеттік ономастика комиссиясы өз мәжілісінде бұл мәселені талқылап, селонын бұрынғы ұлттық атымен Медет аталуын дұрыс деп шешті.

Сондықтан мұндай мәселелерді шешуге жергілікті ономастикалық комиссиялар тікелей атсалысып, олардың ұсыныстарын селолық Советпен келіскен соң, оның шешімін аудандық Совет бекітіп, мемлекеттік ономастикалық комиссиясына жолдағаны жөн. Осыдан соң бұл ұсыныс Қазақ ССР Жоғарғы Советіне жіберіліп, онда тиянақты шешім қабылдаған соң ғана оның күші заң жүзінде жүзеге асады.

ССРО Министрлер Советінің геодезия және картография Бас басқармасы дайындап шығаратын карталар мен атластардағы, туристер жолының схемалары және де басқа анықтамалардағы Қазақ ССР географиялық атауларының орысша транскрипциясы, олардың дұрыс жазылуы Қазақ ССР Министрлер Кабинеті

жанындағы Мемлекеттік комиссиямен міндетті түрде кенесіп, оның келісімін алған соң ғана жарияланып отыруы керек.

Республикамыздағы барлық ономастикаға қатысты (географиялық атаулар, мекеме, ұйым аттары, есім-фамилиялар, т. б.) объектілерді ретке келтіру шаралары, оның материалдары республикалық баспасөз беттерінде ономастика, география, геодезия мамандары тарапынан жария болып отыруы қажет.

СОНЫМЕН, ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, халқымыздың сан ғасырлық тарихына тән дәйекті деректердің бірі – оның тірлік-болмыс, дүние-таным көзқарасын, тарихи-әлеуметтік жайы мен ұлттық мәденнетінің нышанын, ана тілінің бәз қалпындағы табиғи бітім-бейне, халықтық көрінісін замандар бойы сақтап келе жатқан қазынамыз атамекен, туған жер атаулары. Бұл тараптағы нендей бір қиғаштықтарды, бұрмалаушылықтарды тезінен түзетіп, қалпына келтіру – уақыт талабы.

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІН ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақ топонимдері құрамы мен құрылысы және шығу тегі – этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жана замандық топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері *Сақ, Қаңлы, Үйсін, Ғұн* дәуірлеріне тән болса, біразы *Орал-Алтай* тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, шағын тобы араб, парсы, монғол, славян (орыс, украин, поляк т.б.) тілдерінен енгендер.

Ежелгі заманға тән көне топонимдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бұл күні жалпы қауымға белгісіз, тіптен түсініксіз келеді. Сондықтан да олардың этимологиясын анықтап, ғылыми тұрғыдан зерделей зерттеудің орны ерекше. Аса күрделі де қажетті бұл мәселеге тіл мамандарымен қатар әдебиетші, тарихшы, этнографтар және жағрапия мамандары да мейлінше қызыға ден қоюда.

Топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу мәселесі – жалпы тіл біліміндегі бұрыннан қалыптасқан этимологиялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін басшылыққа алу барысында орындалуға тиіс. Ал этимологияның өзі тіл білімінің күрделі саласы ретінде соңғы ғасырларда ғана пайда болып, қалыптасқаны мәлім.

XIX ғ. бірінші жартысында *этимология* деп грамматиканы (морфология) айтып келген болса, XIX ғ. соңында ғана Еуропа тілдерінде ғылыми негізде түзілген этимологиялық сөздіктердің жарық көруі бұған толық дәлел бола алады.

1950-2000 жылдары жарық көрген В.И. Абаев, Г.А. Климов, В.Е. Егоров, В.И. Лыткин, О.Н. Трубачев, В.И. Циннус, М. Фасмер, Э.В. Севортян т.б. ғалымдардың этимологиялық сөздіктері бұл саладағы соны жаңалықтар еді. Ал Батыс Еуропа

ғалымдары шығарған этимологиялық сөздіктер тізбесі бұдан да көп екендігі даусыз мәселе.

Ал этимологиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы жайлы – «Теория и практика этимологических исследований» (М., 1985), «Теория и методика ономастических исследований» (М., 1986), «Проблемы этимологии тюркских языков» (А., 1990) жан-жақты қарастырылса, қазақ тіл білімінің этимологиясы Ә. Қайдаров, Ғ. Әнесов, қазақ ономастикасы бойынша А. Әбдірахмановтар өз көзқарастарын білдірді [1]. Ғ. Әнесовтың қазақ ономастикасының этимологиясын зерттеу жайлы: «Біздіңше, қазақ топырағында ономастика саласында этимологиялық ізденістердің практикалық жақтары (сөздіктер) көп алға озып, біршама табыстарға қол жеткенімен, теориялық тұрғыдан этимологиялық талдаудың нәтижелі принциптері мен тәсілдерін іздестіруде, саралауда көп артта қалушылық бар» [2] деуі өте орынды пікір. Сөздіктерде (екі тілдік, бір тілдік) жалқы есімдерді беру едәуір қолға алынғанмен олардың саны жалпы есімдерден тым аз, өте жұтаң боп келеді. Соңғы кездерде жарық көрген этимологиялық сөздіктерде жалқы есімдерді беруді қысқарту немесе мүлде енгізбеу мәселесі де сөз болғаны мәлім. М. Фасмердің «Этимологиялық сөздігінде» жалқы есімдердің барлық түрі: топоним, антропоним, теоним, мифонимдер қамтылған болса, В. Махтың «Чех және славяк тілдері этимологиялық сөздігінде» жалқы есімдер мүлдем қамтылмаған. Бұл жағдай қазақ тіл білімінде де бар құбылыс. «Абай тілі» сөздігінде жалқы есімдердің барлық түрі қабылданғанмен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (10 томдық) және «Қазақ тілінің сөздігінде» (бір томдық түсіндірме сөздік) жалқы есімдер тұтас қамтылмай, тек этнонимдер, космонимдер мен астронимдер ғана алынған. Айттылмыш жайт, жалқы есімдер ерекшелігін ескере отырып, этимологиялық зерттеуді жөнге келтіріп, реттеп жолға қоюды мегзейді.

Жалқы есімдердің қайсы түрін сөздікке беру, қайсысын қамту дегенді анықтау ісі де ерте кездегі этимологтар алдында тұрған күрделі мәселенің бірі болған. Ономастиканың түрлі салалары бойынша сөздіктер жасау, сөздіктерде атаулардың қара бастарын ғана көрсетіп қоймай, этимологиясын ашып түсіндіру, болмаса тарихи түрде сипаттап түсіндіруді орынды санау мәселесінің де жолға қойылғаны дұрыс болмақ. Бұл ретте жалқы есімдерді этимологиялық тұрғыдан талдап түсіндіру, жалпы есімдерге қарағанда олардың көптеген ерекшеліктерге ие екендігін анықтай түсудің де маңызы аса зор.

Жалқы есімдерді, олардың ішінде, топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің өзіндік сыр-сипатқа ие екендігі нақтылы жағдайлармен байланысты қаралуға тиіс. Бұл ерекшелік қасиет – жалпы есімдер мен жалқы есімдердің лексика-семантикалық дихтологиясына, яғни лексикалық жүйенің екі жақтылығына, атап айтқанда, лексикалық мәнді сөз (апеллятив) бен лексикалық мәнсіз сөз (оним) қатысына байланысты болып отырады.

Сөз туралы ілімде жалқы есім мен жалпы есімнің ара жігін ажырату принциптеріне аз мән берілген жоқ. Олардың өзара байланыс шегі мен межесін анықтаған теориялық пайымдаулар да аз емес. Жалқы есім бойында денотативтік мағынаның басым екендігі, оның есесіне сигнификат жоқтығы анық байқалады. Яғни атаудың бойында нақты заттық мағына жоқ деген пікірге бой ұру үрдісі көбірек сөз болады. Сондықтан да жалқы есімдер этимологиясын зерттеу жайында әр түрлі болжам, екіұдай пікір бары аян. Кейбір ғалымдардың пікірінше, этимологиялық зерттеу барысында әдістемелер жеткілікті десе, басқалары кешенді әдіс пен тәсіл тым қолайлы дегенді бетке ұстайды. Ал шынтуайтқа келгенде, жалқы есім этимологиясы, жалпы есімдер – апеллятив этимологиясынан, көбіне, ерекше айырмасы бар, ғылыми тұрғыдан қарағанда, өзіндік қасиетке ие келеді.

Жалқы есімдерді талдау барысында, олардың этимологиясын айту, айқындауда жалған, халықтық этимологияға бой ұру жайы ұшырасады. Түркі тілдеріндегі жалпы есімдер этимологиясын зерттеу туралы айтылған ой-пікірлер мен пайымдаулар да әр алуан. Бұл ретте В.В. Радлов, Е.Д. Поливанов, В.А. Гордлевский, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Б.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Э.В. Севортян, В.Г. Егоров, А.А. Юлдашев, Қ.Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов, Ә.Т. Қайдаров, А. Әбдірахманов пікірлері тіл мамандарына жыға танық.

Э.В. Севортяанның пайымдауы бойынша, этимологиялық зерттеудің негізгі мақсаты мен нәтижесі зерттеліп отырған сөздің бастапқы морфо-семантикалық құрамы мен құрылымын анықтау болып табылады. Олар: 1) белгілі бір сөздің не атаудың жасалуындағы айырмашылық белгісін анықтау; 2) сөз не атаудың ішкі мазмұнын яки семантикасын анықтау; 3) негіз сөздің (атаудың) түбір морфемасын анықтаумен тікелей байланысты екендігін көреміз [3]. Қазақ тіл білімінде этимологиялық зертеудің әдістері, белгі (критерия) мен зерттеу принциптері туралы айтқан акад. Ә.Т. Қайдар пікірлері мен ұстанымдары; салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық, семантикалық тәсілдер де зерттеу жұмыстарында басшылыққа алыну керек [1].

Діттей келгенде, этимологиялық зерттеу лексикалық жүйедегі апеллатив пен жалқы есімдерді адыратудан басталуы тиіс. Бұл бірден бір орынды да дұрыс мәселе болмақ. Өйткені этимологиялық ізденіс бағыты үшін ол аса қажетті де сенімді уәж болып саналады.

Алайда бұл жайында мүдделі ортақ пікір болмай, А.П. Дульзон мен Б.А. Серебренников арасында, жалқы есімдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу принциптері туралы талас ой-пікірдің орын алғаны бар.

А.П. Дульзон топонимдер этимологиясының негізгі принциптері: «Топонимдер әрқашанда тілдегі ерекше сөз табы болып саналатындықтан, оларды этимологиялық тұрғыдан зерттеудің басты шарты – топоним болған сөздің морфологиялық құрамын анықтап, мағынасын толық ашу болып есептеледі» [4] десе, Б.А. Серебренников: «Түрлі деректерді кешенді түрде сенімді қолданған этимология ғана нақты, сәтті деуге болады» деп түйеді [4].

А. Әбдірахманов бұл екі ғалымның айтысы төңірегінде туындаған өз пікірін айта келіп, екеуінің де «топонимдер тілдің ерекше бөлігі» деген ойларын қуаттай отырып Б.А. Серебренников пікіріне толық жүгінеді. Сөйтіп, топонимдердің жасалу және қалыптасу ерекшеліктерін этимологиялық зерттеулерде мұқият ескеру керек деп қорытады [1].

Тіл біліміндегі ономастиканың антропонимия, топонимия, космономия, астронимия, зоонимия, фитонимия, этнонимия салаларының этимологиясын зерттеудің әдістері мен тәсілдері туралы арнайы еңбектерде жан-жақты айтылған пікірлер бары белгілі.

Ономастиканың барлық салалары сөз ретінде тілге тікелей қатысты болғандықтан, оларды зерттеудің әдістері мен тәсілдері тұтастай алғанда, ортақ тәсілге бағынышты келеді. Яғни тіл білімінің лексиканы зерттеуде қолданатын әдістері мен тәсілдері ономастикалық этимология зерттеулерінде де дерлік, тұтас қолданыс табады. Атап айтқанда, лингвистикада кеңінен қолданылып жүрген негізгі әдістер ономастикалық зерттеуде дерлік қолданылады. Олар: 1) дескриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративный), тарихи-салғастырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық [5].

Алайда ономастикалық метариалдарды зерттеудің әдістері мен тәсілдері бірнеше бағытта болып, талдау тұрғысынан көп қырлы болатыны да белгілі. Олардың ішінде – этимологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, тұлғалық (форманттық) тал-

дау, статистикалық талдау, дифференциалдық-генетикалық талдаулардың орны бөлекше [6].

Б.А. Серебренников топонимдері этимологиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшелігіне тоқтала келіп: «Түркі тілдеріндегі топонимдер мен гидронимдердің жасалуында құрылымыдық типологияны ескеруді, атаудың құрамды бөлігі ретінде қай тілдегі сөздердің басым келетінін анықтау керек» дегенді айтады да фин-угор және түркі тілдерінің материалдарында жиі қолданылатын топонегіз (индикаторларды) (Мыс.: Шуваш тілінде *каса* «ауыл», *ял* «хутор», *э* және *ва* «өзен» мәніндегі коми-зырян) келтіреді [4]. Бұл сияқты әдістің топонимдер мен детерминативтерге, субстраттық топонимдер мен көне топонимдерге этимологиялық талдау жасағанда мәні арта түсері даусыз. Реликтік және субстраттық тілдердегі топо және ономонегіздерге сүйенген этимологиялық стратиграфияны пайдалану белгілі бір субстратты таралу шегін айқындап қана қоймай, кей ретте, оның құрамды бөліктерін анықтауға да септігін тигізеді.

Бұл ретте А.К. Матвеев Ресейдің Еуропалық бөлігінің түстік жағындағы топонимдердің форманттары: *-вара*, *-курья*, *-ламба*, *-лахта*, *-луда*, *-навна*, *-пермь*, *-салма*, *янга* т.б. салыстра отырып, оларды фин-угор тілдерінен енген *вара* «тау», *курья* «өзен бұғазы», *ламба* «кішкене көл», «көлшік», *луда* «су астындағы тас», *навна* «сыз жер», *янга* «саз» сөздері этимологиялық апеллативтер деп көрсетеді. Олай болса, статистикаға жүгіну немесе бастапқы апеллативті іздеу, этимологиялық зерттеудің бір жағы ғана деп дұрыс айтқан [7]. Бұл ретте Э.М. Мурзаевтың топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу жайлы мақалалары мен «Словарь народных географических терминов» атты еңбегіне [9] жүгінудің де жөні бар. Өйткені онда туыстас және туыстас емес тілдерге ортақ терминдердің шығу тегі тарихи-типологиялық тұрғыдан талданған. Сондай-ақ Иллич-Свитычтың «Опыт сравнения ностратических языков: сравнительный словарь»

(М., 1971) атты еңбегінің де этимологиялық зерттеу жұмыстарына тигізер пайдасы аса мол.

Жалқы есімдерді, оның ішінде топоним, антропоним, этнонимді этимологиялық тұрғыдан талдауда жалқы есім мен жалпы есімдерді этимологиялық тұрғыдан қарастырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін еркін қолдануға болады. Егерде жалпы есімнің (апеллятивтің) этимологиясын анықтаудағы ізденістің басты мақсаты этимон реконструкциясын анықтау әрекеті болса, жалқы есімдер этимологиясын талдау жайы мүлдем басқаша. Бұл ретте апелляция қана қарастырылып қоймай, тұтас бір тіркес, тіпті сөйлем талданылады. Бұның өзі ономастикондардың (топонимдердің де) жасалуы жағынан синтаксиске де қатысы бар екенін, белгілі дәрежеде семантикалық байланысқа да ие екенін байқатады. Бұл жайт бойынша кейбір тіл мамандарының топонимиялық жүйе мәтін құрамайды деуінің ақиқаттан алыстығын, ономастикалық материалдар, оның ішінде топонимдердің этимологиялық реконструкциясын анықтауда мәтін құрайтыны, көбіне топонимдер мен антропонимдердің етістік тұлғада келіп, қолданылу барысында қысқарып ықшамдалып отыруын (эллипсиялануы) айқын көреміз.

Этимология – тарихпен тығыз байланысты, диахронологиялық құбылыс. Сондықтан тарихи фонетикасыз және алуан түрлі атаулардың түбір тұлғасын анықтап алмайынша нақты нәтижеге ие болу мүмкін емес. Топоним, антропоним, этнонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс, тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық-морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау және де басқа амалдарды қолдану нақты нәтижелерге қол жеткізеді.

Қазақ топонимдерінің этимологиясын зерттеу барысында жалпы тіл білімінде, сондай-ақ түркітану мен қазақ тіл білімінде жарық көрген ғылыми-теориялық еңбектерге үнемі

